# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

13.12.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№48 (8162)



SAIASAT
«САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯ АЛҒАШҚЫ ЖЕМІСІН БЕРУДЕ» 2-бет

BELES
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА САЙ КЛИНИКА 3-бет

QOǴAM
ҰЛТТЫҢ НАМЫСЫН ҚОРҒАДЫ 5-бет

BILIM
ҰСТАЗЫ – ЖАҢАШЫЛ, ШӘКІРТІ – ТАЛАПТЫ 10-бет


16 ЖЕЛТОҚСАН –ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

# ТӘУ ЕТЕР ЖАЛҒЫЗ КИЕМІЗ

Толғанысымыздың тақырыбы – **Тәуелсіздік.**

Отыз жылға жуық уақыт бойы айта-айта, жаза-жаза келіп, осы ұғымның аясын тарылтып, мәнін қарапайымдатып та бара жатқандай көрінеміз кейде. Жер шарындағы құрлықтың алтыдан бір бөлігін алып жатқан Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы атты алып мемлекет ыдырағанда ел қатарлы егемендік алған едік қой, аяқ астынан тәуелсіз мемлекет атанған едік қой деп топшылай салатындар да табылады әлі күнге. Сондықтан сөз басында аздаған лирикалық емес шегініс жасап алғанды артық көрмей отырған жайымыз бар. **Мәселе ұғымдар жайында.**

Адамзаттың өмір сүруінің сан түрлі салаларында тәуелсіздіктің алуан-алуан анықтамасы бар. Өзіміз институтта оқыған жоғары математикада алгебралық тәуелсіздік өрістердің кеңею теориясын білдіреді, желілік тәуелсіздік желілік кеңістік элементтерінің жиынтығы толығуын танытады. Айналып келгенде олардың да түпкі мағынасы – кеңею, толығу. Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасында жүріп, философия ғылымдарының кандидаты дәрежесін алуға диссертация жазу барысында тәуелсіздік ұғымының соншалықты сан қырлылығына қайта-қайта назар аударуға тура келген еді. Халықаралық құқық тұрғысынан қарағанда мемлекеттің тәуелсіздігі оны басқа мемлекеттердің тәуелсіз деп тануын ғана білдіреді. Мәселенің саяси астары әлдеқайда терең. Саяси дербестік, бағыныышты болмаушылық, егемендік деп айтылатын тәуелсіздік өз елінің мақсатын, міндетін, оларға қол жеткізудің әдіс-тәсілдерін өзің айқындауыңнан, өзіңнің мәселелеріңді өзің шеше алуыңнан танылады. Ал бұл айтуға ғана оңай. Ең дамыған деген елдердің өзі осыған азаттық жолындағы соғыстар арқылы жеткені баршаға белгілі. Басқаларды былай қойғанда, қазіргі әлемнің ең қуатты мемлекеті Америка Құрама Штаттарының өзі кезінде Ұлыбританияның отары болғанын, 1775-1783 жылдардағы тәуелсіздік үшін соғыстың арқасында бостандық алғанын айту да жеткілікті шығар. Қанша жыл қырқысса да, сонша жыл соғысса да азаттық ала алмағандар аз ба? Аз емес. Ұзын саны бірнеше жүзден асып жығылатын ірілі-ұсақты халықтардың өз алдына мемлекет құра алғандары онша көп емес – **Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттер саны 193 қана.** Саны жағынан біздің қазақты сан орап кететін халықтардың арасында да әлі күнге бір жапырақ туын тігетін алақандай төбе таба алмай, жаны жаралы, қаны қаралы күйде жүргендері жетіп жатыр. Аты ғана тәуелсіз, ал заты тәуелді, яғни өзінің сыртқы саясатын да, ішкі саясатын да өзі белгілей алмай отырған елдер де табылады. Ағылшынның атақты қайраткері Бенджамин Дизраэлидің «Тәуелсіздік ала сала отар болудан қала салмайсың» деген зілді сөзі сондықтан айтылған. Бостандықтың бағасы солай. Солай болғандықтан да біз осындай мерейлі күнімізде абыз Әбіштің – кемеңгер Кекілбаевтың **«Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз киең»** деген сөзін тағы бір еске алмай тұра алмаймыз.



Бұл күннің мәні де, маңызы мен мағынасы да айрықша. Азаттық үшін арпалысқан ата-бабаларымыздың арманы 1991 жылдың 16 желтоқсанында Тәуелсіздік күні ретінде арайланды. Сол күні әлем көгінде **«Қазақстан Республикасы»** аталатын жаңа түрпатты мемлекеттің туы көтерілді.

Тәуелсіздікті алу, әрине, оңай болған жоқ. Ал Тәуелсіздікті орнықтыру одан да үлкен күшке түсті. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың орасан күш-жігері, терең ақыл-парасаты, сындарлы да салмақты саясаты және қазақстандықтардың бірлігі арқылы біз осы күнге жеттік.

Қазақ елінің Тұңғыш Президенті ретінде сайлаудан кейінгі ант беру рәсімінде сөйлеген сөзінде Нұрсұлтан Әбішұлы бұл күннің Қазақстан Республикасы тарихында ерекше орны бар екенін атап өткен еді. **Елбасы:** «Бүгінгі күн – қазақ елінің шежіресіне мәңгі енетін күн. Тарихтың талай бұралаң белесінен өтіп, бұл күнге де жетіп отырмыз. **Бәрін де көрген халықпыз, бәріне көнген халықпыз.** Ежелден еркіндікті аңсап, азаттықты көксеп келе жатқан еліміздің басына талай рет бақ та орнап, бағы да тайып, сағы да сынған, қилы кезең, зар заманға да талай ұшыраған.**Айқайлап жүріп, ашаршылыққа ұрынып, ұрандап жүріп ұлт мүддесін ұмытқанымыз да ақиқат.** Шүкір, кештеу болса да ес жиып, еңсе көтеріп, егеменді елдің туын да тіге бастадық» деген болатын.

Тұңғыш рет өз Президентін сайлағаннан кейін Қазақстан әлем алдында өз Тәуелсіздігін жариялады. Бұл – қазақ деген халықтың сан ғасырға жалғасқан асыл арманы еді. 300 жылдан астам бодандықта болған халықтың байырқалы бостандыққа, егемен елдікке, азат рухқа деген арпалысының нақты жемісі. Тәуелсіздіктің әр күні біз үшін мағыналы және маңызды.

**Тәуелсіздік – халықтың таңдауы. Тәуелсіздік – біздің ұлттық идеямыз!**

Қазақстан Республикасын құрудың басты қағидаттарын орнықтыру жолындағы жасампаз істің бәрі алтын әріппен жазылады.

Бүгінгі бақытты ұрпақ тәуелсіз мемлекетте, бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде өмір сүріп жатыр. Өз тағдырымызды өзіміз айқындап алдық. Енді жарқын болашағымызды өз қолымызбен жасаудамыз.

►►*4-бетте*

## *Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!*

Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен құттықтаймыз!

Тәуелсіздік құндылықтары әрқашан біріктіруші күш болып табылады. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мол саяси, адамгершілік, сондай-ақ, құндылықтар мұрасы бар. Оны нығайту жолында Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың маңызды рөл атқарғаны белгілі. Қазақстан қоғамының бүгінгі күні осы баға жетпес қазынаға ден қоюы аса маңызды.

Биылғы жыл Тәуелсіз Қазақстан үшін маңызды саяси оқиғамен ерекшеленді. Қазіргі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сайланды. Жүзеге асырылып жатқан президенттік саяси бағдарлама, оның ішінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының қалыптастырылуы, халықтың сенім деңгейін арттыру шаралары, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің шақырылуы мен оның қызмет жасауы бізге қоғамның одан әрі прогрессивті дамуына деген сенім ұялатады. Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр.

Осы жылы туған қаламыздың 65 жылдық мерейтойын атап өткен жезқазғандықтар еліміздің басты ұлттық мерекесін лайықты қарсы алуда. Айтулы күнге арналған мәдени-бұқаралық, спорттық іс-шаралармен қатар, мысты шаһарда жаңартылатын энергия көзін пайдалану бойынша инновациялық жоба қуаттылығы 10 мВт күн электр станциясы іске қосылады. Біз зор қуанышпен 38 көп балалы отбасыға пәтер кілттерін табыстаймыз. Бұл пәтерлер Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен арнайы көп балалы отбасылар үшін сатып алынған. Сөзсіз, жезқазғандықтардың, әсіресе, жастардың еңбектегі және шығармашылық жетістіктері мен оларға көрсетілетін мемлекеттік сый-сияпат пен табысталатын наградалар мерекенің сәнін келтірмек.

***Қымбатты жерлестер!*** Біз тек бірлік пен келісімнің арқасында ғана ең басты құндылығымыз – Отанымыздың Тәуелсіздігін және оның жетістіктерін сақтап қаламыз. Шынайы отансүйгіштік, сындарлы қоғамдық диалог еліміздің одан әрі өркендеуінің кепілі болып табылады!

Баршаңызды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен құттықтай отырып, сіздерге халқымызды қашанда алға жетелеген береке мен бірлік, ақыл мен парасат тілейміз! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бай-қуатты болуына тілектеспіз! Сіздердің әрқайсыңызды белсенді әрі пәрменді іс-әрекет жасау арқылы ортақ шаңырағымыз – Қазақстанның өркендеуіне үлес қосуға шақырамыз!

***Мереке құтты болсын!***

*Ізгі тілекпен,*

**Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ**

**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

# АҚЫН ЖЫРЛАРЫМЕН СУСЫНДАДЫ

**«Құрмет» белгісінің, «Парасат» орденінің, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Білім беру ісінің үздігі, қазақтың біртуар ақын қызы Фариза Оңғарсынова көзі тірі болса 5 желтоқсанда сексеннің сеңгірін бағындырар еді...**




Алғашқы еңбек жолын ауыл мектебінде мұғалім болып бастаған ол 1966-1968 жылдары Гурьев облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің партия тұрмысы бөлімінде әдеби қызметкер, 1968–1970 жылдары республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің Ақтөбе, Гурьев, Орал облыстары бойынша меншікті тілшісі, 1970-1978 жылдары республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») журналының бас редакторы, 1978-2000 жылдары «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») журналының бас редакторы, 2000-2004 жылдары ҚР Мәжілісінің депутаты қызметіне дейін көтеріліп, жетпіс төрт жасында келместің кемесіне мініп кеткен болатын.

Ақынның 80 жылдығына орай республикамыздың барлық өңірінде мерекелік бағдарламалар ұйымдастырылды. «Жүрегім – гүл, сәулелі таңды құшқан» тақырыбындағы әдеби-музыкалық кеш Жезқазған төрінде де ұйымдастырылды.

Фариза Оңғарсынованың өз дауысымен жазылған өлең оқып отырған сәтін бейнеленейтін бейнероликпен басталған кеш одан әрі қараңғы түн ішінде жаны тыныштық таппай, үстел үстінде ақ парағы мен қаламсабын құшақтап өлең жазып отырған жас Фаризаның өмір, өлең һәм махаббат жайлы жырларымен жалғасты. Одан әрі «Ұлытау қыздары» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Рақыш Нәшкенқызы Фариза жайлы естеліктерімен бөлісті. Ақынның туған күніне арналған әдемі кешке арнайы қатысқан Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі Ғалым Мұхамедин өнер сүйер қауымды сырлы әндерімен сусындатып, халық әндерінен көсілте шырқап, зор қошеметке ие болды.

– 2006 жылдары қазақтың басына біткен бақ жұлдызындай болған Фариза Оңғарсынова Жезқазғанға келіп, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің II оқу корпусында студенттермен кездесу өткізген болатын. Осы тұста ақын апамды күтіп алған мен:

Құлпырды дала қырмызы,
Келгенде ғажап бір қызы.
Алтындай Арқа жеріне,

Қош келдің, жырдың жұлдызы, – деп жыр шашуымды тарту етіп қарсы алған болатынмын. Сонда ерекше риза болған ол мені құшағына басып, ақ тілегін білдірген еді. Осы сәтте, жұрттың бәрі қатаң да қаһарлы көретін Фариза қыздың шын мәнінде жүрегінің нәзіктігіне таңқала куә болды, – деген филология ғылымдарының кандидаты, доцент Алмагүл Үмбетова да ақын жанды шәкірттерімен бірге Фаризаға арнаған жыр шумақтарын төгілтті. Шара Дәрігүл Алдажанованың ақынның сөзіне жазылған «Ұлытау» әнімен қорытындыланды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**


## «SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

*Құрметті оқырман!*

**Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу басталғанын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.**




**Газетке бір жылға жазылу бағасы**

*Жеке тұлғалар үшін*

**Мекен жайға жеткізіп беру – 4000 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;**

*Заңды тұлғалар үшін*

**Мекенжайға жеткізіп беру – 7000 теңге;**

**Редакциядан келіп алу – 6000 теңге.**

***Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:***

***8 7102 71 00 55, 77 50 25***

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСТЕРІ

# ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА САЙ КЛИНИКА

**«Жезқазған медициналық орталығы» ЖШС – Қазақстандағы қазіргі заманға сай клиникалардың бірі. Ең озық медициналық құрал-жабдықтармен жарақтандырылған диагностикалық емханасы, сырқат жандарды оңалту мүмкіндіктері жоғары ауруханасы бар бірегей емдеу мекемесінің орталықтан шалғай өңірде орын тебуін Тәуелсіз еліміздің жетістіктерінің бірі ретінде бағалауымыз керек. Бұл мекеме 2000 жылы 15 наурызда ашылып, халыққа қызмет көрсете бастағанымен оның өмірге келу тарихы әріде. Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 4 қаңтарда № 15 қаулысымен «Жезқазғантүстімет» акционерлік қоғамының 300 төсектік ауруханасы және күніне 800 адамды қабылдайтын емханасы бар Медициналық орталық құрылысын өз қаржысына салу жөніндегі бастамасы мақұлданған болатын. Алғашқы сәттен бастап емдеу орнының өскелең заман талабы деңгейінде болуы басты орынға қойылды. Соған орай тендерге Англия, Австрия, Франция және Оңтүстік Корея елдерінің фирмалары қатысып, түпкі нәтижеде «Samsung» фирмасы жеңіп алған еді. Құрылыс жұмыстарын түркиялық фирма жүргізген емдеу кешені барлық талаптарға сай сапалы салынды. Медорталық 2015 жылға дейін «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің құрылымдық бөлімшесі саналатын. Кейін, яғни 2015 жылы клиника жеке заңды тұлғаға айналып, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің сенімді басқаруына өтті. Бүгінде өз жұмыстарын үлкен ізденіспен дербес жүргізуде. Біз Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Жезқазған медициналық орталығының директоры-бас дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты Владимир Михайлович МОТОРЫКИНМЕН арнайы кездесіп, емдеу мекемесінің кейінгі жетістіктері жайлы әңгімелескен едік.**

Құрылыс жұмыстарының толық аяқталғанына биыл 22 жыл болса, медициналық орталық ретінде жұмыс істей бастағандарына 19 жыл болыпты. Медициналық жаңа мекеменің қалыптасып, даму жолына түсуінде бұл соншалықты көп мерзім емес. Дегенмен, осы жылдар ішінде айтарлықтай ауқымды істер атқарылды. Бүгінде Жезқазған аймағы халқы осы бірегей медорталықтың игілігін көріп отыр. Медицина орталығы Фрайбург қаласындағы университет клиникасымен көп жыл бойы тығыз байланыста жемісті қызмет істеп келеді. Олармен бірлескен көптеген жаңа жобалар жүзеге асты. Лапороскопиялық хирургия мен клиникалық кардиология мүмкіндіктері кеңейді, зертханалық зерттеулердің сапасы жоғарылады. Дәрігерлер Германияда мемлекеттік бағдарлама бойынша мамандануда. Сонымен қатар, халықаралық стандарттарға сай медициналық қызмет көрсетудің озық технологиялары енгізілуде. Жалпы бүгінде орталық алғашқы мед-санитарлық көмектен бастап жоғары технологиялық операцияларға дейінгі кең көлемді медициналық қызметті атқаруда.

Медорталықта дәрігерлердің біліктілігі мен заман талабына сай жетілдірілген аппаратураларды қолдана білуді ұштастыру сырқаттардың ауруын дәлдікпен анықтап, емдеу шараларын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Мәселен, сәулелік диагностикалық бөлімшесін алып қарар болсақ, халықаралық стандартқа сай ең жаңа үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Медорталықта кірісті. Бұған дейін Астанадағы травматология ұлттық орталығында жұмыс істеген өте тәжірибелі, мықты маман. Біз осы маманның көмегімен өндірістік және басқадай жарақат алған сырқаттарды оңалту мәселесін ойдағыдай шешудеміз. Травматология бөлімшесінің жұмысын жетілдіре түсудеміз.

Алдағы жылы біздің Германияның Фрайбург университеттік клиникасымен әріптестік орнатқанымызға 15 жыл толады. Енді міне, Оңтүстік Кореяның Ёнсе университеті клиникасымен де әріптестік байланысты сәтімен бастадық. Жыл сайын халықаралық стандарттарға сай медициналық қызмет көрсетудің озық технологиялары енгізілуде. Алдағы 2020 жылы Сеул университеті клиникасымен үлкен жобаларды қолға алуды ойластырып отырмыз. Медициналық орталықтың құрамында бүгінде Сәтбаевтың отбасылық денсаулық орталығы, Балқаш қаласындағы емхана бар. Жатып емделетін 13 бөлімше жұмыс істеуде. Сонымен қоса, үш қалада күндіз келіп емделетін 4 бөлімше бар. Қазір жыл аяғы жақын қалды. Біз жұмысымызды қорытындылай отырып, алдағы межелерімізді де айқындау үстіндеміз. Алдағы жылы жатып емделетін қанша төсек болады, қандай жаңалықтар енгіземіз. Жыл басында айқындалатын осы шаруаларды ойластырудамыз. Ақылы қызметпен қатар мемлекеттік тапсырыс бойынша да жұмыс істеудеміз. Дегенмен, жатып емделуге тілек білдірушілердің барлығын толық қамтуға мемлекеттік тапсырысқа бөлінген қаржы көлемі жете бермейді. Бүгінде мемлекеттік тапсырыс қаржысын біз кардиологияға





неміс мамандарымен бірлесе жұмыс істеу нәтижесінде елімізде тұңғыш рет инвазивті емес зерттеу әдісі болып табылатын жүректің КТ-зерттеуі жүргізіле бастады. Ал, функциялық диагностика және эндоскопия бөлімшесі «Olympus», «Siemens Sono-line», «Acuson Seguola» сияқты әлемдегі жетекші өндірушілер шығарған осы заманғы ең соңғы үлгідегі медициналық құралдармен жабдықталған. Мұнда эндоскопиялық және ультрадыбыстық зерттеулер кешенді жүргізіледі.

Үстіміздегі жылғы жетістіктердің бірі Сеул қаласының Ёнсе университеті клиникасымен әріптестік байланыс орнатылды. Бұл «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-і және Оңтүстік кореялық Ёнсе университетінің «Северанс» госпиталі мен «Severance-KZ халықаралық медициналық қоры» жалпы қоры басшыларының меморандумға қол қоюының арқасында мүмкін болды. Әріптестік нәтижесінде медорталықтың бір дәрігері Л.Ю.Угай Кореяға барып бір айлық тәжірибе шыңдаудан өтіп келіпті. Алдағы уақытта Ёнсе университетінің бағдарламасы бойынша ұсынылатын медицинадағы озық технологияларды енгізу көзделіп отырған көрінеді. Жалпы бүгінде орталық алғашқы мед-санитарлық көмектен бастап жоғары технологиялық операцияларға дейінгі кең көлемді медициналық қызметті атқарып отыр. Кейінгі уақыттағы үлкен бір жетістік – интервенциялық кардиология, коронография, стенттеу тәсілдерін енгізу арқылы жүрекке ота жасап, емдеу қолға алынды.

– Қазіргі медицина озық технологияларды енгізу арқылы өте интенсивті түрде дамуда. Соған орай, біз де медициналық орталықтың ұдайы даму жолында болуына күш салудамыз. Үстіміздегі жыл біз үшін айтарлықтай маңызды болды. Біздің орталықта интервенциялық кардиология толықтай жолға қойылды. Бұл жаңа жүйеге 2018 жылдың мамыр айында мемлекеттік және жекеменшіктік әріптестіктің арқасында қол жеткен болатын. «Қазақмыс» қолдау көрсетті, мемлекет емдеу ақысын төлейді. Жүрек қантамырлары бітеліп қалған жағдайда екі-үш сағаттың ішінде жедел шара жасау қажеттігі белгілі. Осыған орай жүрек талмасы жағдайында науқас бізге жеткізіліп, кардиологиялық шұғыл емдеу шаралары біліктілікпен жүргізіледі. Бір жылдың ішінде жүрек талмасымен түскен 350 сырқатқа интервенциялық кардиология арқылы шұғыл медициналық көмек көрсетіліп, барлық операциялар ойдағыдай өтті. Сондай-ақ, 130 науқасқа стент қойылды. Интервенциялық кардиология – жүрек ауруларына шұғыл көмекті қамтамасыз етудегі ең жетілдірілген медициналық шара. GE INOVA 530 компаниясының ангиографиялық қондырғысының орнатылуы жүрек пен шеткергі қан-тамырларының барлығына ангиографиялық амалдар жасауға мүмкіндіктер беруде. Дәрігерлеріміз Новосібір Мемлекеттік медуниверситеті мен Қарағандыдағы облыстық кардиохирургиялық орталықта маманданып келді. Қондырғы негізінде 40 мың тұрғыны бар жерге есептелген. Біздің Жезқазған, Сәтбаев қалаларының тұрғындарын есептесек, осындай 4 қондырғы қажет екен. Оны болашақта шешу жолдарын қарастырамыз. Ал, бүгінде қондырғы жабдықтарымен тәулігіне 24 сағат жұмыс істеуге тура келуде. Хирургия жөніндегі орынбасарым, жетекші білгір маман, кардиология бөлімінің меңгерушісі Бекболат Советқалиұлы Шаймағанбетовтің бұл істегі еңбегі өте зор. Тағы бір жетістігіміз травматология бөлімшесінде күрделі жарақаттар мен сынықтарға ота жасап, нейрохирургиялық шараларды қоса атқаруға қол жеткізілді. Ол жоғары санатты дәрігер Жан Берікұлы Мұбараковтың осы бөлімшеге меңгеруші болып келуінің нәтижесі десе болады. Ол «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС басшылығының шақыртуымен үстіміздегі жылдың 1 маусымында келіп жұмысқа көбірек бағыттаудамыз. Осыған орай, мемлекеттік тапсырыс көлемін әлі де болса арттыра түсу қажеттігі сезілуде. Алдағы 2020 жылдан бастап енгізілетін міндетті медициналық сақтандыруға көп үміт артып отырмыз, – деп түйіндеді әңгімесін Медициналық орталықтың басшысы В.М.Моторыкин.

Иә, медицина үнемі жетілдіріп отыруды қажет ететін сала. Уақыт ағыны да жаңа технологияларды енгізуді, жаңаша зерттеп-емдеу тәсілдеріне сүйенуді талап етуде. Бұл тұрғыда Жезқазған медициналық орталығының жұмысы аймақ тұрғындарының көңілінен шығып отырғаны анық. Оның айқын дәлелі ретінде өткен жылы тұрғындардың 37 мыңы осы орталықтың емханасына тіркелсе, осыдан бір ай бұрын аяқталған емдеу мекемесін таңдау барысында бұл көрсеткіш 41500 адамға жеткенін айтуға болады. Бұл – халықтың үлкен сенімі, әрі емдеу мекемесі ұжымына жүктелер салмақты міндет. Қазіргі заман талабына сай жабдықталып, озық елдердің тәжірибелерін енгізуге кеңінен жол ашып отырған клиникалық емдеу орталығы жаңа міндет жүгін абыроймен атқаратындығына кәміл сенімді.

**Амандық РАХҰЛЫ**

# Жезқазған – Бейнеу: ӨҢІР ӨМІРІ ЖАНДАНДЫ

**Ел Тәуелсіздігінің арқасында жүзеге асырылып жатқан асқаралы асулар жайлы айтқан кезде Ұлы Жібек жолын жаңғыртып, Шығыс пен Батысты жалғастырған Жезқазған-Бейнеу теміржолы туралы ауызға алмау мүмкін емес. Елбасының тікелей тапсырмасы бойынша қолға алынған ауқымды жобаның іске асып, өмір шындығына айналғанына биыл 5 жыл толып отыр. Бұл – бұрын теміржол тұйығында қалған қала саналатын Жезқазғанның 65 жылдық тарихындағы айтулы оқиға. Осы өткен 5 жылдың ішінде жапан даланы жаңғыртқан жаңа жолдың бойындағы өңір жанданып, тіршілік қайнай түсуде. Ғасыр жолының өңірімізге келуі туралы бұған дейін де талай мәрте жазылғаны белгілі. Алайда, Тәуелсіздігіміздің мерейлі мерекесі мен қаланың 65 жылдық асуының аясында осы ұлы жоба жайлы тағы да еске алудың жөні бөлек.**





Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың кенді өңірге 2014 жылғы тамыз айындағы жұмыс сапары кезінде өз қолымен Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл теміржолдарын іске қосуы жалғыз осы аймақ емес, ел өміріндегі айтулы оқиға болғаны белгілі. «Еліміздің экономикасы ілгерілеп, 500 миллиард теңге ақша бөлетін жағдайға жеткеннен кейін осындай 1200 шақырымдық теміржол салынып отыр. Бұл – айта салуға ғана оңай. Ал, маңызына келсек, 50-100 жылда пайдаланатын игілігіміз», – дей келіп, Елбасы Арқа төсін көктеп өтетін магистраль Каспий арқылы Таяу Шығыс елдеріне, Кавказбен Еуропаға асуға, ал, шығыста Ляньюньган порты арқылы Тынық мұхитқа шығуға мүмкіндік беретін ежелгі Жібек жолының жаңартылуына балаған болатын. «Ғасыр жолы» деген жарастықты теңеуді де Елбасы атап айтқан еді. Жаңа желі содан бергі бес жылдың ішінде Жезқазған – Ұлытау өңірі мен еліміздің батыс аймағына соны леп әкелді. Біздің еліміз Ақтаудағы теңіз портын жаңарту арқылы 2020 жылы оның жүк айналымын 25 млн. тоннаға жеткізуді көздеуде. Міне, осы тасымалдың елеулі бөлігі Бейнеу теміржолы арқылы жүзеге асатын болады. Қытайдың Батысқа жөнелтетін транзиттік жүктері де Ақтауға осы жолмен жеткізіледі. Одан әрі Ұлы Жібек жолының бұл бағыты салынып жатқан Баку-Тбилиси – Карс теміржолымен жалғасып, Түркия арқылы Еуропа елдеріне жол тартады. Сарапшылардың пікірінше, бұл жол жүк тасымалын 30 күннен 7-9 күнге дейін қысқартады екен. Ал, Түркменстан арқылы Иран мен Парсы шығанағы елдеріне шығудың да бастауында Жезқазған – Бейнеу жолы тұрғанын ел біледі. Бұл енді еліміздің сыртқы елдермен байланысы мен экспорттық әлеуетін күшейтуге қатысты қадамдар болса, Арқа төсін көктей өткен Жібек жолының мысты өлкемен қатар Сыр мен Батыс өңірлеріндегі мекендерге де жаңа леп, қайнаған тіршілік әкелгенін атап айту керек.

Шығыс пен Батысты жалғаған 988 шақырымдық Жезқазған – Бейнеу болат жолының бойында 18 станса мен 39 разъезд іске қосылды. Жапандағы дала жанданып, елді-мекендердің тамырына қан жүгірді. Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау және Ақтөбе облыстары арқылы тікелей Каспий теңізіне шығатын жаңа жолдың 142 шақырымы Маңғыстау облысын басып өтсе, басым бөлігі біздің аймақта. Жезқазғаннан Сексеуілге бет түзеген болат жолдың 374 шақырымы облысымызға тиесілі аумақтан өтеді. Жезқазғанға қатысты бөлігінде Қарсақбай, Байқоңыр, Көктал, Қоскөл стансалары бой көтеріп, 18 жолайрық бекеттері салынды. Ол жерлерде өндірістік нысандар, теміржолшылар үшін тұрғын үйлер бой көтеріп, пайдалануға берілді. Өңір тұрғындары жаңа жұмыс орындарымен қамтылды. Бізге қатысты теміржол телімдерінде 400 теміржолшы еңбек етуде. Қоскөл, Көктал, Байқоңыр, Қарсақбай стансаларының барлығында 50 жолаушыға арналған жаңа вокзал ғимараттары, екі пәтерлік 8 тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Қоскөл стансасында өрт сөндіру депосы, локомотив машинистерінің үйі, шеберхана, кәріз жүйесі салынды. Жезқазғанда теміржолшыларға арналған 30 пәтерлік 15 үй салынды.

Жезқазған – Бейнеу жолымен қазірде тәулігіне 19-20 транзитті жүк пойызы жүріп жатыр. Мәселен, Құлсары мұнайы Қытайға қарай жол тартса, «Арселор Миттал» компаниясының болат қаңылтырлары Иранға жөнелтілуде. Болашақта ашық вагон болмайды, логистиканың талабы контейнерлік тасымалдауға көшуді көздеуде. Осыған орай контейнерлік пойыздар көбейді. Осыдан екі жыл бұрын «Экспо» халықаралық көрмесі кезінде осы жол арқылы Душанбе-Астана жолаушылар пойызы қатынап, тәжік елімен байланыс орнағаны да есімізде. Өткен жылдан бері Қызылорда – Нұр-Сұлтан бағытындағы жолаушылар пойызы күнара жүріп, барыс-келіс жиілей түсуде. Алдағы уақытта басқа да бағыттар ашылады деген ел үміті бар. Теміржолдың жүк және жолаушылар тасымалдау пойыздарын өткізу мүмкіндігін одан әрі арттыру бағытындағы жоспарлы жұмыстар әлі де жалғасу үстінде. Рельс табанындағы ағаш шпалдар бетонға айырбасталды. Жолдың беріктігі мен өткізу мүмкіндігі толықтай қамтамасыз етілген соң локомотивтердің жүру жылдамдығы артты. Өткен жылы батысты бетке алған 2201 жүк пойызы, 88560 вагон жөнелтілсе, биыл бұл көрсеткіш одан да арта түсуде.

Болашақта Бейнеу жолы арқылы жылына 21-22 млн. тонна жүк тасымалданады деп жоспарлануда. Ел арманы жүзеге асып тұйықтан шыққан Жезқазған-Ұлытау өңірі енді еңселене түсіп, тоғыз жолдың торабында түлеген құстай еркін тыныстауда. Болат жолдың бойындағы тіршілік күн сайын қайнай түсуде. Барша жұрт бүгінде теміржолдың өмір жолына айналғанына қуанышты.

**Амандық РАХҰЛЫ**

*Суреттерде:* **Қоскөлдегі жаңа вокзал және Бейнеуге бет алған пойыз.**

# 16 ЖЕЛТОҚСАН –ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

**Күн тәртібіне Тәуелсіздікті ұстап тұру, сақтау және дамыту шықты.** Бұл бізді бұрынғыдан да бір болуға, мықты болуға, жігерлі болуға шақырады. **Елбасы ретінде Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздігімізді теңселтпей, Егемендігімізді еңкейтпей, Азаттығымызды аласартпай 30 жыл ел басқарды.**

Біздің біртұтас халқымыз бар. Бізді қасиетті жеріміздегі ортақ құндылықтар біріктіреді: **бейбітшілік, игілік, өркендеу, әділдік және баршаға ортақ тең мүмкіндіктер.** Мұның бәрі – Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен тәуелсіздік жылдары қол жеткізген баға жетпес құндылықтарымыз.

Біздің ұлы тарихи жолымыз бар. Біз бүгінде қуатты, егемен, еркін елде өмір сүріп жатырмыз. Сақтайтын, ардақтайтын дүниеміз бар. **Тәуелсіздік деген ең қымбат құндылығымыз бар.** Сондықтан біз қашанда алға, баянды болашаққа нық сеніммен қараймыз.

Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық өлшемде шексіз жауапкершілік жүгін артты. Біз **тағдыр таңдауын** қабыл алдық. Берекелі бірлігіміз бен еселі еңбегіміз арқылы тарих сынағынан сүрінбей өтіп келеміз.

Тәуелсіздіктің мызғымас тұғыры бекітілді. Мәңгілік Ел болуға бет бұрдық. **Тәуелсіздік күні – баршамыз үшін, күллі қазақстандықтар үшін ұлы мереке.**

Тәуелсіз Қазақстанның дүниеге келуінің ұлы шежіресі бірқатар тарихи кезеңнен тұрады: **1990 жылдың сәуірі** – Республика Президенті лауазымын тағайындау, **1990 жылдың қазаны** – Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация, **1991 жылдың тамызы** – Семей ядролық сынақ полигонының жабылуы және Республикалық егемен алтын-валюта қорын құру, **1991 жылдың желтоқсаны** – алғашқы бүкілхалықтық президенттік сайлау, біздің мемлекетіміздің жаңа атауы туралы шешім қабылдау, **16 желтоқсан** – «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңды қабылдау, **1993 жылдың 15 қарашасы** – өзіміздің ұлттық валютаны және қаржы жүйесін енгізу.

**1991 жылдың 17 желтоқсанында** Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сонда сөйлеген сөзінде: «Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. **Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді.** Әсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін», деді.

Халқымыз өз мемлекеттігін, шынайы тарихы мен мәдениетін қайта түлетуге ерекше жігер, үлкен құлшыныспен кірісті.

Елдің ішкі және сыртқы саясатын, өзіміз бұрын өмір сүрген қоғамнан түбірінен өзгеше жаңа, демократиялық қоғам құру принциптерін дербес айқындады.

Иә, қысқа мерзім ішінде Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселенің түйіні тарқатылды. Саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салаларға қажетті реформалар жүргізілді.

**1991 жылдың 29 тамызында** Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Семей полигонын жабу туралы Жарлық шығарды. Осылайша қазақ елі атом бомбасынан түбегейлі бас тартып, әлемге бейбітсүйгіш ел екенін жариялады.

Бүгінде тап сол бір шешуші сәтте Нұрсұлтан Әбішұлының әрі тапқыр, әрі ұтқыр шешім қабылдай білгенін әлем мойындап отыр.

Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды.

**1991 жылы желтоқсанда** Алматыда ТМД-ны құру туралы Келісім хаттамасына қол қойылды. Бұл келісім ТМД құрамына кіретін барлық мемлекеттің тарихында **«Алматы декларациясы»** деген атпен қалды.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап республиканың саяси басшылығы азаматтардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуге айрықша назар аударды.

Елімізде Президент қызметінің енгізілуі қоғамдық-саяси өмірде терең реформалар жүргізуге мүмкіндік берді. **«Басшымыз – біреу, қалғанымыз тіреу»** деген қазақы қағидаттың пайдасы зор болды.

**Қазақстанда 1996 жылдың 30 қаңтарынан бастап** екі палаталы парламент жұмыс жасап келеді.

Ел азаматтары экономикалық еркіндіктің арқасында меншік иелеріне айналды.

**1993 жылы 15 қарашада** Ұлттық валюта – теңге айналымға шықты. Сол сәттен бастап халықтың жаңа тиімді тұрмысын қалыптастыру жолындағы күрделі реформалар өте сәтті жүзеге асырылды.

Мұндай орасан өзгеріс оңайшылықпен келген жоқ.

Жетпіс жылдан астам қалыптасқан сананы, дүниетанымды өзгерту де оңайға соқпады.

Жекешелендіру ісі экономикалық қайта құру жолындағы алғашқы батыл қадам болды. Сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыруға және елді дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне енгізуге бағытталған сыртқы экономикалық қызмет реформасы табысты жүргізілді.

Соның арқасында **Тәуелсіздік жылдары елімізге 300 миллиард доллар көлемінде тікелей инвестиция тартылды. Резервтік актив 86 миллиард доллар деңгейіне жетті.** Бұл мүмкін болатын экономикалық сын-қатер мен сыртқы келеңсіз құбылыстарды төмендетудің нақты кепілі.

**Елімізде кедейшілік деңгейі 10 есе төмендеді. 12,5 мың километр автомагистраль мен 2,5 мың километр темір жол салынды.**

Экономиканың салалық құрылымдарын әр-тараптандыру үрдісі жүріп жатыр. Соңғы 10 жылда еліміздің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша **1250 жаңа кәсіпорын құрылып, 300 мың жұмыс орны ашылды.** Қазақстан экспортының ауқымы 100 елді қамтиды. Үшінші бесжылдық шеңберінде бәсекеге қабілетті бірнеше технологиялық сала қалыптасады.

**Біздің мақтанышымыз және мемлекеттігіміздің символы саналатын Нұр-Сұлтан қаласы халықаралық бастамалар мен инвестициялық белсенділік орталығына айналды.**

Қазақ мемлекеті өркендеуде өзінің өрісті жолын тапты. Әлемдік өркениетке өз үлесін қоса бастады.

Қуатты саяси, экономикалық, әлеуметтік және демократиялық қайта құрулар өз жемісін берді.

Біз саяси тұрақтылықты сақтап қана қоймай, сонымен бірге оны нығайта түсуге және өзіміздің қазақстандық ұлтаралық келісім үлгісін жасауға қол жеткіздік.

Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық келісімге қол жеткізудің тиімді жолын қалыптастырды. Біздің еліміз этносаралық жанжалдарды қазір де, болашақта да болдырмауға болатынын бүкіл әлемге сенімді түрде дәлелдеді.

Қазақстан Республикасындағы ұлт саясатының бағдарламасы саяси тұрақтылықтың кепілі болып қала бермек.

Барлық қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз ету үшін әділеттік қағидасы мен ұлтаралық татулық үрдісін қалыптастыру маңызды.

**Әрбір азамат Қазақстан менің Отаным, менің елім деген ұғымның маңайына топтасуы керек.**

Болашақта еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 мемлекеттің қатарынан орын алатынына барлық қазақстандықтар күмәнсіз сенеді.

Осындай секіріс жасау үшін барлық қоғамдық ресурстарды топтастыру мен жұмылдыруға тура келеді.

Қазақстан ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып ұзақ мерзімге арналған **стратегиялық даму жоспарын** таңдап алған елдің бірі болды.

Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен көршілес елдермен екі арадағы шекараны дәйектілікпен бекітті. Біртұтас Қазақстан Республикасының **мемлекеттік шекарасы белгіленді.**

Елімізде индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы қарқынды түрде жүзеге асырылып жатыр.

Табысты жүргізілген сыртқы саясаттағы жетістіктердің арқасында Қазақстан Республикасы БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ИКҰ секілді **беделді халықаралық ұйымдардың салмақты мүшесіне айналды.**

2010 жылы Қазақстан **Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына табысты төрағалық жасады.** Ұйымның он жылға жуық уақыттан бері шақырылмай жүрген саммитін өткізіп берді.

**56 мемлекеттің басшысы елордамызда бас қосып, Астана доктринасын бірауыздан қабылдады.** Мұндай тарихи маңызы зор оқиға қазақ дипломатиясының сыртқы саясаттағы табысты еңбегінің нәтижесі.

Бұл тұрғыда Қазақ елінің Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелігі айрықша маңызды еді. Ұйымға мүше болғалы Қазақстан әлемдік деңгейдегі оннан астам сындарлы ұсыныс жасады. Оның қатарында ядролық қарусыз әлем, Арал мәселесі тағы басқа ең өзекті мәселелер бар. Сонымен қатар Мемлекет басшысының «Әлем. XXI ғасыр» манифесі БҰҰ басшылығына жіберілді.




**2018 жылы 19 қаңтарда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің «Жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау: сенім шаралары» атты отырысы өтті. Осы жиында сөз сөйлеген Елбасы баяндамасын қазақ тілінде жасады.**

Әлемге тарыдай шашыраған қазақ халқының басын бір шаңырақ астына тоқайластырып, бір арнаға тоғыстыруда Нұрсұлтан Назарбаевтың орны ерекше.

Қазақ елі Тәуелсіздігін алған алғашқы күннен бастап, шеттегі қандастарды тарихи отанына шақырып, құшағын айқара ашты.

Дүние жүзі қазақтарының құрылтайларында шетте жүрген 5 миллион қазақтың тағдыры жайлы сөз болды. **Қарашаңыраққа оралған бір миллионнан астам қандастың** ел қатарлы өмір сүруіне қатысты мәселелер талқыға түсті. Осы құрылтай негізінде Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы, «Отандастар» қоры сияқты іргелі ұйымдар құрылып, алыс-жақындағы ағайынның игілігі үшін қызмет етіп келеді.

**Қазақстан – президенттік басқару жүйесіндегі мемлекет. Ел өмірінде қос палаталы парламенттің де алар орны ерекше.** Кейінгі кезде Парламент палаталарының Үкімет қызметіне бақылау жасаушылық рөлі анағұрлым артып келеді. Құқықтық мемлекетті орнықтыра түсу бағытында орасан жұмыс атқарылды.

**2003 жылы 23-24 қыркүйек аралығында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының алғашқы съезі тікелей Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Астана қаласында өтті.** Оның жұмысына ислам, христиандық, иудаизм, синтоизм, индуизм және буддизмнің мейлінше беделді өкілдері қатысты.

Әдетте бір-бірінің мешіті, пұтханасы, шіркеуіне бас сұқпайтын дін көшбасшылары Астанадағы бейбітшілік және келісім сарайында бетпе-бет отырып, әлемдік діни ахуалды талқылады. Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі халықаралық диалог алаңына айналды.

2003 жылғы 16 наурыздағы Жолдауында Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің ең басты қазынасы – мәдени мұраларымызды түгендеу мақсатында **«Мәдени мұра»** бағдарламасын жасауды тапсырды. Бұл 14 жылдан кейін өмірге келген **«Рухани жаңғыру»** бағдарламасының алғышарты болатын.

Бүгінде бастауын **«Мәдени мұра»** бағдарламасынан алған көптеген игі іс Елбасының **«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры»** атты бағдарламалық мақалаларының желісімен жүзеге асып жатыр.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ елінің тізгінін ұстаған 30 жылда қазақты қанаттандырған, рухын оятқан, жасампаздыққа жігерлендірген осы қос бағдарлама деуімізге әбден болады. Өйткені қазақ халқы қашанда рухани құндылықты бәрінен жоғары бағалаған халық. Елбасы рухани жаңғырусыз жетістік атаулы жартыкеш шара болып қалатынын тап басты.

Астана және Алматы қалаларында қатар өткен Азияның айтулы додасы еліміздің тарихында айтарлықтай рөлі бар оқиғалар. **VII Қысқы Азиадаға әлемнің 27 елінен мыңнан астам спортшы қатысты.**

**Қазақ хандығының 550 жылдығы кең көлемде атап өтілді.**

Бұл елдік рухты көтеріп, өткен тарихымызға деген мақтаныш сезімін оятты.

Осы мерейтой негізінде еліміз бойынша қыруар істер атқарылып, көптеген тарихи жәдігер түгенделді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесін басқару Қазақстан тәрізді жас мемлекеттің әлем алдындағы абыройын асқақтатты. 2017 жылы Кеңеске тұрақты емес мүше болып тіркелген Қазақстан өз тарихында алғаш рет БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесін басқаруға мүмкіндік алды. Бұл міндетті абыроймен атқарды.

**«Біздің еліміздің бүкіләлемдік ЭКСПО-2017 көрмесін Астанада өткізу жөніндегі күресте айқын басымдықпен жеңіске жетуі Қазақстанның экономикалық қуатын жаһандық танудың көрінісі».** Бұл – Нұрсұлтан Назарбаевтың өз сөзі. Елбасы 2017 жылдың ең басты оқиғасына айналған ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің бар келбетін осындай бір сөйлеммен толық ашып берді.

Өтіп бара жатқан 2019 жыл біздің өмірімізде өте маңызды, өзекті жыл ретінде есте қалады.

**2019 жылы 19 наурыз күні Қазақстан Республикасында билік Конституцияға сәйкес түрде ауысты.** Бұл 30 жыл жалғасқан сарабдал саясаттың түйінді тұсы, тұрлаулы сәті болатын. Ол сабақтастық, тұрақтылық пен даму жағдайында билік транзиті жасалды.

**Бүкілхалықтық сайлау өтті, ел Президенті болып Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сайланды.** Мемлекет басшысы сайлауалды бағдарламасында, ел халқына Жолдауында Қазақстанның таяу жылдардағы даму бағыттарын белгілеп, міндеттерді шешудің жолдарын көрсетіп берді.

Макроэкономикалық даму динамикасындағы оң тенденция сақталуда.

Бұйырса, биыл ішкі жалпы өнімнің өсуі 4,3 пайыз болады. Инфляция деңгейі де 5,3 пайыз деңгейінде сақталады деп күтілуде. Халықтың нақты табысы 6,7 пайызға өсті, ал инвестицияның өсуі 9,7 пайызды құрады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев **«Халық үніне құлақ асатын мемлекет»** тұжырымдамасының мақсаты мен міндеттерін айқындап берді.

Қоғамдық диалог формаларының қағидаттары іске қосылды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Соның шеңберінде еліміздегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңғыртулардың кешенді шаралары айқындалуда.

Биылғы жарияланған **Жастар жылы** бұл тараптағы бастамалар мен жобаларды жүзеге асыруға жол ашты. **Президенттік кадрлар резервін қалыптастырудамыз.**

Ата Заңымызда атап көрсетілген әлеуметтік бағдарланған мемлекет талаптары күнделікті өмірден көрініс тауып жатыр.

Көп балалы аналарды әлеуметтік жағынан қолдау, табысы төмен отбасылардың несие жүктемесін азайту бағытында бұрын-соңды болмаған шаралар жасалды.

Мұғалімдердің еңбекақысын біртіндеп өсіру кестесі белгіленді. Ұстаз мәртебесі туралы Заң қабылданғалы жатыр.

Елдегі тұрғын үй бағдарламасы елеулі түрде кеңейтілді.

Еліміздің сыртқы саясатының барлық параметрі бойынша сапалық жаңару жұмыстары жүргізілді. Өркениет үлгісі саналатын Еуропа елдерінде жаңадан 6 елшілік ашылды.

Арыс қаласындағы апатты бүкілхалықтық қайғы ретінде қабылдап, қиын шақта бірліктің үлгісін көрсеттік. Қала қысқа мерзім ішінде қалпына келтірілді.

Ұлы Абайдың **«Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме»** деген сөзін ұстанып, бір-бірімізді қолтықтан демедік, жылы сөзбен жебедік. Бір сөзбен айтқанда, **ұлт болып ұйысудың үлгісін көрсете білдік.**

**Аз ғана уақыттан кейін біз 2020 жылдың табалдырығын аттаймыз.**

Бізді Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы бойынша Жалпыұлттық жоспар шараларын жүзеге асырудың қат-қабат шаруалары күтіп тұр.

**Волонтерлер жылы** шеңберінде біздің қоғамдағы осы бір маңызды тірлікке толыққанды серпін беру жүзеге асырылады.

Әлеуметтік-экономикалық жүйелердің жаңа компоненттері – медициналық сақтандыру, жоғары оқу орындарын акционерлендіру енгізіледі.

Ұстаз мәртебесі туралы Заң қабылданады.

Ел экономикасы дамудың жаңа сатысына көтерілуі тиіс. Бұл еңбек өнімділігін 1,7 пайызға өсірумен тікелей байланысты.

Инвестиция көлемі ішкі жалпы өнімнің 30 пайыз деңгейінде болуы тиіс.

**Үкіметтің алдына 2022 жылға қарай шикізаттық емес экспорт өсімін 1,5 есе, 2025 жылы 2 есе өсіру міндеті қойылды.**

Алдағы жыл бірнеше ірі тарихи дата белгісімен өтеді.

**Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75 жылдығы, Ұлық ұлыс (Алтын Орда) – Жошы Ұлысының 750 жылдығы, Қазақ автономиясының құрылғанына 100 жыл секілді шаралардың Жалпыұлттық кешенді шаралары бекітілді.**

Осы ретте **«Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Рухани жаңғыру»** ұлттық бағдарламаларын жүзеге асырудағы баға жетпес тәжірибелерді аталған тарихи даталарды атап өтуде тиімді пайдалану қажет. Осынау рухани, әлеуметтік мәні зор шараларды өткізуге қазақстандықтардың бәрі белсенді түрде атсалысады деп сенеміз.

**Екі жылдан кейін біз ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтетін боламыз.**

Осыған байланысты өткен жолымызға терең үңіліп, барлығын бағамдауға және алдағы дамуымыздың негізгі бағыттары мен жаңа міндеттерін анықтауға мүмкіндік туады.

Сол себептен жаһандық жалпыәлемдік трендтер мен қоғамдық-саяси дамудың ішкі аспектілерін ескере отырып, ұлттық дамуымыздың тиімді қағидаттарын әзірлеу ісін жалғастыру қажет деген ойдамыз.

Бұл бәрінен бұрын қоғам өміріндегі даму басымдықтарын айқындау ісіне тіреледі.

Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында саяси реформалардан бұрын экономикалық реформаларды жүргізуге баса назар аударылды.

Осы арқылы тұтас алғанда **мемлекеттің өміршеңдігі** сақталды.

Ел дамуының қазіргі кезеңінде экономикалық, әлеуметтік-мәдени, өңірлік, сыртқы саясат салаларындағы жетістіктеріміздің қарқынын саралау міндеті алға шықты.

**Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз Тәуелсіздіктің жалғыз тірегі – бірлік екенін ешуақытта ұмытпауымыз керек.** Бізге қазақтың бірлігі, жалпы еліміздің бірлігі қажет. Біздің Отанымыз – ортақ, тілегіміз бір, мақсатымыз – жалғыз. Ол – жері жұмақ, елі бақытты Отанымыз, Қазақстанымыз» деген болатын.

**Тәуелсіздік мемлекеттілік, территория, тіл, шекара, дәстүр, тарих, қауіпсіздік деген ұғымдармен терең астасып жатыр.**

Бұл ұғымдар конституциялық нормалар деңгейінде бекітілген, толыққанды мемлекеттік басқару мен реттеу тетіктерімен қамтамасыз етілген.

Бұл ұлтқұраушы фактор, шынайы ел Тәуелсіздігінің іргетасы іспеттес нәрсе.

Біз қоғамымыздың ең жоғары құндылықтарының мызғымастығына кепілдік беретін үрдістердің мазмұнына жаңа көзқараспен қарай бастадық.

**Біріншіден,** Елбасымыздың интеллектуалдық күш-жігерінің арқасында **«Мәңгілік Ел», «Ұлы дала», «Мәдени мұра»** тәрізді ұлы ұғымдар айналысқа енді.

Өркениеттік маңызы бар **Жалпымәдени құндылықтар – Тәуелсіздік, мемлекеттілік, жер, тіл мен діл, отбасы және салт-дәстүр** – біздің заңнамамызға да енгізіліп, нақты көрініс табуы тиіс.

**Екіншіден,** тарихымызды өркениеттік жолмен таразылайтын болсақ, **біз бесмыңжылдық тарихи кезеңнен өткенімізді көреміз.**

Бұл не деген сөз? Бұл біздің халқымызға не береді?

Бұл қазақ халқы тарихының тым әріден бастау алатындығының – мемлекеттіліктің атам заманнан бүгінге дейін үзілмей келе жатқандығының жарқын белгісі емес пе? **Көнеден келе жатқан сақ, ғұн, сармат, массагет, Түркі қағанаты, Ұлық Ұлыс, Қазақ хандығы ұлы тарихымыздың айқын дәлелі.**

Қай ғасыр, қай заман, қай кезең болса да халқымыз өзінің адамзат көшінен қалмау, бірге қатар өмір сүру қағидатынан еш танған жоқ. Бейбіт болмысына бекем болды.

Кез келген халықтың маңдайына мұндай миссия мен тағдыр бұйыра бермейді.

Сондықтан осы заманғы Қазақстан территориясында өмір сүрген халықтың, ру, тайпалардың қасиетті де қастерлі этнологиялық тарихына саяси тарихымызды қосу арқылы тарихи акцентті батыл және белсенді түрде өзгерту қажет.

**Үшіншіден, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында болашақта қазақ тіліне ұлтаралық қатынас тілі мәртебесін беру мүмкіндігін жасайтын жағдай қалыптастыру қажеттігін айтты.** «Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек. Сондай-ақ тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн», деп қадап көрсетті.

**Латын жазуына көшер сәтті дұрыс пайдаланып, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, оның қоғам өміріндегі түрлі салада міндетті түрде қолдану шеңберін анықтау туралы мәселе де маңызды болып отыр.**

**Кезінде ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы – ешуақытта адамы құрымай жоғалмайды» деген болатын.**

**Қазақта «Тексіздік – тілсіздіктен басталады» деген сөз бар, сол сөз – анық сөз.**

Тәуелсіздік мерекесі тұсында **тарихтан тағылым алу** мәселесіне тоқталған артық болмас деп ойлаймын. **Бірінші кезекте** қоғамдық санадағы өткенге қарайлау, барлық кінә мен кінәратты өткен заманға аудару әрекетінен арылатын уақыт жеткенін қадап айтқым келеді.

**XX ғасыр – қазақ үшін қасіретті ғасыр болды.**

**1921-1930 жылдардағы аштықта қазақтың тең жартысынан айрылдық.**

**Бұл – сөз жоқ, ұлттың үлкен қасіреті.** Орны толмас қасірет. **2021 жылы қалың қазақты жалмаған Ашаршылыққа 100 жыл болады.**

Танымал журналист-публицист Нұртөре Жүсіп **«Масыл болма, асыл бол»** деген мақаласында сол ашаршылық кезінде бір ұлы мен бір қызын жетектеп, жанын шүберекке түйіп келе жатқан ана мен ұрпақ тағдырын сөз етеді. Үшеуі де ажал тырнағына іліккелі тұрғанда ет жүрегі езілген әйел шырылдаған қызын қалдырып, **«ендігі кезек менікі»** деп жүріп, жалғыз ұлын аман алып қалады. Сол бала кейін халқымыздың аяулы азаматы атанды, аштықтан аман қалған **Мекемтас Мырзахметов** – көрнекті ғалым, әйгілі абайтанушы.

**Жалғыз баласын анасы қалай қорғаса, Тәуелсіздікті біз де солай қорғауымыз керек! Тар замандағы аналар әрекеті осындай болған. Ал мынау бар заманда баласын туған бетте күресінге тастайтындар туралы не деуге болады?**

**Тәуелсіздік деген – ұлт үшін, ұрпақ үшін тарихи Жауапкершілік! Қазақ елінің жаңа буыны Тәуелсіздікті асқан жанкештілікпен, жанын да, қанын да аямай қорғауы керек!**

**Осы ретте өткен ғасырдан алатын тағылым қандай? Бізге Алаш арыстарының үзілген жолын жалғастыру маңызды.**

Алаш идеясы – бұл қазақ мемлекеттілігін жаңғырту идеясы. АҚШ үшін Тәуелсіздік Декларациясы қандай маңызға ие болса, қазақ қоғамы үшін Алаш ұраны да сондай.

Ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, олар Азаттықтың алтын айына қол созған ұрпақ еді.

**Қазір заман – басқа, заң – басқа. Тірегіміз – Тәуелсіздік. Жүрегіміз де Тәуелсіздік деп соғуы тиіс.**

Біз XXI ғасырға мүлдем бөлек болмыспен кірдік.

**Сондықтан өткенге Салауат айтуымыз қажет. Болары – болды. Өтетін нәрсе – өтті.** Барлық жақсылық-жамандығымен өткен кезеңдерді тарих кітабының бедерлі бетінде қалдырып, енді тек алға қарауымыз керек. Өршілдікпен алға жылжуымыз керек.

**Артқа қараған тозады, алға қараған озады.**

**Бұл үшін ең алдымен Сана азаттығы қажет.**

Біздің бүгінгі буын санасы азат болғанда ғана таудай істерді тәуекелмен атқара алады.

Сол себептен қазіргі әрбір отандас өткен шаққа қарайлай бермей, бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен айналысқаны абзал.

Ұлтымыздың жақсы қасиеттері жеткілікті.

**Тарихымыз – терең. Жеріміз – бай. Еліміз – бай. Дәстүріміз – керемет.**

**Қабілет-қарымымыз ешкімнен кем емес. Енді не керек?**

Дүниедегі барлық мемлекеттің даму жолынан белгілі:

Халықтың қалпыңды, мәдениетіңді, тіліңді, діліңді сақтау қажет пе – **даму керек;**

Экономиканы өркендету керек пе – **даму керек;**

Лайықты өмір сүру керек пе – **даму керек!**

**«Тәуелсіздік жолында қан да төгілген, жас та төгілген, тер де төгілген. Бірақ Ар төгілмеуі керек. Ар-намыс қана Тәуелсіздікке тірек бола алады. Ол біздің тілегімізді емес, біз оның тілегін тілеуіміз қажет»** деген кемел сөз қай-қайсымыздың да қаперімізде болғаны керек.

XXI ғасырда әлемдегі алға озып кеткен 30 елдің қатарына қосылу үшін қол жеткізген жетістіктерімізге қарап отырып қалсақ, әрекетсіздігімізге опынатын боламыз.

**Ендігі мәселенің бәрі Ұлттың сапасына қатысты болмақ. Ұлттың сапалы көрсеткіші ең әуелі – еңбекқорлығымен өлшенеді.** Елбасы Н.Ә.Назарбаев қадау-қадау айтқандай, **«еңбексіз ештеңе болмайды».** Осыны терең ұғынуымыз керек.

**Екінші кезекте – Ұлттың орындаушылық қасиетіне көп нәрсе байланысты. Бізде сөзуарлық көп, құр мақтан, даңғойлық пен даңғаза көп.**

Қызыл сөздің қырманын күнде қуырып, күбісін күнде сапыра бергеннен ешкім игілікті әкеп бермейді.

Оның орнына нақты іспен айналысқан жөн.

Осы орайда әлеуметтік желідегі нешетүрлі желсөз, желікпе пікірлерге кететін орасан күш-жігерді күнделікті тірлік арнасына бұру қажеттігін ұсынар едім.

Өмірге қажетті жоспарлау, оны қалыптастыру және орындау тәрізді өмірлік мәні бар тірлікпен айналысқан әлеумет өз игілігін өзі қалыптастырар еді. **Мұның бірден-бір тиімді жолы – Азаматтық қоғамды қалыптастыру, ақырында – тәуелсіз елдің тәуелсіз азаматтарын қалыптастыру, біліктен ағайын іздеген қазаққа білікпен протоколдық** (құдалық сияқты), **дипломатиялық қатынасқа көшу.**

**Сонымен бірге бізге орындаушылық қасиетті орнықтыру діттеген меже, көздеген мақсатқа жетудің тиімді де төте жолы болар еді.**

Тағы да Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтатын болсақ – **«Ұлт жұмысы үлкен жұмыс: үлкен жұмысқа көп жұмыскер керек».**

**Бостандық халықты бодандықтан да қатты сынайды** деген даналық сөз бар. Ол сөздің даналығы парадоксқа құрылғанында. Былайша қарағанда құлаққа кірмейтін қисынсыздық сияқты. Ал дұрысында **бодандықта болғанда** айтқанға көніп, айдауға жүрсең жетіп жатыр. Сен үшін басқалар ойланады, сен үшін басқалар шешеді, бас қатырмайсың. Бодандығыңа қорланып, бостандық бермегендерді сыртынан сыбап қойып, құлаққесті күйде жүре бересің. **Ал бостандықта ше?** Бостандықта ойланатын да өзің, орындайтын да өзің, бәріне өзің жауаптысың. Бұл ойды жаһанданудың жұлқыған желі күшейіп бара жатқан мынандай заманда айрықша атап айтқымыз, қадап көрсеткіміз келеді. Дүние тағы да дүбірлеп тұр. Әлем биполярлы сипатқа қайтадан ауысып барады – дүниедегі саяси күштер екі полюске бөлінуге бейімделіп тұрғандай. Санкциялар соғысы жүріп жатыр. Адамзаттың біркелкіленуі, ұлттық белгілердің бірте-бірте шайылуы күшейіп барады. Мұның бәрі біздей жас мемлекетке, тәуелсіздігінен бірнеше ғасыр бойына ажырап қалған біздей халыққа үлкен сынақ. **Жаһандану жағдайында ұлттық қадір-қасиеттерімізді қастерлеп сақтау өте маңызды. Қазірдің өзінде халықтық қалпымызға сызат түсе бастағанын ендігі жерде жасырып-жаба берудің жөні жоқ.** Талай адамның, соның ішінде жастардың еңбектен бой тасалайтын болғаны, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп, арзан жолмен қымбат қазына табуға тырысатындар көбейгені, масылдық пиғылдың дендей бастағаны, мемлекеттен алу үшін алдымен сол мемлекетке беру керектігін ұмытатындар қатары ұлғайғаны жан ауыртады. Елбасымыз да, Президентіміз де бұл жағдайға орынды алаңдаушылық білдіруде. Осы орайда атқарар ісіміз жеткілікті.

**Азғантай уақыттан кейін біз XXI ғасырдың үшінші онжылдығына қадам басамыз.**

Күрделі проблемалар қашан да болған. Біз соның бәрін біртіндеп шешіп келеміз.

Алда туындаған мәселелерді де толық шешеміз.

**Барды бағалап, жоқты саралап, өз мүддесіне жету үшін, ең алдымен елдің мүддесін қапысыз қамдайтын естияр азамат бола білейік.**

Еліміздің даму формуласы осыдан 28 жыл бұрын қабылданған. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен айтсақ, **«Бостандықты бағалаудан, азаттықты ардақтаудан, тәуелсіздікке тәу етуден артық ешбір бақыт жоқ. Тәуелсіздік – тәуекел еткеннің ғана тағдырына бұйыратын бақыт!».** Осы айтылған нәрсенің бәрін **«Тәуелсіздік», «Бірлік», «Намыс»** деген тұжырымдармен түйіндеуге болады.

Ұлт болып ұйысып ұмтылмасақ, жұрт болып жұмылмасақ есеміз кетеді. Рухымыз биік, жолымыз нұрлы, мемлекетіміз мәңгі болсын!

**Тәу етер жалғыз киемізді – Тәуелсіздігімізді бағалай білейік, көзіміздің қарашығындай қорғай білейік, әлеумет!**

**Қырымбек КӨШЕРБАЕВ,**
**Қазақстан Республикасының**
**Мемлекеттік хатшысы**
**«Egemen Qazaqstan»**

16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

# *Қасиет ШӘКЕНОВА*: ЖАСТАР ЕГЕМЕНДІКТІҢ МӘНІН ТЕРЕҢ ТҮСІНУІ КЕРЕК

**Қаһарлы қыстың ызғарлы желтоқсанында қатыгездік пен әділетсіздікке шыдамаған қайсар қазақ жастары ұлт намысы үшін алаңға шығып, теңдік талап етті. Республиканың түпкір-түпкірінде жалғасқан жастардың бас көтеруі біздің қаламызда да көрініс тапқаны белгілі. Елдік пен егемендік жолында аязды күні қыз да болса тайсалмай, ерек ерлігімен алаңға шығып, азаттықты аңсаған барша қазақ жұртының арман-тілегін ақтарған, қайсар қазақ қызы – Қасиет ШӘКЕНОВА.**

***– Қасиет, сіз 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың бірісіз. Жезқазғанда осынау тарихи сәттің бел ортасында болдыңыз. Бәрі қалай басталған еді?***

– Мен қасиетті Ұлытау өңірі, Едіге таудың етегіндегі Қорғантас деген жерде дүниеге келдім. № 1 Ұлытау орта мектебін бітіріп, Жезқазғанға білім іздеп келдім. 1986 жылы Жезқазған педагогикалық институтында дайындық курсында оқып жүрген едім. Аяқ астынан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетін 22 жыл бойы басқарып келген Дінмұхаммед Қонаев орнынан алынып тасталды да, оның орнына 1986 жылдың 16 желтоқсаны Мәскеуден Ульянов СОКП обкомының бұрынғы бірінші хатшысы Геннадий Колбин тағайындалды. Ертесіне алғашқы болып Алматы қаласының жастары көтеріліске шықты. Көтеріліс жалыны еліміздің басқа өңірлерін тез шарпи бастады. Бұл көтерілістен жезқазғандық жастар да қалыс қалмады. Желтоқсанның 18-і күні біз, яғни, жезқазғандық жастар дайындалдық. 19 желтоқсан күні мысты шаһардың барша студент жастары көтеріліске шықты. Барлық педагогикалық мамандықтың студенттері Анарқұлов көшесіндегі Жезқазған педагогикалық институтының алдына жиналды. Сол Анарқұлов көшесінен Ленин алаңы, қазіргі Алаш даңғылының бойымен бұрынғы Некрасов қазіргі Сейфуллин көшесіне түстік. Мүмкін, балалықпен жолды дұрыс бағдарламағанымыз болар, Некрасов көшесі бойындағы милиция басқармасының тура алдынан өттік. Сондағы ойымыз, сол маңдағы политехникалық институттың студенттерін қатарымызға қосып алу болатын. Әрине, алдыңғы қатарда көбіне жігіттер жүрді. Бір-бірімізді қолтықтап қысып алғанбыз. «Әрбір ұлтты өз ұлтының адамы басқаруы керек!», «Қазақты қазақ басқарсын!» деп ұрандатып алға ұмтылдық. Бізді көріп көшедегі көліктер мен жолаушылар автобустары тоқтай бастады.

«Қазақтар бізге келіңдер» деп олардың ішіндегі қазақтарды да қатарымызға қосып алдық. Жезқазған милиция басқармасының алдында таңертең енді ғана жұмысқа барған милиция қызметкерлері алаңсыз темекілерін шегіп, әңгімесін айтып тұрды. Қаумаласып келе жатқан жастарды көрген олар аң-таң болып, не істерлерін білмей абдырап қалды. Осылай біз Некрасов көшесінен өттік. Осы бағытпен біз оңтүстік паркке барып, Сәтбаев көшесіне қарай түскіміз келген. Оқиғаның ең шиеленіскен тұсы Некрасов көшесі мен Абай көшесінің қиылысында басталды. Осы маңға жеткен уақытта жан-жағымыздан автобустар қоршап алып, жастарды күшпен тией бастады. Ұсталғандары автобус ішіне қамалды, қалғандары тым-тырақай қаша жөнелді. Осы уақытта қашып келе жатқан бір жігіттің айтқаны ешқашан есімнен кетпейді. Оның жүгіріп бара жатып қалпағы түсіп қалды. Сонда бір милиция қызметкері «Ей, кел, бас киіміңді ал» деп айқайлап шақырды. Бұл оның жанашырлығы емес, қашқан жігітті ұстап алмақ ниетте айтқан сөзі деп ойлаймын. Сонда әлгі жігіт: «Бас киім түгілі бас тебіліп жатқанда, керегі жоқ. Сізге бердім!», – деді де жүгіре жөнелген болатын. Осылай барлығымыз жан-жаққа жүгіріп, жамырай тарастық. Түстен кейін милиция алып кеткен достарымызды босатуды талап етіп, басшылық ғимараты алдына, қазіргі әкімдік ғимаратының алдына бардық. Ғимарат алдын жағалай итпен тәртіп сақшылары қорып тұрды. Біздің ішке енуімізге еш мүмкіндік бермеді. Сырттай келген жастардың бәрін суретке түсіріп жатты. Қызықтың бәрі ертесінге басталды...

***– Ертеңіне не болды?***

– Түнімен тексеріс болды. Коменданттық бөлімге комсомол партия мүшелерінің бірі келіп, бірі кетіп жатты. Милициялар келіп, түгел бөлмемізді тінтіп, кітап, дәптерлерімізге дейін тексеруге алып кетті. Мен ертесіне қала маңындағы ауылдағы туысымның үйіне бармақ болып, автобусқа мініп кеткем. Сәтбаевқа жеткенде екі милиция қызметкері күтіп алып, қайтадан Жезқазғанға алып келді. Жастардың комсомол билеттерін тартып алды. Күн сайын тергеу, күн сайын тексеріс. Бірін алып кетіп, екінші біреуді алып кетіп жатты. Мүлде тыныштық болмады. Ол заманда комсомол билеті болмаса жұмысқа тұру мүмкін емес еді. Студенттер оқудан шығарылды. Негізі студент жастар алаңға көптеп шықты. Бірақ, басшылық белгілі себептермен жоғары жаққа үш жүзге жуық қана студент шықты деп көрсетсе керек. Осылайша, жастар тез-тез оқудан шығарылып, оқиға тез-ақ басылып тасталды. Сол оқудан шығарылғандардың қатарында менде бар едім. Несін жасырайын, өз-өзіме қол салғым келген кез де болған еді. Жаңа жылды, 1987 жылды қарсы алып отырған Жездідегі анама телеграмма келеді. Хатта: «Қызыңызды милициямен тез арада алып кетпесеңіз, жындыханаға жатқызып тастаймыз» деп жазылыпты. Сонымен, екінші қаңтар күні анам Жезқазғанға жетті. Екеуімізде көз жасымызға ерік бердік. Себебі, біз шарасыздың күйін кештік.

Жездіге аттанар алдында комсомол билетін қайтарып алуға партияға апелляциялық өтініш жазып тастап кеттім. Сәуір айында менің өтінішім қаралды. Комиссия құрамында он сегіз адам болды. Олар менің бір ауыз сөз айтуыма мүмкіндік берген жоқ, мен мүлде үндемедім. Кабинетке кірген сәттен бастап-ақ олар комсомолға қайта қабылданбайтынымды айтты. Осылай қайтадан үйімді бетке алдым.

Менің педагогика саласына бет бұруым қиынға соқты. Себебі, мұғалімдерге талап мүлде қатал болды. Олар саяси теріс пікір қалыптастырып, балалардан «саяси сауатсыз» жастарды тәрбиелейді деп қауіптенді. Сол 1986 жылдың желтоқсанынан 1987 жылдың сәуір айына дейін жұмыссыз жүрдім. Сол кездегі мұз қатқан құрсаудың қаттылығы соншалықты барлық Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастар жұмысқа орналастырылмады. Мамыр айында туыс ағам Мақсұт қажы Шакенов маған Жәйрем қаласында бүкіл комсомолдық құрылыс бригадасы ұйымдастырылып жатқандығын айтып, сол жаққа жұмысқа алып кетті. Мен осылай құрылысшы болып та жұмыс істеп көрдім. Сол кезеңде көтеріліске қатыспаған қазақ халқының өзі іштей жастарға тілеулес болды деп ойлаймын. Ия, олар, ештеңе айтпады. Бірақ, Тәуелсіздік барша қазақ халқының ішін сан ғасырлардан бері жегідей жеген асыл арманы еді. Осылайша Желтоқсан оқиғасына қатысқан барлық жастар бес жыл қуғындауда өмір сүрді. Қайда барса да олар ашқан есік тарс жабылды.

***– Армандаған Тәуелсіздігімізге қолымыз жетті. Осынау сүйінші хабарды естіген сәтіңіз есіңізде ме?***

– 1988 жылы жаз айында мені шақырып, комсомол билетін берді. Мен оны алып шығып бара жатып, есік алдында тұрған қоқыс жәшігіне тастап кеттім. Көңілімде өте үлкен реніш бар еді. Бәлкім комсомолға ренжіген шығармын, әлде өміріме ме екен... Әйтеуір, зар жылатқан сол комсомолға деген өкпем өшпеді.

Уақыт жараны жазады деп айтып жатады. Менің көзім жеткені – уақыт жараның бетін емдеуі мүмкін, бірақ, түбі жазылмайды екен. Өмір бір орнында тұрмайды. Уақыт алға жылжып жатты. Мен 1991 жылы Жезқазған педагогикалық институтына барып, сол кездегі декан Мәуен Хамзинмен жолығып, кезінде аяқталмай қалған оқуымды қайта жалғастырғым келетіндігін жеткіздім. Ол кісіге, мың да бір рақмет, институт ректорына менің өтінішімді жеткізіп, мені оқуға қабылдады. Оқудан шыққанда «Қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алып жатқан едім, оқуға қайта келгенде білімімді «Орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жалғастырдым.

Институт табалдырығында жүріп, басқа студенттерді ұйымдастырып, Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастарды еске алу шарасын өткізуге бастама көтердім. Осылайша қалалық және облыстық атқару комитетінен рұқсат алдық. Сол кезде маған Әлихан Байменов пен «Азат» партиясына мүше жігіттер ерекше қолдау білдірді. Жезқазғандағы барлық студенттер жатақханасын аралап, жастармен сөйлестім. Сол сәттерде олардың өткенге деген құрметтерінің әлі де болса жоғалмағандығын сездім. Әрі сол тұста Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастарға деген құрмет пен сыйластық та ерекше еді. Олардың сөзі өтімді болды. Біз өз шеруімізді Байқоңыров көшесінен бастап, Алаш алаңымен жалғастырып, жеті күлшемізді таратып, Халықтар достығы мен мәдениеті үйінің сахнасында қорытындылаймыз деп жоспарладық. Сол күні, ертең шеруге шығамыз деп отырған сәтте, жатақхана іші у-шу болып кетті. Жастар «Еліміз Тәуелсіздігін алды!» деген ақжолтай хабарды айқайлап, бір-біріне жеткізіп, құшақтасып мәз-мейрам болды. Жатақхана жастары жиналып, домбырамен ән айтып, би билеп жатты. Ертесіне осынау жүректі көрнеген, қаншама



дәуір арман еткен Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы ақ таңын қарсы алып, жоспарлаған шеруімізді емін-еркін өткіздік. Алаңға жиналған халық қарасы өте көп болды.

***– Көпті көрген, көп нәрсені көңіліне түйген жан ретінде қазіргі жастарға қандай ақыл айтар едіңіз?***

– Қазір жастардың патриоттық тәрбиесіне ерекше мән беруіміз керек. Өзім де білім саласында еңбек етемін. Жастармен жиі кездесіп, олармен жиі жолығып, жұмыс істеймін. Бұл дәуір мақсатына жетер жолда ештеңеден де тайынбайтын жастарды тәрбиелеп шыққан сияқты. Жастардың мақсатқа ұмтылғаны жақсы, әрине. Тек мақсат жолында ар-ұятты кейінге ысырып қоймаса екен деймін. Өзім де бала тәрбиелеп отырмын. Желтоқсанға қатысқан құрбы-құрдастарымыздың басын жиі қосып тұрамын. Олармен дидарласып, тілдескен сайын «Жастармен жүздесуден қашпаңдар, керісінше оларға басымыздан өткен зұлматты жылдардың қасіретін айтып, оларды тарихқа құрметпен, болашаққа үмітпен қарауға үйретіңіздер. Олар егемендіктің құнын түсінуі керек» деп жиі айтып отырамын. Тәуелсіз елдің жастарының еңсесі биік болып, тек биіктерден көрінуі керек деп ойлаймын. Солай болатынына да сенемін. Ендігі тілерім, Тәуелсіздігіміз мәңгі болса екен!

***– Әңгімеңізге рақмет, аман болыңыз!***

*Әңгімелескен* **Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ҰЛТТЫҢ НАМЫСЫН ҚОРҒАДЫ

**Еліміздің бас мерекесі Тәуелсіздік күні қарсаңында Жезқазған қаласында 1986 жылғы ызғарлы желтоқсан айында болған студент жастардың шеруі туралы ой-пікірімді білдірейін деп едім.**

Мен 1985-1986 жылдары Қостанай облыстық ішкі істер басқармасына жұмысқа ауысып, Қостанай қаласында қызмет еттім. 1986 жылы қараша айында Омбы қаласындағы Жоғарғы милиция мектебінде қайта даярлау курсында оқуда болдым. Желтоқсан айының 16-ы күні Омбы мектебінің басшылары оқуды аяқтап, қайту туралы бұйрық шығарды. Бірақ, баратын қызмет орнымнан жолдамаға қол қойдырып, қайта алып келуім керек болды. Алматыдағы Желтоқсан оқиғасын Омбы қаласында Жоғарғы милиция мектебінің қабырғасында естідік. Мен Жезқазған облыстық Ішкі Істер басқармасына қайта қызметке ауысу үшін 16 желтоқсанда Жезқазған қаласына ұшақпен ұшып келіп, сол кездегі ішкі істер басқармасы бастығы Рүстем Қайдаровқа кіріп, жолдамамаға қол қойғыздым. Жолдаманы алып, 23-інде кері қайтуым керек. Желтоқсан айының ұмытпасым 19-ында барлық милиция қызметкерлері студент-жастар шеруге шығып Некрасов көшесі арқылы жүріп келеді деген хабар бойынша қоғамдық тәртіпті қадағалау үшін көшеге шықтық. Басшы Р.Қайдаровтың «Шерудің алдына шығып тоқтату үлкен қайғылы оқиғаға соқтырады, тек жанынан жүріп отырып үгіт-насихат жүргізу керек» деген нұсқауын орындап, Некрасов көшесі бойына қоғамдық тәртіпті қадағалап отырдық. Шеруге қатысқан студент-жастардың қолында плакаттар болды. Ол плакаттар Алматы қаласындағы студент-жастардың плакаттарымен мазмұндас. Біраз студент-жастар шеру тобынан жолда тарап кеткен сықылды. Шеруге 400-дей жас қатысты деп ойлаймын. Кейбір басылымдарда 1000-ға тарта деп айтылады, ол меніңше шындыққа келмейді. Некрасов көшесінің ені ол жылдары сонша адам сиятындай кең емес-ті.

Негізгі мақсат топты Шевченко көшесінде орналасқан «арнаулы комендатура» жатақханасына тақалтпау болды. Өйткені, шерушілерге сотталған азаматтар қосылып кетіп, арандатушылық бола ма деп ойладық. Бірақ, студент-жастар шеруі Абай көшесімен Некрасов көшесінің қиылысынан асқан жоқ.

Шерушілер ешқандай қоғамдық тәртіп бұзушылық жасамады, Абай көшесінің қиылысында тұрған автобусқа мінгізіп, Абай көшесінде орналасқан өрттен сақтандыру бөлімінің жиналыс залына кіргізіп, әңгіме өткізілді. Залда оларға арналып «Өрттен қорғану және өртпен сақтану туралы» деректі фильм көрсетілді және қосымша жеке-жеке сөйлесу жұмысы жүрді.

Шеруге қатысқан студент-жастар өздерін жоғарғы ұстамдылығын, қоғамдағы өзгерістерге дұрыс баға білдіре білетінін көрсетті.

Шеру уақытында және одан кейін де ешкімді жауапқа тарту немесе құқық бұзушылық туралы еш акт толтырылмады. Студент-жастармен оқу орны басшылары, комсомол, партия комитеті жұмыс жүргізіп оларға іс-қимылы туралы баға берді. Бұл туралы С.Қожамсейітовтің «Намыстан жарылған халықпыз» атты кітабында толық жазылған және оқу орындары басшыларының шешімімен оқудан шыққан студенттердің фамилиялары келтірілген.

Студент-жастарды жауапкершілікке тарт-пауға, қылмыстық қудаламауға сол кездегі Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасының басшысы Рүстем Есімханұлы Қайдаров үлкен үлес қосты. Сол кісінің азаматтығының арқасында біздің студент-жастарымыз құқықтық жазаға тартылмады. Р. Қайдаровтың бұл азаматтығын аға буын, сол кездегі оқиғалардың бел ортасында болғандардың бірі білсе, бірі хабарсыз болуы мүмкін.

Шеру жүріп жатқанда ішкі істер басқармасы ішінде қызмет істейтін Жанат Нұрмағамбетова қасындағы қызметтес «Ш» деген қызметкермен шеру туралы сөзге келіп қалған. Бұл ретсіз жағдайды талдау-қарау ұзаққа созылды. Жанатты бірнеше рет әр сатыда партия жиынында қарап партиялық жауапкершілікке тартты. Мұнда да Р. Қайдаровтың еңбегі зор болды. Қызметтен шығарған жоқ. Кейін ол 1997 жылы Әділет подполковнигі шенімен зейнетке шықты. Талдау уақытында қиыншылықтар көрді, бірақ бәрі артта қалды. Қазіргі кезде Ішкі Істер органының зейнеткері, ІІМ бірнеше медальдарымен, құрмет грамоталармен марапатталған. Жас полиция қызметкерлеріне өз білімін, іс-тәжірибесін үйретуден жалыққан емес.

Шеру уақытында Жезқазған студент-жастары өздері қоғам талабын дұрыс түсініп, дұрыс баға беретіндігін жоғарғы дәрежеде көрсетті. Олар қазіргі уақытта 45-60 жастың аралығындағы әр-түрлі салада қызмет атқаруда. Ал сол кезде Алматыда оқыған жезқазғандық жастардың Алматыдағы шеруге қатысқандығы туралы Қожамсейітовтің жоғарыда аталған кітабында толық жазылған.

Жоғарыда баяндалған оқиғалардан соң 23 желтоқсанда Омбыға кері ұшып, 26 желтоқсанда Жезқазғанға қызметімді жалғастыруға қайтып келдім. Облыстық ішкі істер басқармасында ұйымдастыру және тексеру бөлімінде ерекше істер бойынша аға инспектор лауазымына тағайындалдым. Сол кезде Алматыдан, Мәскеуден бірнеше дүркін комиссия келіп, тексеру қортындыларын және жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат жинады. Жастар арасында жұмысты жақсарту үшін бұрынғы уақытта жабылып қалған қылмысты алдын-ала болдырмау бөлімі құрылды. Оның нәтижесі өте зор болды. Желтоқсан айындағы милиция қызметкерлерінің күндіз-түні тынбай қызмет атқару жұмысы өз нәтижесін берді. Желтоқсан айында көше қылмысы болмады деуге болады.

Міне Желтоқсан оқиғасынада 33 жыл болды, бірақ жылдан-жылға шеруге қатысушылар саны біресе өседі, біресе кемиді. Енді бірде құқықтық жауапкершілікке тартылушылар саны табыла береді...

Кейін Мәскеуден келген тексерушілерге жиналған қағаздар толық көрсетілмей қалды... Құжаттардың толық түрде табылмау себебін ешкім түсіндіре алмады.

Сол кездегі студент-жастардың шеруі рухы биік жастарымыз тектен-тек көшеге шықпағанын көрсетті. Бүкіл бір ұлтты басына беруге болмайтындығын, намысын таптатпайтынын білдірді.

Желтоқсан оқиғасы және қазіргі уақытта біздің қала жастары әр жаңалыққа, қоғамдағы өзгерістерге белсене қатысатындығын, өз ойларын-пікірлерін жеткізе білетінін дәлелдеп келеді.

**Аманбек МҰҚАТАЕВ,**
**отставкадағы милиция полковнигі,**
**бұрынғы Жезқазған облыстық**
**ішкі істер басқармасы бастығының**
**орынбасары, Жезқазған қаласының**
**құрметті азаматы, Қазақстан ІІМ құрметті**
**ардагері**

# КЕЛЕШЕК ЖАҢА ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ШАҚЫРАДЫ

**Қазақ елінің Тәуелсіздік мерекесін биыл жиырма сегізінші рет тойлап жатырмыз. Қысқа мерзім ішінде ғасырға татырлық істер атқарылды. Саяси, құқықтық және экономикалық реформаларды жүзеге асырдық. Нарыққа көштік. Ұлан-ғайыр Ұлы Даланың қақ ортасында болашақтың қаласы, қазірдің өзінде миллионнан астам халқы бар Нұр-Сұлтан қаласын салдық. Көршілес мемлекеттермен мәмілеге келіп, шекарамызды созып, толықтай бекемдеп алдық. Тарихымыз сонау Жошы ұлысынан, Алтын ордадан басталып, Қазақ хандығына жалғасып, Тәуелсіз Қазақстан Республикасына да жетті. Қазіргі таңда дамыған елу елдің қатарына қосылған Қазақстан дүниенің төрт бұрышындағы түгел жұрттың назарын өзіне аударып отыр. Біз Алланың бергеніне тәубе дейміз. Ендігі мақсатымыз да айқын. Бүкіл ел болып алға озған, дамыған отыз елдің де көшін бастар күн алыс емес.**

Отыз жыл дерлік биіктен қарағанда туған мемлекетінің саяси, әлеуметтік, экономикалық күш-қуатын нығайту жолында білім-біліктілігі мен маңдай терін сарп етіп қызмет етіп жатқан қазақстандықтарды мақтан етемін және алғысымды білдіремін. Олардың әрдайым мәртебелері биікте болса деймін.

Таяқтың екі ұшы болатыны ақиқат. Ашық-тесік жатқан мемлекетіміздің шексіз байлығын өз пайдасына жаратқысы келетін ашкөздер де аз емес. Жең ұшынан жалғасып бүкіл қазақ атаулының дәулетін жеті құрттай жеп жатқан ұялас қылмыскерлер – жемқорлар айылын тартпай отырғаны да жасырын емес. Өндірістің біраз салаларында тиімділік болмай, еңбек өнімділігі әлемдік үрдістен артта қалуда. Осылардың кері әсері кедей халықтың санының артуына жол ашып отыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған Парламент, үкімет, жергілікті атқарушы билік елдегі түйткілді мәселелерді шешу жолында шұғыл мүмкіндіктерді жүзеге асыруда. Жұмыссыздықтың саны кеміді. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудің нақты жүйесі қалыптасып келеді. Елімізде кедейлікпен күрестің қоғамдық сипат ала бастағаны көз қуантады.

Сонымен, бүгінгі Қазақстан аса жауапты, сындарлы істердің бел ортасында. Бұл кезеңнен де сүрінбей өтетіндігімізге кәміл сенімдімін. Бізге ендігі керегі – ауызбіршілік, бірлік, мызғымас татулық. Сылдыр сөзден нәтижелі іске көшу керек. Келешегіміз жаңа жетістіктерге шақырады. Елімнің айбыны аса беретіндігіне күмәнім жоқ. Арман еткен асыл Тәуелсіздігіміздің 28 жылдығы құтты болсын, Қазақ Елі!

**Сағындық ҚОЖАМСЕЙІТОВ,**
**Жезқазған қаласының**
**Құрметті азаматы**

**1986 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. Сол пленумда Дінмұхаммед Қонаев бірінші хатшы қызметінен босатылып, орнына бұрынғы Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған, қазақылық қасиеттің иісі мұрнына да бармайтын, туған әдебиетіміз, мәдениетіміз, тұрмыс-тіршілігіміз бен туған тілімізден ада Геннадий Колбин сайланды. Бұл студент және жұмысшы жастардың бейбіт мақсаттағы шеруіне әкеп соқты. Желтоқсан оқиғасы қазақтың басын біріктіріп, бір жұдырыққа жұмылдырған бақытты да, қайғылы күн еді. Желтоқсан жаңғырығы көзден де көңілден де кетер емес. Бүкіл бір ұлттың сүйегіне таңба түсіріп, әділетсіз шешім қабылданып, халықтың ар-намысы таразыға салынған сын сағатта дүлей күшке қаймықпай қарсы шыққан жастардың ерен еңбегі ұрпақтан-ұрпаққа үлгі.**

# БӘРІ ДЕ ЕСІМІЗДЕ

**Сан жылдар бойы әділетсіздіктің азабын тартып, үнсіздікпен күн кешкен қазақ халқының шыдамы шегіне жеткен күн еді – 1986 жылдың 17 желтоқсаны. Дәл осы күні қазақ жастары елдің басты қозғаушы күші екенін кең әлемге дәлелдеді. Алғашқы болып алматылық жастар көтерілді. Ашынған жастар алаңға шығып, бассыздықты тоқтатуды талап етті. Бұдан былай, солақай саясатқа төзбейтіндіктерін, көнбейтіндіктерін жеткізді.**

Осы күні жезқазғандық жастар да көтерілді. Көбіне сол кездегі Құрылыс техникумының жастары көшеге шығып, орталық биліктің республика басшылығына елге бөтен адамды тағайындаған шешіміне наразылық білдіріп жатты. Техникум маңынан басталған шеруді тәртіп сақшылары басты көше Ленин алаңына жеткізбей, Некрасов көшесінде басып тастады.

Мен ол кезде қалалық өрт сөндіру мекемесінде ВПЧ – 90 бөлімінде аға механик болып жұмыс істейтінмін. Таңғы төрттің уақытында қоңырау шалынып, мені жұмысқа шақыртты. Бізге өрт сөндіру құрылғыларын және арматураны кесіп, ұзындығы елу сантиметрге жуық темір құрылғыларды қолға ұстағанға икемді етіп, дайындауды тапсырды. Әрине, жоғарыдан түскен бұйрық бойынша басына жіп өткізілген арнайы арматуралар дайындалды. Ешкім не болып жатқанын, не мақсатпен осындай құрылғылар дайындалып жатқандығын білмеді. Содан бір күн бұрын мен әуежайда жұмыс істейтін әйелімді жұмыстан алып қайтуға барғанда әуе жолдарында қатаң тексеріс болып жатқанын, Алматыда үлкен шудың басталғандығын естіген болатынмын. Бұл деректі отбасылық досымыз майор В.Шадринде нақтылай түскен еді. Соны білген мен дайындалған жиырмаға жуық арматураны алып, өрт сөндіру мекемесінен арырақтау апарып көміп тастадым. Себебі, бұл арматуралармен жастарды ұратын болса, арты жақсылыққа соқтырмайтыны белгілі еді.

Жастарды ұстаған милиция қызметкерлері оларды өз мекемелеріне апармай, біздің мекеменің спорт залына әкеліп тергеді. Біз оларды күзетіп тұрдық. Мен біраз жастарды тергеуге жеткізбей шығарып та жібердім. Менің орнымда басқа бір қазақтың баласы осылай істесе оны ауыр соққыға жығып, соттатып жіберетін еді. Олар маған көп әңгіме айтпайтын. Себебі, мен Қырғызстанда туған болатынмын. Әкем – қазақ, анам – қырғыз. Содан болар олар менімен көп кикілжіңге бармайтын. Ал бірақ, өзге қазақ жігіттерінің өмірлері қиын еді. Екі қазақтың бірге шәй ішуіне мүмкіндік бермейтін. Орыс ұлтының жұмысшылары біздің мекемеде істейтін қазақ жігіттерін адам құрлы көрмейтін. Соған орай жігіттер арасында төбелес жиі орын алатын. Өрт сөндірушілерге бақылау жасайтын Т. Ким атты мекеме қызметкері бізді жиі бақылап, дау-жанжалдың алдын алып жүретін. Биыл осыдан отыз үш жыл бұрын көмген сол арматуралар есіме түсіп, көмген жеріме барып, ол жерді қаздым. Әлгі жиырмадан төрт-бесеуі ғана қалыпты. Сол арматураларды көріп, сол зұлматты кезеңнің қасіреті көз алдыма елестеді. Біреуін үйіме әкеліп, естелік ретінде алып қойдым.

Тәуелсіздікті әр адам әр түрлі түсінеді. Шындығында, алаңсыз, жан-жағыңа жалтақтамай туған тіліңде сөйлеудің өзі ең қымбат дүние. Бұны қазір көп жастарымыздың түбіне үңіліп түсіне бермейтіндігі өкінішті. Қазіргі балаларымыз Тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегендігін, осынау арда ұғымның қаншама қыршын кеткен аға-апаларының көз жасымен, қанымен келгенін теріңнен ұғынғанын қалаймын. Тәуелсіздікті алып берген осынау қазақтың қайсар ұл-қыздарына менің де алғысым шексіз. Жандары жұмақ төрінде болғай! Азаттығымызды асқақтатып, көк Туымызды көкке желбіреткен, елді ұйытып, бір шаңырақ астында ынтымақпен ұстай білген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа да алғысым шексіз!

**Мейрамбек АБДЫҚАДЫРОВ**

# АЗАТТЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ

Тәуелсіздік алған жылы мен қаламыздағы қаржы басқармасында қызмет етіп жүрген едім. «Тәуелсіз ел атандық» дегенде алғашында тосырқап қалғанымыз да жасырын емес. Көңілде бір қуаныш, бір күдік болды. Себебі, Кеңес Одағы құрамындағы мемлекеттер жай ғана одақ құрамындағы мемлекеттер емес еді. Бірінші кезекте олардың бір-бірімен экономикасы тығыз байланысты еді. Мысалы, біздің елімізде түрлі өндірістік зауыттар болды. Ал олардың негізгі құрылғылары басқа одақтас мемлекеттерде шығарылатын. Он бес елдің экономикасы бір-бірімен матаса байланысып жатты. Бұның өзі кеңестік үкіметтің әдейі жасалған саясаты болатын. Шындығында, бастапқыда көп адамдар сене қоймады. Менің де сенер-сенбесімді білмей тосырқап қалғаным жасырын емес. Сонда да жүрек түпкірін ерекше шаттық жалыны шарпыды. Тәуелсіздік алғанымызды естігенде қуаныштан көз жастарына ерік бергендер де, керісінше, кеңестік саясатты қолдағандар да табылды.

Әрине, жеке дара отау тігіп, үй болып кету оңай емес. Тәуелсіздік те сол сияқты. Алғашқы басшымыз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясатының арқасында еліміз биыл азаттықтың 28-жылын қарсы алуда. Сол үшін Нұрсұлтан Әбішұлына айтар алғысым шексіз. Ол өз сөзінде: «Тәуелсіздікпен бірге біз елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғырттық. Осылайша, төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың «Мәңгілік ел» мұратын қайта жалғадық. Тегеурінi берік, тепкісі қатты заманда тең жарымынан айрылған халқымыз ана тілінен, қасиетті дінінен көз жазып қала жаздады. Дегенмен, соның бәрі халқымыздың рухын жасыта алған жоқ, азаттыққа деген аңсарын жеңе алмады» деп айтқандай, халқымыздың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ауызбіршілікпен алға ұмтылуының арқасында егемендігіміз еселеніп, елдігіміз бүтінделді.

Қазіргі таңда мен төрағалық ететін Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесі де белсенді жұмыс істеуде. Биыл біз атқарған шаралардың көпшілігі сүйікті қаламыздың 65 жылдық мерейтойымен және Жастар жылымен байланысты болды. Әлі де, атқарар шаралар көп. Басты кезекте жастарға өнеге көрсетер өзіміз ғой. Елімізде атқарылып жатқан қандай болсын игі шараларға қолдау танытуға әрқашан да әзірміз. Алла қаласа, дамыған 30 елдің қатарына кірер күнде алыс емес деп ойлаймын. Осы жолда халқымызға қасиет, ұлтымызға ұлағат тіледім. Көрер қызығымыз көп болсын. Бастысы, тәңірім бейбіт күнімізден айырмасын!

**Айып БАЙҚАСЫНОВ**
**Жезқазған қаласының**
**Құрметті азаматы**




# Шәкәрімшіл діни философиялық көзқарас

**Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымында «дін» және «діншілер» деген қос ұғым қатар қолданылады. Дін мен діншілерді бір деп қарау Шәкәрім дүниетанымын түсінбестік болар еді. Діншілер — бұл, Шәкәрім дүниетанымында, шығармашылығында ерекше сынға ұшырайтын ұғымдардың бірі. Ал, дінді ойшылдың «діншіл» ұғымынан бөлек түсінгені аңғарылады. Шәкәрім «діншіл» ұғымымен қатар өз өлеңдерінде «пәншіл» ұғымын да қатар қолданып, бұларға сыни көзқараста болған.**



Мақаламыздың басты мақсаты Шәкәрімнің осы дін және діншілер жайындағы көзқарастарын талдау болып саналады. Шәкәрімнің пәншілдер туралы айтқан өлеңдерінің бәрінде діншілдер туралы дәл сол пәншілдерді сынағандай сыни көзқараста болғандығын аңғарамыз. Ол үшін Шәкәрім өлеңдеріндегі мына сөз тіркестеріне назар аударсақ жеткілікті: «Молдалардан дін сұрасаң, сандырақтар, сандалар», «Адасып діншіл азғанын, сынауға бұрдым бас», «Пәнші нанды бес сезімге, діншi адасты жолынан», «Пән жамылған әлімдер, дін жамылған зәлімдер», т.б. Бірақ, Шәкәрім қолданған осы бірнеше сөз тіркестеріне қарап ол дінге қарсы болған немесе дінді қабыл алмаған деген пікірге баруға болмайды. Шәкәрімнің дінді өте терең мағынасында түсінген ойшылдардың бірі екендігіне дау жоқ. Шәкәрім тек бұрыс кеткен діншілдер мен діндерді ғана сынға алады. Олар, ойшылдың ойынша, өз жолдарынан адасқан болып саналады. «Діншi адасты жолынан», – деп тұр емес пе. Яғни, бар айтпақ ойы – діннің өз жолы бар, бірақ діншілер сол жолдан адасқан. Соны сынауға бұрдым бас дейді. Міне, Шәкәрімнің дін жайындағы көзқарастары туралы сөз қозғағанда осы мәселелер төңірегінен алшақ кетпеген жөн. Сонымен қатар, Шәкәрім айтып отырған «дін жамылған зәлімдер» кімдер, оған да назар аударған жөн. «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар», – дейді Шәкәрім. Бұған қарап Шәкәрім жалпы дінді терістеп отыр деп ойламау керек. Ол белгілі бір кезеңдегі тарап отырған діннің нашар екендігін ғана айтып отыр. Яғни бұдан сол діндерге қарап Шәкәрімнің оларға айтар өз ойының бар екендігін ұғынуға болады.

Бұл кездегі діндердің бәрі – нашар,
Ешбірі түзу емес, көңіл ашар.
Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді,
Тексерсең ойың түгіл жаның сасар.
Әлемдегі діндердің түп мақсұты
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:
Құдай – бар, ұждан – дұрыс, қиямет – шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар.

Шәкәрім кез келген діннің негізгі іргетасын құраушы, діңгегі осы үш нәрсе, бұдан асып кетер діннің мақсұты жоқ дейді. Әрі барлық діндердің мақсұты осы үш негізгі түсінікте бірігеді. Олай болса, Шәкәрімнің ойынша, дін жаратушының бар екенін мойындап, істеген ісіне қарай не бір сауап немесе жазаның болатынын қаперде ұстап, ұжданға сай өмір сүру дейді. Бұдан асып кететін ешбір дін жоқ. Шәкәрімнің ойынша, осы үш діңгекті негіз етуі тиіс дін атаулы адамдарды адамшылыққа жеткізудің орнына бір-бірімен дау сабасып, тартысқа түсіп, қоғамда адамдарды қиянатқа баруға итермелеп отыр.

Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,
Оны бөліп, дұспандық қару жасар.
Інжіл, құран – бәрі айтып тұрса дағы,
Мағынасынан адасып қара басар.
Сөйтіп бұзып, бүлдіріп есіл дінді,
Дін десе білімділер тұра қашар.
Ешбір дін үйтіп дұспан бол демейді,
Қанекей бұл сөзіме кім таласар.

Шәкәрімнің дін жайында айтар ойы айқын. Ол ешбір дін қиянат жаса, дұшпан бол демейді деп отыр. Ендеше, кінә дінде емес, сол дінді ұстанушылардың оның түп мағынасын түсінбей, дінді қолшоқпарға айналдыруында. Сөйтіп есіл дін бұзылады дейді. Яғни кемшілік дінде емес, діншілдерде болып отыр. «Құран сырын түсінбей бұрса дағы, жасырылмай жарқырап тұр керемет. Жаман тәпсір жайылып жер бетіне, дін десе тұра қашты есті азамат», – дейді Шәкәрім. Білімділердің, есті азаматтардың діннен тұра қашуының негізгі себебі жаман тәпсірде деп отыр. Дін мен діншілер туралы Шәкәрімнің пікірі осындай.

Діннің тәуиліне жетуге ең керегі Шәкәрім үшін ол – таза ақыл. Таза ақыл – бұл адамның жанының қасиеті. Ол жан жаратылғанда оған қасиет ретінде берілгенін қайтадан еске саламыз. Таза ақылды жан тән үшін жұмсап жібермей, ол одан азат болса, өзгермелі дүниенің сырын танып, оның мәңгіліктің алдындағы өлшемін жасайды. Сөйтіп таза ақыл түп иесіне өзі әкеледі. Шәкәрімнің ойы осы астарлас екені аңғарылады. Таза ақыл жанның қасиеті ретінде берілген дедік. Бұл турасында Шәкәрім «Жер жаралмай тұрғанында, менде Асықтың нұры бар! Жан денеме кіргенінде, бірге кірген осы дерт», –дейді. Жанның қасиеті таза ақыл былғанбаса, сол түпкі иесін табуда дамылдамайды. Бұл таза ақылдың қасиеті жанмен бірге кірген деп тұр Шәкәрім. Бірақ таза ақылды адамдар әдетіне, дініне байлап беріп, қор қылып, жауды жар деп адасады. Таза ақылдың таппасы жоқ деп байлам жасаған ойшылдың бұл жайындағы ойы өте терең. Ол әлі де болса зерттеуді талап етеді.

Дін тазасын діннен ізде,
Дін шатағын сынға сал.
Анық айна өзіңізде,
Айда ақылды қаттырақ.

«Діннің тазасын діннен ізде, ақылды қаттырақ айда» дегенде тағы да таза ақылға мойынұсын деп отыр. Сонымен, Шәкәрім сынға алған діншілерге жетпей жататыны да ноқтасыз сау ақыл, таза ақыл екен. Енді жоғарыдағы барлық діндерге негіз болған, олардың барлығы тоқайласатын үш діңгекке қайтып оралсақ.

Ол үш діңгек, Шәкәрім айтып өткендей, құдай – бар, ұждан – дұрыс, қиямет – шын деуде. Осы құдай бар деп оған мойынұсынуды Алла тағалаға иман келтіру дейді. Енді осы иман турасындағы Шәкәрімнің ой-толғамдарына назар аударсақ, иманның мағынасы туралы ол өзінің «Мұсылмандық шарты» деп аталатын еңбегінде: «Иман деген Алла тағаланың барлығына, бірлігіне, басқа Алла жоқтығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ақылмен нанбақ», – дейді. Иман турасында Шәкәрім өте көп ой-толғамдар қалдырған. Иманның адамдағы шынайы көрінісін Шәкәрім қиянатсыздық арқылы өлшейді. Оның ойынша, қиянатты болу имансыздықты білдіреді. «Қиянатың бар болса, иманың жоқ. Маған десе, мың жылдай қыл ғибадат», – дейді. Немесе тағы бір өлеңінде:

«Тәңір жолы – ақ жүрек, Сайтан деген – қиянат», – деп қиянат жасауды сайтанмен теңейді. Шәкәрім осы «қиянат» ұғымы арқылы сайтанды ұғындырып отыр. Сайтанды бір көріністерден іздемей-ақ осы қиянатшыл адамдардан-ақ көруге болады. «Ешкімге зиян тигізбей, сайтанға беттен сүйгізбей, ғаріптің көңілін күйгізбей, жүрегіңді нұрмен жу», – дегенде де ойшыл адамға зиян келтіруді сайтанға беттен сүйгізумен теңеп отыр емес пе. Сондықтан Шәкәрім осы сайтанға айналмау үшін адамға қиянатсыздық – иман керек деп отыр. Имансыз адам – қиянатшыл сайтан. Діннің де негізгі мақсаты – осы қиянатсыз болуға шақыру. Бұл қандай дін болмасын негізгі шарт болып саналмақ.

... Мейлі, кімге шоқынсын,
Шын іздесе тәңірісін.
Қиянатты жау деп білсін,
Онан тиып нәпсісін», – дейді дін туралы өлеңінде.

Екі жүзді болу, екі түрлі сөйлеу, пара алу – бұның барлығы имансыздықтың кесірі, қиянатты болудың көрінісі деп отыр. Ең асыл адам қиянатсыз деп тағы да ой түйіп өтеді. Осыдан келіп Шәкәрімнің діні тілдегі дін емес, таза харекеттегі дін екенін аңғарамыз. Имандылыққа тек тілмен ғана жету емес, дұрыс амалмен, харекетпен жету. Қиянатқа бастаған діншілдерді Шәкәрім зұлымдықтың бастаушысы деп таныған.

Шәкәрімнің дүниетанымындағы иман турасындағы ой-толғамдарды зерделей отырып, біз оның иманға байланысты «шатақ иман» және «шын иман» ұғымдарын қолданғанын аңғардық. Жоғарыда иман дегеннің мағынасы жаратушының бар екеніне, бір екеніне мойынұсынуда екенін айтып өттік. Ендеше, сол иман қалай шатақ және шын деп бөлінеді? Бұл жерде Шәкәрім аталмыш ұғымдарды шартты түрде қолданғанын түсіну қажет. Олай болмаса иман ол әрқашанда мағынасы біреу-ақ. Шәкәрім осы Аллаға иман келтіргендердің оны түсінуіне қарай иманды «шатақ иман», «шын иман» деп шартты түрде қараған. Шын иман дегеннің не екеніне келсек, Шәкәрім шын иманға Алла тағалаға таза жүрекпен иман келтіруді айтқан. Бұнда сөзден гөрі, ішкі жан дүниеңмен сезіну басым. Сырт тазалығынан гөрі, іш тазалығына аса зейін қою. «Құран ұстап тұзақ құрма, Інжіл ұстап қақпан қылма, адам аулама», – дейді. Кез келген діншіл қиянатты болса, «жүрегі болса тайғақ саз, сопысынып қылма наз», – деп алдымен жүрек тазалығын қылу керек дейді Шәкәрім. Ішкі тазалық, жан дүниеңмен сезіну, шынайы қиянатсыз болу бұл шын иманға тән. Ал шатақ иман ол сыртқы шарттарды орындап, оның ішке енбей қалуы. Бір қағидаға қатып қалу, ауызбен мұсылман болу, сыртын түзеп аласұру. Мұсылмандық жолдағы көптеген молдаларды сынға алғанда олардың иманын шатақ иман деп, Шәкәрім осы тұрғыдан сынға алған.

Жүрегі қатып мұз болған,
Майда тілі біз болған.
Қызтеке еді қыз болған
Бейне алдамшы сопылар.
Бар ма маған бір сын деп,
Ұстағаным не дін деп,
Ойламайды кіммін деп,
Жүрегінде тоты бар.
Қанша жарық нұр құйсам,
Хақиқаттан сыр құйсам,
Нәпсі деген оты бар.

Шатақ имандылар туралы Шәкәрімнің ойы осындай. Иманның шын мәнін түсінбей, құр иман келтірдік деп сыртқы шарттарды орындап, бірақ ішкі тазалыққа жете алмаған, жүрек тотынан тазара алмаған, жүрегін дерттен сауықтыра алмаған діншілдердікі, Шәкәрімнің ойынша, шатақ иман болып саналады. Оның «молдеке» деп кекесін танытып үнемі айтып отыратын молдекесі, Шәкәрімнің пайымдауынша, осы шатақ иманның иесі. Шын иманның мәнісі жүректі дерттен емдеу, дінді мақтан үшін немесе жақсы көріну үшін емес, адамшылық үшін тұтқан адамдардікі шын иман болып саналады. Осы екі ұғымды айыра білген адам Шәкәрімнің дін және діншілдер турасындағы көзқарастарына жан-жақты, терең көз жеткізе алады. Мұны білген дұрыс.

Тәңірін іздеп бір мұңғыл
Тас суретке шоқынса,
Өлсе де, болып соған құл,
Иманын бұзбай отырса.
Атақ, пайда іздемей,
Ойында мақтан жоқ болса,
Қиянатты көздемей,
Қанағатқа тоқ болса.
Молдеке, оған таңданба,
Сол кіреді бейіске,
Екі жүзді сандалма
Сен қаласың кейісте, – дейді Шәкәрім. Оның ойынша, әлгі мұңғылдікі шын иман. Мәселе оның қайда шоқынғанында емес, яғни сыртқы әрекетінде емес, ішкі жан дүниесіндегі тазалықта деп отыр. Бейіске сол кірединің мәні осында жатса керек. «Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді», – деген халықтық түсінікті еске түсірсек, молдалардың дін жамылып пайда тауып жүргендігі өмір шындығынан алынған ақиқаттың бір көрінісі емес пе. Дін жамылған зәлімдер деп Шәкәрім осы шатақ иманды тұтып, дінді пайдаланушыларды атаса керек. Оларды ойшыл зәлімдер деп атаған.

Құдайың мен дүниеге
Кезекпе-кезек шоқынсаң,
Инедей пайда тие ме
Мешітте мың жыл отырсаң?
Кімде болса шын мінез,
Болмас онда екі сөз,
Өлтірсе де көзбе-көз,
Иманын сатып, алмас бөз.
Иман да сол, дін де сол –
Адаспайтын айқын жол,
Күнде, мейлің ыза бол,
Бейіске анық киреді ол.
Мысал емес ындыным,
Әлгі мұңғыл – әулие,
Иманын сатқан жындының
Іздегені – дүние.

Адам неге иманын тез дүниеге айырбастай салады? Себебі иман оның ішіне енбеген, сыртында жүрген, ауызында ғана жүрген. Ал иман ішіне енсе, адам ол иманын өлтірсе де сатпайды. Өйткені ол сол ішкі жан дүниесіндегі байлығын, қасиетін бәрінен де жоғары санап, оны арзан іс-әрекеттерге оңай айырбастай салмаса керек. Шәкәрімнің түсінігі осындай.

Иман ең алдымен адамды қиянатсыздыққа әкеледі. Имансыз берілген білімнің өзі адамға жау болып шығуы мүмкін. Абай атамыздың балаға алдымен мұсылманша хат танырлықтай ғана білім беру керек дегенінің астарында баланы алдымен мұсылман қыл, содан кейін білім үйрет деген ой жатса керек. Әл-Фарабидей ғұламаның философияны үйренбестен бұрын имандылыққа, адамшылыққа үйрену керек деген қағидасының да астарында осыған үндес ой жатқан жоқ емес пе. Тәрбиесіз берілген білім адамға жау дегенде әл-Фараби бабамыз адамшылық ғылымы туралы айтып отыр емес пе. Имансыз адам қиянатшыл, оны Шәкәрім зәлім деп атаған дедік. Шәкәрім имансыз берілген білімнің қауіпті екенін де айтып өтеді.

Шын залымға берме ғылым,
Ол алар да оқ қылар.
Қаруым дер, кісі атып жер,
Ол ғылымды айла етер.
Қарғысына сен қаларсың,
Елді алдап ол алар.
Ақылы жоқ, малы көптің
Бірталайын еңіретер, – деген Шәкәрім бабамыз қоғамдағы білімді залымдардың қайдан шығатынын осылай меңзейді. Біліммен ғана адам тазара алмайтынын осылай ұқтырады. Шын иманның адамға не үшін керектігінің астарында ол Алла тағала үшін емес, ең алдымен адам үшін қажет екендігі жатса керек. Шәкәрімнің «адам өзін таныса құдайын танымақ» дегенінің мәні осында болса керек.

Шәкәрімнің иманға байланысты ой-толғамдарын оқи отырып, онда «жаңа иман», «ескі иман» деген ұғымдардың да кездесетіндігін айта кету керек. Шәкәрім: «Ескі иманымды отқа өртедім», – дейді.

Сопыларға біздің Жар бір қараса,
Жарық нұрмен жүрегін араласа,
Жанын жан, ескі иманын иман демей,
Байғұстар қалар еді-ау таң-тамаша.

Осындағы ескі иманын иман демей дегенді қалай түсінеміз? Оның себебі адам баласы жаратушыны бір күнде тани алмайды, ол сол жолда ғұмыр бойы болып, көріп-білгендігін, тазаруына байланысты оның жаратушының құдіретін аңғару деңгейі өзгере түспек. Сол кезде адам бұрынғы деңгейінде қалып қоймай, ол тереңдей түседі. Оның енді бұрынғы иманынан өзгерек, басқаша сезіну деңгейіндегі иманы қалыптасады. Алдыңғы сол адам тастап отырған деңгейін Шәкәрім ескі иман деп отыр. Ал жаңару, жаңаша байыптай түскенін жаңа деп отыр. Бұл адам кемелдігінің өзгеру сатысын аңғартса керек. Әлгі ескі иман арттағылар үшін жаңа иман болып қала беруі әбден мүмкін ғой. Алдыңғы адам тазару мен кемелдікте алға жылжып иманын толықтырса керек. Шәкәрімнің бұны ескі және жаңа деп бөліп қарауының мәні осында болса керек.

Шәкәрім ислам жайына келгенде,
Мұхамметті көре алсам,
Сөз айтып, жауап бере алсам:
«Адасты молда, – дер едім, –
Құранды үйрет келе алсаң», – деп, құрандағы ақиқатты дұрыс таныта алмай жүргенімізді айтып, тағы да шатақ имандағы молдалар жайын сөз қылады. Шәкәрім Мұхамметке ерекше құрметпен қарап, оны өте жоғары дәрежеде бағалаған. «Сөз айтып, жауап бере алсам» дегенде ойшыл Мұхамметке ерекше құрмет танытатынын аңғартады. Бұл оның исламға деген көзқарасын аңғартса керек.

Шәкәрім жоғарыдағы діндердің қазіргі замандағы жеткен жағдайын көрсету арқылы «Бұл күнде дұрыс иман жоқ» деген қорытындыға келеді. Оның бар себебі денеге жанды жеңгізіп иесін таба алмағандықтан дейді. Затшылдық көзін байлайды, жан билемей, тән билеудің арқасында адамдар адасып, дін бұзылады дейді.

Шәкәрім діндегі ең негізгі тіректің бірі – ұждан дұрыс деп айту дедік. Ол таза болуды, арлы болуды үнемі еске салып, бұны діннің негізі деп санаған.

Қояр ем мылжыңдамай сөзімді ұқса,
Қайтемін оны ұға алмай діннен шықса.
Азды ұқсаң, бұл сөзімді анықтап ұқ,
Иеңдей болам деме, Иеңе ұқса.
Тәңірің – таза болып бақ сен де кірсіз,
Әлің келсе, менен қаш, Иең – мінсіз.
Бұл Құдайдай боламын деген емес,
Сөзімнің түбін ұқпай деме дінсіз, – деген ойшыл, дінсіз емеспін, сөзімнің түбін ұқ деп отыр. Ең алдымен таза бол, қиянатсыз бол дейді. Оның бұл пікірлері пайғамбарымыздың «Адам баласына тілімен, не болмаса іс-әрекетімен зәредей зиянын тигізбеген адам, нағыз мұсылман деп айтуға лайық» деген хадисін еске түсіреді. Шәкәрімнің де айтар ойы осы нағыз мұсылмандықтың мәйегі деп айтар едік. Ол «Үш анықта» «адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылмандық жолы сияқты», – деп ойын қорытындылағанын ұмытпасақ керек.

Шәкәрімнің имандылық турасындағы ой-толғамдары осындай. Қазір біз өмір сүріп отырған қоғамда дін мәселесіне байланысты көптеген ушығып тұрған жағдайлар бар. Дін таратушылар жік-жікке бөлініп, дін жарыстырып, дау сабасып, іштей күрес жүргізуде. Солардың ең қауіптісі уаххабизм болып тұр. Бұл Абдулуаххаб деген адамның атымен пайда болған ислам әлеміндегі ең ықпалды көзқарас ұстанушылардың жолы. Абдулуаххаб ислам әлемінде «жаңалыққа қарсы» деген атауға ие болған. Яғни бұның мағынасы пайғамбар заманында бар нәрселерді, дәстүрлерді дұрыс деп санап, оны қай заманда да сол күйінде ұстану болып саналады. Уаххабистер – жаңалыққа қарсы жол ұстанушылар. Қазіргі қазақтың дәстүрлі мәдениетінің тамырына балта шауып, өлі риза болмай, тірі байымас деген ұлттық түсінігімізге кереғар, әруақтарды теріске шығару, қазақ қоғамындағы осы уаххабистердің негізгі миссияларының бірі болып саналады. Сөйтіп, ұлттық мәдениетті терістеп, арабтандыруды іске асыру. Шәкәрімнің «Қазақтың шыққан түбі батыр түрік, арабсың» деген сөздің түбі – шірік. Бәленше сахабаның үмбетті деп, ел бұзып жүр осында өңкей жүлік», – деп өз заманындағы уахаббистерге қаратып айтқан жүлік деген сөзі бар.

Пайғамбарымыз ешқашан өлілерді құрметтемеңдер демеген. Ол бір хадисінде: «Табыт көрсеңдер, орындарыңнан тұрыңдар, бұл сендердің болашақтарың туралы ескертеді», – дейді.

Әруақтарды еске алудың ешқандай дінге зияны жоқ, керісінше, адамдардың өлім туралы ойланып, тәубесіне келуіне жол ашпайды ма. Уаххабистердің пікірінше, адамдар пайғамбар заманындағы өмір салтын жоймау керек. Киім киісі, тұтынуы барлығы да сол заманға сай болуы керек.

Қазір ғылым мен техниканың дамыған заманы. Адам баласы Алла тағала берген қабілеттерінің арқасында көптеген мүмкіндіктерге қол жеткізді. Соның бірі – медицина. Уахаббистерге салсақ, басың ауырса, дәрі ішудің өзі Аллаға күмән келтіргенмен бірдей. Олар үшін жай ғана дәрі ішудің өзі теріс. Ал дәл осы жағдай турасында Шәкәрім өзінің «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде төмендегідей ой айтады. «Не болса Алланың пәрменімен болады... Бірақ оқып-білген дәрігерлерге емдетпек сауап, обал емес. Пайғамбарымыздың хадисі: «Ей, Алланың құлдары, ауруларыңызды емдетіңіз, Алла тағала дауасыз ешбір науқас жаратқан жоқ. Жалғыз кәрілік, ажалдан басқа», – деген. Бірақ дәрігер де анық жазады демейсің. Алла тағаладан шипасын кез қылар ма екен деп үміт қыласың. Пайғамбарымыз көзіне сүрме жағушы еді, көзім тозбасын деп. Аңда–саңда дәрі ішіп жүруші еді. Аңда–саңда карттықпенен қан алдырушы еді. Ішім тоқталды деген кісіге бал ішіп, ішіңді өткіз деуші еді. Оқыған дәрігерлік жаман емес екенін осыдан біл, бірақ бұл айтқанымыз біздің бақсы құшынаш емес, сонан жақсы ұғыңыз», – дейді Шәкәрім.

Міне, осылайша жаңалықты пайдалау керектігін Шәкәрім теріске шығармаған. Ал әруақтарды терістеуге келсек, пайғамбар заманында адамдардың қабіріне аса назар аударылмағаны ол заман онсызда пұтқа табынушы Мысыр перғауындарының қысымынан қуғын көріп, жалғыз Аллаға ғана құлшылық етуді жаппай қолға алған кез екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан уақытша қабірге зиярат етуге тыйым салынса керек. Өйткені санадағы пұтқа табынушылықты толық шығарып тастауға бұл қажет еді. Кейін пайғамбар әркімнің ата-бабаларының басына тәуіп етіп, белгі қоюға тыйым салмағандығы туралы деректер де жеткілікті.

Қорыта айтқанда, дін мәселесін бірезулікке салынбай, оны дұрыс түсіну – ең басты сау ақылдың міндеті. Ең негізгісі – адамның жүрегін тазарту, жүректі дерттен емдеу, қиянатсыз болу керектігінде. Әйтпесе Шәкәрім айтқан «шатақ иманға» түсіп кету қауіпті. Шәкәрімнің дін турасындағы ой-толғамдары бізге бұл мәселені тереңірек түсінуге көмектесіп, шынайы имандылыққа жол ашады. Оның бар құндылығы да осында.

**Арман КЕНЖЕБЕК,**
**Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Жезқазған қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі**

КЕЛЕШЕК КЕЛБЕТІ

# ТАЛАБЫ ТАУДАЙ

**– Мен бала күнімнен патриот болдым. Бәлкім, бұл менің спортқа ерте жастан араласқанымнан болар. Әрқашанда өз еліме, кіндік қаным тамған жеріме деген құрметім ерекше. Қазір жастардың көбі үлкен қалаларда тұруды армандайды. Әр күні айтулы оқиғаларға толы еліміздің басты орталықтарында тұрғылары келеді. Ал, мен керісінше ойлаймын. Жастардың бәрі үлкен қалаларға кете берсе, шағын қалаларды кім дамытады?! Мен үшін Жезқазғанның орны тым ерек. Осы өңірге тамшыдай болсын пайдамды тигізу үшін барымды саламын, – дейді нәзіктік пен қайсарлықты қос қанатындай еткен спортшы қыз Насима НҰРЫМОВА.**



Қазіргі уақытта қыздарын ерте жастан гимнастикаға баулығысы келетін ата-аналардың қарасы өте көп. Осы орайда ата-аналар гимнастика орталығын іздеп шабылуға кіріседі. Бір өкініштісі, Жезқазған сынды шағын қаладан кішкентай бикештерді ептілікке, шапшаңдыққа, ырғақтылыққа үйрететін гимнастика орталығын табу оңай емес. Міне, осы тұста, Насиманың «Шпагат мектебі» ойға оралады.

1997 жылы Кеңгір елді-мекенінде дүниеге келген Насима көпбалалы отбасында туған. Он балалы отбасында өскен оның ата-анасының да, бауырларының да спортқа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жандар. Төртінші сыныпта оқып жүрген кезінен бастап былғары қолғапты серік еткен ол неліктен боксты таңдағанын «Себебі ауылда одан басқа үйірме болмады, сондықтан боксқа жазылуыма тура келді» деп күле еске алды. Боксты тез меңгерген өрімтал қыз алғашқы спорттық жарыстан-ақ жеңіс тұғырларынан көріне білді. Оның спортқа ептілігін байқаған ұстаздары Қарағанды қаласындағы Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернатында білімін жалғастыруға ұсыныс білдіреді. Осылайша Насимаға елімізге белгілі талай спорт саңлақтарын даярлаған шаңырақта білім алу бақыты бұйырды. Осында жүріп он бірінші сыныпты аяқтаған ол одан әрі білімін мысты шаһардағы Жезқазған индустриялды-гуманитарлық колледжінде жалғастырады. Аталмыш колледжде «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығын меңгеріп шығады. Оқуын ойдағыдай бітірген ол балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебіне орналасады. Осы арада сұлулық салондарында да жұмыс істейді. Спортпен кәсіби түрде айналысқан Насима – бес дүркін облыстық чемпионаттың жеңімпазы. Республикалық және халықаралық додаларда да оза шапқан ол Қазақстан Республикасы спорт шеберлігіне үміткер. Насима спорттық мансабында бокспен қатар каратэмен де шұғылданданады. Уақыт өте көркем гимнастикаға да қызығушылығы артқан ол осы саланы толыққанды меңгеруге бел буады. Осылайша спорттағы әдемілік, әсемдік ұғымдарымен астарлас көркем гимнастика саласын жетік меңгерген аруға «Неге көркем гимнастиканы Жезқазғанда дамытпасқа?» деген ой келеді. Арманы алға жетелеген Насима осылайша «Шпагат мектебін» ашты. Құрылғанына бір жыл болмаған бұл орталықта ол көркем гимнастиканың түрлі қыр-сырларын тереңінен үйретеді. Бес жастан он екі жасқа дейінгі балаларға дене серіппелігі мен шпагатқа отыруды, гимнастиканың түрлі қимыл-қозғалыстарын, ал он сегіз жастан асқан ересектерге бұлшық еттің икемділігін дамытуға ықпал ететін статикалық жаттығулар жүйесі стретчинг тәсілдерін үйрететін «Шпагат мектебіне» бүгінде жиырма бала мен он ересек кісі барып жүр.

– Мен бокспен сегіз жыл, каратэмен екі жыл айналыстым. Айтбай Сейітов, Қанат Есенов сынды білгір бапкерлерден тәлім алдым. Олар маған әрдайым қолдау көрсеттті. Түрлі спорттық додаларда бақ сынап, өз-өзімді шыңдауға, тәжірибе жинақтауға және өзімді дәлелдеуге мүмкіндік берді. Одан әрі Қарағандыда оқып жүргенімде Сидней олимпиадасының қола жүлдегері, тек Қарағанды облысы аумағына ғана емес, республикамызға белгілі бапкер Аркадий Табаевтан да үйренгенім мол болды, – деген Насима жетістіктерін ұстаздарынан алған тағылым мен тәрбиенің арқасында дейді.

– Мен ешкімді де спортпен шұғылдануға мәжбүрлемеймін. Біреулер спортқа жан-жүрегімен жақын болуы мүмкін. Екінші біреулер спортқа мүлде қызықпайды. Оған оларды кінәлауға да болмайды. Себебі, әркімнің жан қалауы әр түрлі. Соған орай олардың қызығушылықтары да түрліше. Меніңше, адам баласы өз қабілетіне қарай өзі сүйген ісімен айналысуы керек. Ол сол кезде ғана бақытты болады. Халқымыз «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» деп жиі айтады ғой. Келіспеске хақым жоқ. Алға қойған жоспарларым өте көп. Желтоқсан айының соңына қарай тәрбиеленуші шәкірттерімді сахнаға шығарып, өнерлерін көп алдына ұсынғым келеді. Өз мектебімді де кеңейтіп, жезқазғандық өрендерді биік тұғырларға шығарып, еліміздің мыс астанасын әлемге паш еткім келеді, – деп әңгімесін қорытындылады Насима. Талабы таудай жасқа барша жерлестері үкілі үміттерін артады және сенеді.

# ҚОСЫМША БІЛІМ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚОСАРЫ ҚОМАҚТЫ

**Осыдан он ғасыр бұрын, XI ғасырда өмір сүрген әйгілі философ, ақын, ағартушы Жүсіп Баласағұнның «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауға жәрдем ет» деген сөзін басты ұраны еткен «Грант» білім беру орталығының басшысы Самат Өскенов қаламыздағы Қ.Шыңғысов атындағы № 5 орта мектебіндегі озат оқушылардың бірі болды.**

2006 жылы Қарағанды қаласындағы «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернатына оқуға қабылданған ол аталмыш мектепте жаратылыстану ғылымдарын, соның ішінде физика, математика саласын толық меңгеріп шығады. Мектепті бітірісімен ел астанасы Нұр-Сұлтан қаласындағы Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінен инженер-технолог мамандығын меңгерген ол туған қаласы Жезқазғанға оралады. Мектеп жасынан-ақ, физика-математика саласын үздік оқыған Самат Жезқазғанға келіп, өз мамандығынан тыс, педагогика саласына, яғни, мұғалімдікке ден қояды. Осылайша екі жыл қаламыздағы қосымша білім беру орталықтарының бірі Халықаралық балалар академиясында жұмыс істейді. Ұстаздық кәсіппен толыққанды танысқан Самат өз достарымен бірлесе отырып, 2016 жылы «Грант» білім беру орталығын ашады. Қазақ халқы қадір тұтқан, жетінші айдың жетісі күні ашылған орталықтың білім беру саласында қызмет атқарып жатқанына – биыл төртінші жыл. Негізгі жұмысы Назарбаев интеллектуальды мектебіне, білім-инновация лицейіне түсуге және Ұлттық бірыңғай тестілеуге шәкірттер дайындауға бағытталған орталықтың құрамы да өзгеше. Орталық мұғалімдері – 100 % жастар. Қай кәсіптің де қызығы мен шыжығы қатар жүрері ақиқат. Алғашқыда көпке онша белгілі бола қоймаған орталыққа уақыт өте жастар қызығушылық танытып, қосымша білім алуға келе бастайды. 2017 жылы жаңа ҰБТ форматы бойынша дайындалған шәкірттерінің бірі № 1 мектептің Мәди Әмірхан есімді оқушысы жастар үшін өмірінің маңызды кезеңдерінің бірі саналатын осынау тестілеуде 137 балл жинап, барша орталық ұстаздарының мерейін көкке көтеріп тастаған еді.

– Жалпы «Грантта» білім алушылардың көбі – 11-сынып оқушылары. Олар ҰБТ-дан жоғары балл жинап, мемлекеттік грантқа түсуді көздеп келеді. Қазір біздің шәкірттеріміз еліміздің әр түрлі аймақтарындағы, белді жоғары оқу орындарында білім алуда. Біздің орталық шәкірттерінің 90 %-ы мемлекеттік грантқа оқуға түседі. Біздің орталық тек білім беріп қана қоймайды, оқушылардың тәрбие жұмыстарына да ерекше мән береді. Біз ұстаздар және оқушылармен бірігіп, маңызды мерекелерді қалт жібермей атап өтеміз. Мысалы, былтыр оқушылармен жаңа жыл мерекесін, биыл алтын күз мейрамын тойладық. «Мейірімді жүрек» акциясын ұйымдастырып, қала тұрғындарына жылы сөздер айтып, шоколадтар сыйлап таң қалдырдық. Біздің шәкірттеріміз аналарына дайындаған «Мен сізді жақсы көрем, анашым!» атты бейнеролик те әлеуметтік желілерде көп қаралым жинап, елдің қолдауы мен ықыласына бөленді. Биыл наурыз мерекесінде Алаш алаңында бізде орталық атынан киіз үй тіктік. Біздің киіз үй сол күні алаңға тігілген жиырмаға жуық киіз үйлердің ішінен екінші орынға ие болды. Орталық жастары біліммен қатар спортқа да жетік. Оған олардың аяқ ісінуіне ұшыраған қаламыздың кішкене тұрғынына арнап ұйымдастырылған футболдан қайырымдылық акциясында II орынды иеленуі дәлел. Орталық ұстаздары да қалыс қалмайды. Мысалы, біздің орталықтың ұстаздары Қарағанды облысы бойынша қосымша білім беру орталықтары арасында ұйымдастырылған футбол жарысында соңғы екі жылда бас бәйгені берген емес. Біз шәкірттерімізге қай кезде де барынша қолдау көрсетуге әзірміз, – дейді Самат.

Қазіргі таңда қаламызда қосымша білім беру ошақтарының саны артып келе жатыр. Бұның себебін толығырақ Саматтан білгенді жөн көрдік.

– Қазіргі кезде мұғалім мәртебесі соншалықты биік дей алмаймын. Көбіне қағазбастылық, үйде де сабақпен әуре болу және жалақының аздығы ұстаз мамандығына деген қызығушылықты төмендетеді. Ер балаларды былай қойғанда, қыз балалардың да ұстаздықты меңгеруге деген ынтасы азаюда. Бұған жастарды кінәлауға да болмас. Сол себепті, мектептерде жастардан гөрі, егде жастағы мұғалімдер көп. Олар көбіне өзіндік әдіс-тәсілдермен тек сабақ бағдарламасын үйретуге ғана мән береді. Ал, жастар ізденімпаз келеді. Жаңашылдыққа, жасампаздыққа ұмтылады. Негізі қосымша білім беру орталықтары өздігінен пайда болмады. Бұл орталықтарға сұраныс туындаған соң, ұсыныс пайда болды. Міне, осылайша, білім беру орталықтарының саны көбейді, – деп жауап берді ол.

Орталықта білім алып жатқан шәкірттердің бірі – Қ.Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Жасұлан Әбдікәрімов:

– Мен бұл орталықта химия және биология пәндерінен қосымша білім алудамын. Болашақта С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетіне «Жалпы медицина» мамандығына оқуға түскім келеді. Бұл орталыққа келгенде мен 54 балл жинадым. Соңғы бақылау тестінде балым 64-ке көтеріліпті. Қазір 5-сыныптан бастап барлық тақырыптарды қайталау үстіндемін. ҰБТ-ға дейін жүз балдың үстіне шығып, грантқа түсіп, ата-анамды, ұстаздарымды қуанышқа кенелтемін деп ойлаймын. Мен өзімнің Самат ағай жетекшілік ететін «Грант» білім беру орталығын таңдап, осында білім алуға келгеніме еш өкінбеймін. Мектепте қайткен күнде де ұстаз бен шәкірт арасындағы субординация қатаң сақталады. Әрине, ол да дұрыс шығар. Ал, бұл жерде біз ұстаздарымызбен тек ұстаз ретінде ғана емес, дос, сырлас ретінде қарым-қатынас жасаймыз. Олар бізге ағалық, әпкелік көмектерін көрсетуден аянған емес. Маған химия, биология пәндерін үйретіп жатқан ұстазым Айбар Мәшеновке де алғысым шексіз, – деді.

Өзінің жастығына қарамастан соңынан ерген қаракөз іні, қарындастарына қолдау көрсетіп жүрген Самат Өскеновтің «Грант» білім беру орталығының Сәтбаев қаласында да филиалы бар. Орталықтың бұрынғы ұстаздары Қарағанды қаласында да



Саматтың келісімімен «Granттың» жаңа орталығын ашты. Қазіргі таңда жезқазғандық жеті, сәтбаевтық бес жасты жұмыспен қамтып отырған Саматтың «Грант» білім беру орталығында үш жүзге тарта бала математика, физика, химия, биология, логика және шахмат курстарында білім алуда. Орталық ғимаратын жалға алып жұмыс істеп жатқан ол алдағы уақытта екі-үш қабатты жаңа «Грант» ғимаратына кіретін бақытты мезетті асыға тосуда. Ерінбей еңбек еткен жан ғана діттеген арманы мен көздеген мақсаттарына жетері анық. Ендеше, инженерлік кәсіптен ұстаздыққа ауысып, шәкірттер мен ата-аналардың алғыстарына ие болған Самат Өскенов «Ұстаз» атты ұлы мамандықпен марапаттан марапаттарға жете берері сөзсіз.

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қашанда да жастарымызды назардан тыс қалдырмай, олардың өсіп-өркендеуіне мол мүмкіндіктер жасауды тапсырады. 2019 жылды Жастар жылы деп жариялау жастарға деген қолдаудың тағы бір парасы. Осыған орай, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Парасатты жастар – тәуелсіздігіміздің тірегі» атты сұрақ-жауап кеші өткізілді.**



# ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Шараға белгілі өлкетанушы, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Сағындық Қожамсейітов және «Жас Отан» жастар партиясы қанатының төрағасы Абай Арыстанбекұлы қатысты. Сұрақ-жауап кешінде Сағындық Қожамсейітов жастарға өз өмірі жайлы, жастық шағы туралы әңгімелеп берді. Сонымен қатар, «Қарашаңырақ Қарсақбай», «Қазақ елінің кіндік мекені – Жезқазған» атты еңбегі оқырмандарға көрсетілді. Талай жыл қарашаңырақ Қарсақбай елді-мекенінде еңбек еткен еңбекшілердің өмірі жайлы сыр шерткен кітаптарына оқырмандар да риза болды.

Кездесу барысында қала жастарына «Жас Отан» жастар партиясының төрағасы Абай Арыстанбекұлы өзі-нің қызметі жайлы, еліміздің бас партиясына қалай келгені туралы баяндап, жастарды әңгімеге тартып, олардың көкейінде жүрген сұрақтарға тұщымды жауап берді. Жастайынан мектепте үлгілі оқушы болып, одан кейін саясатқа араласып, көптеген іс-шараларға қатысып, алға ұмтылғанын айтып, жастарға үлгі тұтарлықтай ой салды.

Кітапханаға келген оқырмандарға кітапханшы кітап көрмесіне шолу жасады. «Мен жастарға сенемін» деп ақын Мағжан айтқандай, шынымендe, біз жастарға сенеміз. Өйткені, олар – еліміздің болашағы.

**Құралай ҚОЖЫРБАЕВА,**
**Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы**

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА

# ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР БАС ҚОСТЫ

**«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында «Азаматтық қоғам және мемлекет: диалог, серіктестік және сенім» атты үкіметтік емес ұйым өкілдерінің форумы өтті. Осыдан он алты жыл бұрын Қазақстанның азаматтық альянсының бастамасымен құрылған үкіметтік емес ұйымдардың саны жыл сайын біздің қаламызда да артып келеді.**




– Елімізде мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың бірлесе белсенді жұмыс істеуінің арқасында бірқатар маңызды мәселелер оң шешімін табуда. Біздің ортақ міндетіміз – адамдардың барлық сұраныстарына тез жауап беретін «еститін» мемлекет тұжырымын жүзеге асыру, тек диалог арқылы үйлесімді мемлекет құруға болады. Сондықтан, азаматтық қоғамды қолдау және нығайту, оны өзекті мәселелерді талқылауға тарту қажет деген болатын. Бүгінгі таңда қаламызда 127 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Олардың қатарында белсенді жұмыс істейтін 30-ға жуық қоғамдық бірлестік бар. Алдағы уақытта үкіметтік емес ұйымдардың санын бұдан да арттыра отырып, негізгі мәселелердің түйінін шешуге атсалысатын боламыз, – деді форум басында сөз алған Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Батырбекова.

Форум «Заман жарғысы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Әсем Асанханова мен «Мейірімді жүрек» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Эльвира Алпанбаеваға облыс әкімі Жеңіс Қасымбековтің Алғыс хатын табыстаумен басталды.

Келесі кезекте сахна төріне 50 000 теңгелік сертификат иелері шақырылды. Аталған сертификатты қаламыздың қоғамдық өміріне белсене араласып жүрген Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Айып Байқасынов, Жезқазған, Сәтбаев, Балхаш, Қарағанды қалалары бойынша филиалдарында 13 000-ға жуық зейнеткер мүше, 56 бастауыш ұйымы бар «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы ардагерлер кеңесі төрайымының орынбасары Алтын Шайменова, биыл «Менің елім» акциясы мен «Тіл-дүниенің кілті» тақырыбында түрлі іс-шаралар және денсаулдық фестивалін ұйымдастырған «Ұлытау қыздары» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Рақыш Ыдырысова, қаламыздағы мүмкіндігі шектеулі балаларға барынша қолайлы жағдай жасауды басты мақсаты еткен «Өлке тану» қоғамдық қайырымдылық қоры жанынан құрылған мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Нұр» медициналық-әлеуметтік оңалту орталығының директоры Гүлсара Жылқайдарова, әлеуметтік жағдайы нашар отбасыларға, жасөспірімдер мен аналарға көмек көрсететін «Томирис» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Валентина Предеина, түрлі танымдық іс-шараларды ұйымдастырып, жастарға қолдау білдіріп жүрген «Мейірімді жүрек» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Эльвира Алпанбаева, талантты қала жастарының басын бір арнаға тоғыстырып, «Алаңым» жастар театры мен «Step Forward» арт-холын ұйымдастырған «Заман жарғысы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Әсел Асанханова және жезқазғандық спортты елімізге паш етіп жүрген спортты дамыту орталығының басшысы Саят Балмағанбетов иеленді.

Ал 20 000 теңгелік сертификаттар «Денсаулық кілті» қоғамдық қорының төрайымы Светлана Елкинаға, «Ақ әжелер» ансамблінің жетекшісі Шүкір Молдағалиеваға, Жезқазған қаласы іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Айман Мусинаға, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Жезқазған аумақтық кәсіподақ ұйымының төрағасы Марат Қоңырбаевқа, «Өркен-Сәуле» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Сәуле Аманжоловаға, «Жез тағылым» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Хансейт Бөленге, «Даму-Ұлытау» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Қания Тұрсынбаеваға табысталды.

*Бет материалдарын әзірлеген*
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ

# «ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ КІРМЕ СӨЗДЕР СӨЗДІГІ» ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Ұлттық аударма бюросының үйлестіруімен «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі» мен Оксфорд сөздіктері («Әлеуметтік ғылымдар сөздігі», «Экономика сөздігі») жарыққа шыққан еді. Сөздікті шығаруға сала мамандары мен беделді ғалымдар, тіл мамандары атсалысты. Осыған орай «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігін» құрастырушы топқа жетекшілік еткен, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының сұхбатын назарларыңызға ұсынамыз.**

***– Алғаш рет 9000-ға жуық сөзді қамтитын «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі» жарық көріп отыр. Бұл жоба қашан басталған еді?***

– Сөздіктің жұмысын осыдан бір жылдан астам уақыт бұрын 2018 жылдың қазан айынан бастадық. Сөздіктің нұсқаулығын дайындаудан бастап, оған енетін реестр сөздерді анықтап, түсіндірме анықтамаларды жазып болғанға дейін 8 айдан аса уақыт кетіпті. Қалған екі-үш айда сөздікті редакциялап, баспаға дайындап, беттелген нұсқасын қарап шықтық. Негізінен 2011 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жұмыс істеп жүргенде «Кірме сөздер сөздігі» деген ғылыми жобаның негіздемесін дайындап, осындай сөздік жасауды жоспарлап, тілдік материалдар жинай бастаған едім. Жобаны қаржыландыру мәселесі де шешілген болатын. Алайда, артынша Мәдениет министрлігіне қарасты Тіл комитетін басқаруға шақырылып, мемлекеттік қызметке ауысып кеткендіктен бастаған істі аяқтау мүмкіндігі болмады. Ол жобаны кейін институттағы әріптестер жалғастырды.

***– Сөздікте қанша сөз қамтылды, көлемі қандай?***

– Сөздікте 9 мыңға жуық, дәлірек айтқанда 8 985 сөз қамтылды. Көлемі – 596 бет, 37-ден астам баспа табақ.Таралымы – 10 000 дана.Бастапқы жинақталған түсіндірме анықтамаларды түгел қамтығанда еңбек бұдан да көлемді болар еді. Бірақ, біз авторлар дайындаған түсіндірме анықтамалар жазылып болғаннан кейін де, оның үштен біріне жуығын қысқарттық. Өйткені олардың арасында көпшілік қауымға аса таныс емес, тек белгілі бір ғылым салаларының мамандары ғана білетін ғылыми терминдер едәуір болды. Шет тілдерінен енген ондай терминдер түрлі ғылым салаларында жүздеп, мыңдап саналады. Терминдердің терминологиялық сөздіктерде берілгені орынды. Біз солардың арасынан көпшілікке мейлінше таныс, жалпы тілде жиі қолданылатын, тіл тұтынушылары тарапынан көп ізделетін атауларды барынша қамтуды көздедік.

***– Сөздік жасауға кімдер қатысты, құрастырушы авторлар туралы айта кетсеңіз?***

– Сөздікте өзге тілдерден енген сөздер қамтылып, олардың мағынасы түсіндіріліп, шығу тегі көрсетілетіндіктен, оған жетекшілік етуге, құрастыруға шет тілдерінің мамандары көбірек тартылды.Мәселен,Бағлан Мизамхан Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті аудармa және филология факультетінің деканы, Қазақстан аудармашылары қауымдастығының президенті, филология ғылымының кандидаты, көптеген еңбектерді аударған тәжірибелі маман. Дәурен Боранбаев – осы университеттің Аударма ісі: ілеспе аударма мамандығын тәмамдап, аударма ісі магистрі ғылыми дәрежесін алған, шетел филологиясы мамандығы бойынша докторантурада оқып жүрген маман. Ал, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының профессоры Сәбира Исакова Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің француз факультетін француз және орыс тілдері мамандығы бойынша бітірген, филология ғылымының докторы, профессор. Гүлфар Мамырбек Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің филология факультетін араб тілі мамандығы бойынша тәмамдаған, филология ғылымының кандидаты. Қазір Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ғылыми-практикалық орталығында орфография басқармасының басшысы. Гауһар Әлімбек Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті профессоры, филология ғылымының кандидаты, доцент. Сөздіктің жалпы редакциясын басқарған әрі авторларының бірі өзім де Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессорымын. Жобаның жетекшісі – Ұлттық аударма бюросының директоры Рауан Кенжеханұлы.

***– Кірме сөздер сөздігін дайындаудың маңызы қандай, оған деген сұраныс бар ма?***

– Мұндай сөздікке сұраныс та бар, қажеттілігі де дау туғызбайды ғой деп ойлаймыз. Тілімізде шет тілдерінен енген мыңдаған сөз бар. Олардың қандай мағынаны білдіретінін, қай тілдің сөзі екенін әркім-ақ білгісі келеді. Мектеп оқушысынан бастап, түрлі саланың мамандары шет тілдерінен енген сөздердің мағынасын түсінгісі келіп, түрлі құралдарға, сөздіктерге жүгініп жатады. Тіл мамандары біз де үнемі олардың мағынасын анықтап, этимологиясын білуге ниетті болып жатамыз. Ондайда көбінесе орыс тілінде жарық көрген «Словарь иностранных слов» сияқты сөздіктердің әр жылғы басылымдарына жүгінеміз. Қазақтілді қауымның қажетін өтейтін мұндай сөздік өз тілімізде де болуы керек қой. Меніңше, мұндай сөздік оқушылар, студенттер, мұғалімдер мен оқытушылар үшін де, әртүрлі мамандық иелері үшін де өте қажет. Жалпы кірме сөздер сөздігін жасау қажеттілігі туралы жиі айтылып, мәселе көтеріліп жатады. Осыдан екі ай уақыт бұрын 26 қыркүйекте Алматы қаласында тіл мәселесіне арналған жиын өтті. Оған мәдениет министрінің орынбасары қатысты. Сол жиында Экономика институтының директоры, академик Әзімхан Сатыбалдин бізге, тіл мамандарына қаратып: «Балаларымыздан бастап, бәріміз шет тілдерінен енген сөздердің мағынасын іздегенде қазақша мардымды мәлімет таппай жатамыз, «Кірме сөздер сөздігін» неге жасамайсыздар?» деді. Біз осындай сөздіктің жуырда жарық көретінін айттық. Яғни, бұл да кірме сөздер сөздігіне деген қажеттіліктің бар екенін айғақтайтын нақты мысалдың бірі. Жалпы мұндай сөздік бұдан едәуір ертерек жасалса орынды болар еді. Алайда, жекелеген тілдерден енген сөздерді (араб-парсы) қамтыған шағын сөздіктер шыққанымен, бірнеше тілді қамтыған сөздікті жариялаудың орайы енді келді. Бұл бірнеше тілден енген кірме сөздерді қамтыған алғашқы сөздік. Ендігі жерде осы сөздікті жасау тәжірибесін ескеріп, келесі басылымдарды бұдан да толымды, көлемді етіп, құрылымдық-мазмұндық тұрғыдан түрлендіріп, жетілдіріп шығаруымызға болады.




Ұлттық аударма бюросы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында біздің «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігімен» қатар Оксфорд сөздіктерін («Әлеуметтік ғылымдар сөздігі», «Экономика сөздігі») де аударып басты. Мұндай бұрын басылмаған жаңа үлгідегі сөздіктердің жарық көруі лексикографияның дамуы, сөздіктер сапасының көтерілуі үшін өте маңызды.

***– Кірме сөздер сөздігінің құрылымында қандай ерекшелік бар?***

– Сөздік алғы сөзден, пайдаланушыға арналған нұсқаулықтан, шартты қысқартулар мен әліпби ретімен берілген реестр сөздерден тұрады. Реестр сөздер жартылай қою үлкен әріптермен берілді. Құрылымы жағынан сөздік лексикографияда кең тараған, сынақтан өткен үлгі бойынша жасалды. Ал, сөздердің мағынасын түсіндіруде сөздік мақаланың мейлінше қысқа, нақты болуына көңіл бөлдік. Сөздік көлемі тым ұлғайып кетпеуі үшін әр мақалада сол сөздің қолданысын көрсететін мысал берілмеді.

***– Сөздікте қай тілдерден енген сөздер көп қамтылды?***

– Сөздіктегі сөздердің басым бөлігін араб, парсы, ағылшын, грек, латын, француз, неміс, испан тілдерінен енген сөздер құрайды. Португал, орыс, моңғол, түрік тілдерінен енген сөздер олармен салыстырғанда әлдеқайда аз. Сондай-ақ, әзербайжан, бретон, венгер, жапон, идиш, исланд, кельт, қытай, малай, нанай, нидерланд (голланд), норвег, поляк, румын, тибет, украин, хинди, чех, швед, шотланд тілдерінен енген сөздер де бар. Бұл тілдерден енген сөздер одан да сирек кездеседі. Сөздіктегі араб, парсы, моңғол, түрік сөздерінен өзге тілдер сөздерінің дені бізге орыс тілі арқылы енген. Орыс тілі өзінің дыбыстық жүйесіне, емлесіне икемдеп қабылдаған кірме сөздердің бәрі дерлік біздің тілімізге сол қалпында, өзгеріссіз алынған. Сондықтан олардың кірме сөз екендігі көзге ұрып, бірден көрініп тұрады. Бірақ, нақты қандай мағынаны білдіретінен жұрттың бәрі біле бермеуі мүмкін. Ал, араб және парсы тілдерінен енген сөздердің көбі өзіміздің төл сөздеріміз сияқты қабылданады. Мысалы, айла, ақыл, алқа, әйел, әзіл, әйнек, әскер, жауап, жесір, заман, қиял, қуат, мата, мұра, хат, шарап, бақыт деген сөздердің араб тілінен енгенін, ал айна, алау, байғұс, бақша, жануар, жоңышқа, жүгері, жігер, зерек, зергер, құса, шеңбер, шұға, шырын сөздерінің парсы тілінің сөздері екенін филолог мамандар болмаса, қалың көпшіліктің бәрі бірдей біле бермейді. Олардың да кірме сөздер екені көрсетіліп, түпнұсқа тілдегі мағынасы мен қазақ тіліндегі мағыналары түсіндірілді. Сөздікке тілімізге кейінгі жылдары еніп, қазір жиі қолданылып жүрген банкомат, ноу-хау, паркинг, тьютор, франчайзинг тәрізді сөздер де алынды.

Жалпы бірнеше тілдің мамандары біріге отырып жасаған біздің ұжымдық еңбегіміз көпшілік қауымның қажетіне жарайтын, практикалық құндылығы бар сөздік болады деген үміттеміз.

***– Сұхбатыңызға рақмет!***

*«ҚазАқпарат»*

# «ТӨРТІНШІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ» КІТАБЫНА ШОЛУ

**Адамзат баласы төртінші индустриялық революция заманына көшкелі бері компьютерлік технологиялардың да даму қарқыны арта түсті. Ал қазіргі уақыт деңгейінде компьютерлердің биік дәрежеге көтерілуі мен адам санасын алмастыратын роботтардың пайда болуы бәсекелестікті мүлде басқа бағытқа бастады.**

«Рухани жаңғыру» кезеңінде де халықтан бірінші сұралатын міндеттемелердің бірі – бәсекеге қабілеттілік. Ал, ғаламтор жаулаған, цифрлы қоғамда бәсекеге қабілетті азамат болу үшін, ең алдымен, жаңа сандық технологияларды еркін меңгерген азамат болуың шарт.

Біз мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағыты бойынша аударылған кітаптарға шамаршарқымызша шолу жасап келеміз. Бүгін де сол дәстүрлі қағида өз жолынан жаңылыспай, жалғасын таппақ.




Компьютерге күллі адамзат баласын мәжбүр еткен төртінші индустриялық революция заманының бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін, тарихы мен қазіргі ахуалын толық зерттеген ғалымдардың бірі – профессор Клаус Шваб. Ғалымның «Төртінші индустриялық революция» атты кітабы «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағыты бойынша қазақ тіліне тәржімаланған.

***Төртінші индустриялық революция дегеніміз не?***

Жалпы адамзат тарихында индустриялық революцияның төрт кезеңі бар. Бұлардың барлығы жаңа технологиялардың жарыққа шығуымен немесе белгілі бір деңгейдегі даму белесін бағындыруымен есептеледі.

***Алғашқы индустриялық революция*** – XVIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың ортасына дейін созылды. Бірінші индустриялық революция кезеңіндегі негізгі ашылулар қатарына темір жолдың салынуы мен ұлы механикалық өндірістің қайнар көзі болған бу машинасының жарыққа шығуын қосуға болады.

***Екінші индустриялық революция кезеңі*** – XIX ғасырдың соңынан XX ғасырдың басына дейін жалғасты. Бұл кезеңнің басты жаңалығы – жалпыға ортақ үлкен өндірістердің біріздiлікке қойылуы мен электр энергиясының пайда болуы, конвейердің таралуы.

***Үшінші индустриялық революция кезеңі*** – жер бетінде компьютер өндірісі белең ала бастаған мезгілмен тұспа-тұс. Бұл уақыт 1960 жылдармен қатар келеді. Ғылымда осы уақыт аралығын компьютерлік (цифрлық) революция деп атап кеткен.

Міне, жоғарыда индустриялық революцияның үш кезеңі туралы ақпарат бердік. Олардың шығу тарихы немен байланысатыны туралы айттық.

Ал, ***төртінші индустриялық революцияның*** басталар тұсы қазіргі уақытпен сәйкес келеді. Демек, біздің замандастарымыз, біздің буын төртінші индустриялық революция кезеңінің құрдастары. Аталмыш кезеңнің негізгі ерекшеліктері: ұшқыр ғаламтор және адам санасымен бәсекеге түсуге талпыныс жасап келе жатқан жасанды интеллект, ақылды электронды машиналар.

Клаус Шваб өзінің кітабының алғашқы тарауларында бүкіл әлемнің әлі күнге дейін төртінші индустриялық революция заманының деңгейіне жетпегенін айтады. Автордың айтуынша, күллі жер жүзіндегі халықтың жартысына жуығы әлі үшінші индустриялық революцияны күтіп отырғанын алға тартады. Ал, ғалам халқының 17 пайызы, тіпті, екінші индустриялық революция дәрежесіне жетпеген.

***Біз цифрлы дәуірді қалай түсінеміз?***

Сандық дәуірдің уақыты келді дегенді әркім әрқалай түсінеді. Көпшілік санасында цифрлы заман бейнесі түрлі смартфондар, озық технология үлгісімен жасалған компьютерлер кейпінде өмір сүреді.

Рас, бұлардың барлығы осы төртінші индустриялық революцияның ассоциацияларына кіреді. Дегенмен, нағыз төртінші индустриялық революцияның бейнесін моторсыз көліктер (Tesla), дизруптивтік платформалар (Airbnb, Alibaba, Uber), жүргізушіні қажет етпейтін автомобильдер (Google компаниясы 2010 жылы жария етті), адам күшін алмастыратын роботтар бере алады.

Әлемдегі технологиялық өндіріс деңгейі секунд санап өсуде. Бұл қарқынға ілесу үшін халықтың технологиялық білім деңгейі һәм осы үдеріске тұрмыстық жағдайда ілесу дәрежесі сәйкес болуы тиіс.

Қазақстанда дизруптивтік платформаларды қолдану деңгейі таяу арадағы екі жыл мерзімінде ғана қарқын ала бастады. Алып электронды сауда нүктелері тұрса да, базар аралайтын халық қарасы қалың. Таксиді көшеден қол көтеріп тоқтататын және ұшаққа немесе пойызға билет алу үшін қаланың арғы шетіндегі билет сататын нүктеге баруды дұрыс деп есептейтін адамдардың саны басым қоғамда.

***Жаңалықтардың қолданысқа ену деңгейі***

Әлемге белгілі брендті компаниялар өз өндірістерінің тиімділігі мен қарапайымдылығын көрсету үшін жарнаманың түр-түрін жасайды. Өмірлік қағидаларды жолдың шетіне ысырып тастайтын мегақолайлы дүниелерін жылдам тұрмыстық қолданысқа енгізуге тырысады.

**Клаус Шваб:** *«Барлық жаңа жетістіктерге тән ортақ ерекшелік мынадай: олар қандай салаға болмасын тереңдей еніп жатқан цифрлық және ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланады. Бұл тарауда келтірілетін инновациялардың барлығы – компьютерленген есептеу қуатының арқасында қамтамасыз етіліп, жетілдірілген технологиялар. Мысалы, гендік дәйектілік «sequencing» тек қана есептеу қуаты мен мағлұматтарды саралау нәтижесінде ғана жүзеге асты. Сол сияқты келешек өрісті жұмыстардың барлығы жасанды интеллексіз алға баса алмайды, ал ол көп жағдайда компьютерленген есептеу қуатына байланысты. Төртінші инновациялық революцияның мегатрендтерін анықтап, технологиялық драйыерлердің ауқымын кеңірек ашып көрсету үшін бұл трендтерді: физикалық, цифрлық және биологиялық деп үшке бөлдім. Олар іштей бір-бірімен тығыз байланыста. Бұл орайда, әртүрлі технологиялар өнертапқыштық пен әрқайсысының іштей дамуының негізінде бір-бірінің артықшылықтарын алмаса пайдаланып отырады»,* – дейді кітабында.

Демек, осы мегатрендтердің қалпын өзгертіп, тиімділігін арттыру үшін үш бағытта жұмыс жасамақ керек.

Физикалық бағыттағы 3D басып шығару мен роботтарды қолдану, жаңа материалдарды қолданысқа енгізу, бейімделгіштік деңгейін арттыру қажет. Өндірістегі «роботтар тек алып өндірістерде жұмыс жасайды. Мысалы, автозауыттарда» деген кереғар пікірлерді теріске шығарып, саналы «темір адамдарды» барлық салада қолдану мүмкін екендігін түсіндіру шарт.

Цифрлық бағыттың мақсаты түсінікті болар. Әрине, компьютерлік есептеу қуатын пайдалана отырып, қажетті ақпараттар мен қызметтерді тиімді пайдалану осы бағыттың еншісінде.

Ал, биологиялық бағыттың басты артықшылығы – гендік дәйектілікті анықтау. Генетиканы түбегейлі зерттеу нәтижесінде созылмалы аурулар мен обырдың емдеу жолдарын ашу және синтетикалық биологияны дамыту – бұл бағыттың алға қойған мақсаты.

***4D басып шығару технологиясы қандай қызметтерге қауқарлы?***

Биологиялық инженерия да күн өткен сайын компьютерленген есептеу қуатының қарқынына еріп дамып келе жатыр. Қазіргі таңда өсімдіктер мен жануарлардың, тіпті, адам денесінің кейбір мүшелерін 4D басып шығару қызметі арқылы көшіріп алып, тірі талшықтар жасауды қолға алуда.

Адам ауруларының басым бөлігі генетикалық тарихына қатысты болатыны жүздеген жыл бұрын анықталған. Дегенмен, адам генетикасын түбегейлі зерттеуді бірнеше минут ішінде жүзеге асыру бүгінге дейін мүмкін емес еді. Қазір осы қызметті компьютетрлік сараптама жасау арқылы тез арада жасауға болады.

Биологиялық инженерияның дамығаны сонша, түрлі ауа райына тез бейімделетін өсімдіктер өсіруді, адам қанының тез ұюын реттейтін сүт беретін сиырларды дүниеге әкелуі адамзатты таң-тамаша етпей қоймайды.

***2025 жылдан не күтеміз?***

Халықаралық сарапшылар қызметі зерттеушілері сауалнама жүргізу арқылы 2025 жылға дейін орын алуы мүмкін өзгерістер тізімін жасаған. Бұл өзгерістер төмендегі кестеде бейнеленген.

| 2025 жылы күтілетін бетбұрысты сәттер | % |
|---|---|
| Халық санағын ауқымды мағлұматтар көзімен алмастырған алғашқы үкімет | 82,9 |
| Имплантталған ұялы телефонның саудада алғаш пайда болуы | 81,7 |
| Тұтыну тауарларының 5%-ы 3D басып шығаруының көмегімен жасалған | 81,1 |
| Халықтың 90%-ы смартфонды пайдаланады | 80,7 |
| Халықтың 90%-ы интернет жүйесіне қосылады | 78,8 |
| Жүргізушісіз көліктер – АҚШ жолдарындағы автомобильдердің жалпы санының 10%-ы | 78,2 |
| 3D-басып шығаруының көмегімен жасалған бауырды алғаш көшіріп орналастыру | 76,4 |
| Корпоративтік аудиторлық тексерістердің 30%-ын ЖИ өткізеді | 75,4 |
| Үкімет алғаш рет Блоктор тізбесі (Блокчейн технологиясы) арқылы салық жинайды | 73,1 |
| Үйдегі интернет трафиктердің 50%-дан астамы қосымшалар мен құрылғылардың еншісіне тиесілі болады | 69,9 |
| Автомобильмен жүру/саяхаттаудың артуы жеке автокөліктерді пайдаланудың өсуіне алып келеді | 67,2 |
| 50 000-нан астам халқы бар бағдаршамсыз алғашқы қала | 63,7 |
| Бүкіләлемдік ішкі жалпы өнімнің 10%-ы blockhain технологиясы арқылы сақталады | 57,9 |
| Корпоративті Директорлар кеңесі құрамындағы алғашқы ЖИ=робот | 45,2 |

| 2025 жылы күтілетін бетбұрысты сәттер | % |
|---|---|
| 10% адамдар интернет жүйесіне қосылған киім киеді | 91,2 |
| 90% адамдар мағлұматтарды (жарнамалық тұрғыдан қолданатын) шектеусіз және тегін сақтауға мүмкіндік алады | 91,0 |
| 1 триллион интернет жүйесіне қосылған сенсор | 89,2 |
| АҚШ-тағы алғашқы робот-фармацепт | 86,5 |
| 10% интернетке қосылған оқитын көзілдірік | 85,5 |
| 80% адам интернет жүйесінде цифрлық қосылыммен қатысады | 84.4 |
| 3D басып шығарудың көмегімен алғашқы автомобильді өндіру | 84,1 |

Ғалымдардың айтуынша, 2030 жылға қарай биологиялық инженерияның даму қарқынына сәйкес Жер бетіндегі халық саны 9 миллиардқа жетуі мүмкін. Экономикасы озық елдердегі қартаю үдерісі бәсеңдеп, орташа өмір сүру жасы 100 жасқа дейін жетуі күтіледі.

Әлем цифрланған уақыта біздің ел де бұл ұлы бетбұрыстан тысқары қалмау керек. Тұрмыстық жағдайға қолайлы мүмкіндіктерді енгізу мен жастардың технологиялық білімі, әлемдік өндірістегі жаңалықтан хабардар болуы бұл орайда үлкен рөл ойнайды.

Елбасының жастарға білім беру бағытында техникалық мамандықтарға ерекше көңіл бөліп, жағдай жасауының да себебі – осы.

Әлем халқы төртінші индустриялық революцияға кірісіп кеткен уақытта әлі күнге дейін екінші немесе үшінші индустриялық революцияны күтіп отырған елдер қатарында қалып қою – дамудың белгісі емес.

*ruh.kz*

БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

# ҰСТАЗЫ – ЖАҢАШЫЛ, ШӘКІРТІ – ТАЛАПТЫ

## *Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейге – 40 жыл*

**Әдетте білімді теңізге, мектепті кемеге теңейміз. Желкенін керіп ұзақ сапарға шыққан білім кемесінің дұрыс бағыт-бағдар таңдап, белгілеген межеге жетуі, әрине, оның «қозғалтқышы» ұстаздарға тікелей байланысты. Бүгінде 65 жылдық тарихы бар мысты өлкенің білім ордалары ең маңызды міндеті – жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде жаңылған емес. Сөзімізге дәлел ретінде талай дарындар мен таланттарды түлеткен Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейін атауға болады. Жүзден аса мұғалім 1500 шәкіртті білім бұлағымен сусындатып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп жатқан мектеп-лицей биыл өз тарихындағы қырқыншы парағын ақтарды. Қала мерейтойымен тұспа-тұс келген Қаныш есімін иеленген мектеп-лицейдің 40 жылдығы қарсаңында директор Күлпәш МҰҚАШЕВАНЫ әңгімеге тартқан едік.**



***– Күлпәш Байзадинқызы, қала мерейтойымен тұспа-тұс келген қуаныштарыңыз құтты болсын. Әңгімемізді әріден, мектеп-лицейдің тарихынан бастасақ.***

– Рахмет. Мектептің мерейтойы жезқазғандықтарға ғана емес барша қазақстандыққа ортақ деуге де болады. Өйткені, 40 жылдың ішінде біздің ұядан қанат қаққан шәкірттер кең байтақ еліміздің түпкір-түпкірінде еңбек етіп, Қазақстанның дамуына үлес қосуда. Тарихқа үңілер болсақ, 1979 жылдың күзінде мектепте алғашқы қоңырау соғылып, оқушыларға есігі айқарыла ашылған болатын. Мектептің ашылу Қазақстандағы түсті металлургияның қарашаңырағы – Қарсақбай мыс зауытымен байланысты. 1975 жылы Қарсақбай мыс зауыты жабылып, зауыт жұмыскерлері мен металлургтері Жезқазған қаласындағы 6-мөлтекауданға көшірілген еді. Ол кезде өздеріңіз білесіздер, қазақ отбасыларында кем дегенде 5-6 бала болатын. Ендігі мәселе Қарсақбайдан қоныстанған жүздеген баланы біліммен қамту болатын. Осылайша, жаңа мектеп 1979-1980 оқу жылының желтоқсан айында №8 орта мектептен бөлініп шығып, жаңа ғимаратқа қоныстанды. Мектептің алғашқы директоры болып Тамара Байзақова бекітілді. Тамара Қомытбайқызы бастаған ұстаздар ұжымының мектептің қалыптасу мен жолындағы еңбегі орасан зор. 2006 жылы мектеп тізгінін ұстаған «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Нүрия Жұмажанова да мектеп-лицейдің Жезқазғандағы маңдайалды білім ошағына айналуына қажымай үлес қосты. Осындай ұлағатты ұстаздардың алдын көріп, тәлімімен сусындаған бүгінгі толқын мұғалім қауымына жүктелген ауқымды міндетті орындауда аянып қалмауда.

1989 жылы қазақ халқының біртуар дара тұлғасы Қаныш Сәтбаевтың туғанына 90 жыл, жас ұрпаққа тәрбие мен білім беруді басты мақсаты еткен мектептің ашылғанына 10 жыл толды. Осы ретте болашақ жас ұрпаққа Қаныш ағаның тұлғалық қасиеттерін үлгі ету үшін ғалымның есімімен аталған мұражай ашылды. Мұражайды ашуда сол кездегі мектеп директоры Тамара Қомытбайқызы мен мұражай жетекшісі, география пәні мұғалімі Дамеш Дүйсенбаеваның еңбегін атап өтпеске болмас.

Қазақ ССР Министрлер Советінің 14.02.1990 жылғы №56 қаулысы бойынша мектебімізге Қ.И.Сәтбаев есімі берілді. 2001 жылы мектеп ұжымы жаңа мыңжылдыққа аяқ басып, мақсатын айқындап, алдына зор меже қойды.

Жаңа заман жаңаша талапты, жаңаша оқуды талап етті. Білім беру үдерісіне өзгеріс енгізуді қажет етті. Нүрия Жұмажанқызы басшылық еткен ұжым жаңа ғасыр қажет еткен талаптардың үдесінен шыға отырып, білім ошағына «мектеп-лицей» статусының берілуіне атсалысты.

***– Өзіңіз жетекшілік ететін ұстаздар ұжымының біліктілігі мен жетістіктеріне тоқталсаңыз.***

– Бүгінгі таңда жалпы ұстаздардың саны – 111. Барлық педагогтердің орташа жасы – 40. Жоғары және бірінші санатты мұғалімдер 55 пайызды құрайды. Жыл сайын тағайындалатын қала әкімінің сыйақысына биыл бізден бірнеше ұстаздың жұмысы ұсынылды. Нәтижесінде «Бастауыш сыныптың үздік мұғалімі» номинациясын Панар Смағұлова иеленсе, облыс әкімінің «Үздік информатика пәні мұғалімі» номинациясындағы сыйақысын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ардақ Қазболатова жеңіп алып, қала абыройын асқақтатты. Ардагер ұстаздар Манат Жұмабекова, Бақыт Махатова, Майра Жұмаділдинова «Еңбек ардагері» медалімен, бастауыш сынып мұғалімі Күлжахан Құсайынова «Білім беру саласының үздік қызметкері» күміс төсбелгісімен, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Манат Ыдырысқызы «Жезқазған қаласына 65 жыл» медалімен марапатталды. Жаңашылдықты жатсынбай, заман талабына сай педагог болуды мақсат тұтқан мектеп-лицей ұстаздарының алар асулары мен бағындырар белестері әлі де көп.



***– Ел арасында №7 мектеп-лицейді «Директорлар мектебі» деп атайтынын білеміз. Қанекеңнің есімін иеленген білім ошағынан тәжірибесін толықтырып, біліктілігін арттырған көптеген ұстаз бүгінде лауазымды қызметтер атқарады...***

– Ия, біздің мектеп-лицей директорлар корпусына маман дайындайтын білім ошағы деп те танылған. Ол орынды айтылған. Бүгінгі күні бізден түлеп ұшқан директорларды атап айтар болсам,олар – №9 ресурстық мектеп директоры Марат Төребеков, №4 орта мектебінің директоры Айгүл Обайдуллина, №13 орта мектеп директоры Үмітжан Жасынбекова, Нұр-Сұлтан қаласындағы №76 мектеп-лицейдің директоры Сафура Төлекова, Қарсақбай кентіндегі мектептің директоры Мәнсия Қасенова, Амангелді ауылдық мектебінің директоры Венера Өсерова.

***– Сіздің ойыңызша бүгінгі заман ұстаздарға қандай талап қояды? Ол талаптар үдесінен сіздің ұжым шыға алып жүр ме?***

– Мектептің жүрегі – мұғалім. «Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы. Мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім», – деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Теориялық жағынан білімді, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытып жүрген, үнемі кәсіби шеберлігін шыңдауға ұмтылатын, тәлім – тәрбие ісінен жалықпайтын, баланы өзіне тарта алатын тәлімгер шығармашылықтағы адам – нағыз ұстаз деп ойлаймын. Ұстаздық жолды жүрегімен қалап таңдаған мұғалімнің ұлттың ұлы ұстазы Ахметтің айқындап берген қасиеттерге ие болмауы әсте мүмкін емес.

***– Мектеп-лицейдің материалдық-техникалық базасын нығайту мен жөндеуден өткізу мәселесі өз деңгейінде шешіліп жүр ме?***

– Бүгінде мектеп-лицейдің материалдық жағдайын қанағаттанарлық жағдайда деп бағалауға болады. Ағымдағы оқу жылында мемлекет тарапынан көптеген қолдаулар жасалғанын айта кеткен жөн. Атап айтқанда, мектеп асханасы толық құрал-жабдықтармен, жиһазбен қамтамасыз етілді. IT кабинеті, робототехника, жаңа модификацияланған химия, биология кабинеттері, ойын кабинеті, киім шешетін шкафтар берілді. Өз тарапымыздан қамқоршылық кеңесі мүшелері мен ата-аналар комитеті, ұстаздар, мектеп түлектері бірлесе отырып мектепішілік Қ.И.Сәтбаев атындағы мұражайдың көрме-оқу залын аштық. Бұл жұмыс үшін мектеп бітіріп кеткен түлектерге қолдау көрсеткені үшін үлкен алғысымызды білдіреміз.

***– «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» демекші мектеп-лицейде білімімен озған шәкірттер баршылығы сөзсіз. Ендеше, мек-теп мақтанышына айналған дарындарыңыз хақында айта отырсаңыз.***

– Мектеп-лицейде дарынды балалармен жұмыс жүйелі жүргізіледі. Республикалық негізгі пәндер олимпиадасынан соңғы бес жыл бойы қала мектептері арасында командалық жүлделі I,II орынға ие болып жүрміз. Өткен оқу жылында 4 оқушымыз облыстық деңгейдегі олимпиадаға қатысып, жүлделі I, II орындарға ие болса, 11-сынып оқушысы Адина Серекбаева қазақ тілі мен әдебиет пәнінен облыстан I орын, республикалық олимпиадада жүлдегер атанды. Сонымен қатар, 2017-2018 оқу жылында 10-сынып оқушысы Қажыгелді Шамболдың республикалық олимпиадада география пәні бойынша білімін саралап, күміс медаль жеңіп алғаны да мектеп ұжымы үшін үлкен мақтаныш. Сонымен бірге мектеп-лицейде «Заңғар» оқушылардың ғылыми қоғамы жұмыс жасайды. Бірнеше дүркін қалалық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып, жеңімпаз атанып жүр. Өткен оқу жылында 9-сынып оқушысы Әдемі Зейілова республикалық байқауға қатысып, мақтау грамотасымен марапатталды.

***– Болашаққа межелеген жоспарларыңыз қандай?***

– «Ел мен елді, адам мен адамды теңестіретін – білім» деп бекер айтылмаса керек. XXI ғасырда білім берудің мақсаттары мен міндеттері өзгеруде. Мектепте білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жаңартуды қажет етеді. Сондықтан, оқытушылардың белсенділігі мен танымды іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлға дайындау, мектептер алдында тұрған өзекті мәселе.

Білім беру елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия болып табылады. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады. Ал, осындай құндылықтар мен дағдыларды оқушы бойында қалыптастыратын, ұлт болашағына сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісін ұйымдастыратын орта – бұл мектеп және ондағы негізі тұлға мұғалім. XXI ғасыр мұғалімі қазіргі заман талабына сай пән мұғалімі ғана болуы аз, мұғалім-ұстаз, инноватор, иннотехник, көшбасшы, зерттеуші, жаңалыққа жаны құмар болуы керек. Осы бағыттағы жұмысты жетілдіру – бүгінгі күннің талабы деп ойлаймын. Сондықтан, осы бағыттан таймай, жарқын болашаққа қарыштап қадам баса бермек ойдамыз.

***– Сұхбат беруге уақыт бөлгеніңізге алғыс білдіре отырып, өзіңіз жетекшілік ететін ұжымға толайым табыс тілейміз.***

**Бота ШАЛҚАР**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# «ҚИССАС-ҰЛ ӘНБИЯ» ҚАЙ ЖЕРДЕ ТУҒАН?

**Насреддин Рабғузидің «Қиссас-ұл әнбия» атты еңбегі – Алтын орда дәуірінде дүние келген әйгілі түркітілді шығармалардың бірі. Оның бір атауы «Қиссас ар-Рабғузи». Шығыстанушы И.А.Каюмованың пікірінше, осы шығарманың ең ескі қолжазбасы Ташкентте сақтаулы. «Қиссас ар-Рабғузи» шығармасында таяушығыстық сюжеттермен қатар байырғы түрк фольклоры орын алған. Рабғузидің «Қиссас-ұл әнбиясы» түрктілдес мұсылман халықтары арасында, олардың ішінде қазақтарда көп тарағанын қазақ түркітануы басында тұрған Бейсембай Кенжебайұлы «Қиссас-ұл әнбияға» арналған мақаласында ашып көрсеткен болатын.**

Қазіргі зерттеулерде Рабғузидің туған жері Хорезм немесе Орта Азия аумағында деп жалпылама айтылып жүр. Б.Кенжебайұлы 1969 жылғы мақаласында мынадай мәліметтер келтіреді: «Рабғұзы Оғыз Рабат деген шаһардың қазысы болып істеген адам. «Қиса әнбияны» ол әлгі шаһардың әкімі, әйгілі бек Насыретден Тоқбоға деген кісінің тапсыруы, өтінуі бойынша, соған бағыштап жазған. Және өз заманының дәстүрі бойынша сол Тоқбоғаға сый етіп тартқан. Ал Тоқбоға мұсылман дініне, түрік ғұрып-әдетіне енген, әдебиетті сүйетін монғол болса керек». Алтынорда зерттеушісі Алма Қыраубаеваның кітабына сүйенсек, оның әкесі «Рабат Оғыз қыстағының қазысы» болған, ал «Рабғузи» деген лақапты туған жеріне байланысты алған екен. Өзбек зерттеушісі Э.И.Фозиловтың пікірінше, ол Хорезмнің Работуғуз деген жерінде туған. Абыройлы фольклорист Сейіт Қасқабасовтың пікіріне сүйенсек, әйгілі шығарманың авторы Мауараннахрда, «Рабати Оғыз» деген жерде туған және оның Рабғузи деген бүркеншек аты содан шыққан. Алайда, соңғы кезге дейін Мауараннахрда немесе Хорезм жерінде нақты мына елді-мекен Рабат Оғыз қыстағына сай келеді деген мәселе шешімін әлі таппаған.

Осы мәселеге байланысты, яғни Рабғузидің туған қыстағының орнын анықтауда жинақталған археологиялық, топонимикалық материалдарды типологиялық талдау жасай отырып Рабат Оғыз елді-мекені Қазақстанның қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданында Рабат атты археологиялық нысанға сай деген тұжырымға келдік.

Біріншіден, бұл төбе – археологиялық нысан қазірге дейін Рабат деп аталады. Рабат ескерткіші Сырдария бойымен Шыназдан Түркістанға таяу тұрған Үшқайық өткеліне дейін бес ай бойы аралап өткен Н.В.Рудневтің 1900 ж. 24 ақпанда «Туркестанские ведомости» атты газетте жариялаған «Заброшенный уголок» атты мақаласындағы байырғы елді-мекендер тізімінде көрсетіледі. 1903 ж. Н.В.Руднев жариялаған Сырдарияның орта ағысындағы ескерткіштер картасында «Буг. Рабатъ» деп белгіленген. Бұл ескерткішті зерделі археолог Кемел Ақышев басқарған Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы 1970 жылы зерттеген. Археологиялық ескерткіш төртбұрышты, ауданы 100х80х80х80 м, биіктігі 8 м құланды. «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Оңтүстік Қазақстан облысы» атты энциклопедиялық басылымда ол IV-VIII ғғ. ескерткішіне жатқызылған. Дәл осы ақпар еш өзгеріссіз Отырар ауданы ескерткіштер жиынтығында қайталанған. Рабат атты елді-мекеннің ғарыштық фотосуретінде оның айналасын қоршаған бекініс қалдықтары – қорған қабырға іздері байқалады.

Рабат атты төбешікті – археологиялық нысанды арнайы барып көргенімізде оның үстінде 24х24х4-5 см күйдірген кірпіштер тобына тап болдық. Бұл осы орында болған ортағасырлық құрылыстың бөлшектері болса керек. Мұндай кірпіш Орта Азия мен Қазақстанда XIV ғ. ескерткіштерінде кездеседі. Осыған қарап бұл елді-мекенде XIV ғ., яғни Рабғузий заманында тіршілік болған деуге негіз бар. Ал Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы IV-VIII ғғ. археологиялық және архитектуралық ескерткіштерде күйген кірпіштер мүлде кездеспейді, тек күймеген кесектер қолданылған. Рабат атты елді-мекен Сырдарияның солтүстік жағалауында, керуен жол бойында орналасқан стратегиялық елді-мекен болса керек.

Әрине, атауында Рабат компоненті бар елді-мекендер Орта Азияда орта ғасырда аз болмаған. Өзбекстанда Рабати-Мәлік, Қырғызстанда Ташрабат. Сырдарияның төменгі ағысында Көпрабат, Шахрабат, Қосрабат, Түркістан облысында Сайрам мен Қазығұрт тауы арасында Сұлтанрабат, Дәулетрабат, Рабат атты елді-мекендер бар.

Насреддин Рабғузидің туған жерінің аты жәй Рабат емес, ол «Рабат Оғыз» немесе «Рабатуғұз» деп белгіленуі оның орнын локализациялауға мүмкіншілік береді деп ойлаймыз. Яғни, Насреддин Рабғузи туған жерде «Рабат» пен «Оғыз» атаулары үйлесуі керек.

Осындай жағдай Отырардағы Рабат ескерткішінде байқалады. Отырардағы Рабат елді-мекен орны қасында Өгізсай атты ескі арна бар. Бұл арнаға Өгізсай атаумен қатар Өгіз жылғасы деген топоним қатар қолданылады. В.А.Каллаурдың 1900 жылы жариялаған мақаласында Сырдарияның ескі арнасы «Өгіз жылғасы» («Угузъ – Жилгасы») деп аталатының, арнаның басы Арыс өзенінің Сырдарияға қосылар тұсынан жоғарырақ басталып, Қызылқұмның ішіне енетіні көрсетіледі. И.А.Кастаньенің 1910 ж. басылған кітабында «Хукуз» немесе «Угуз-Джилга» туралы ақпар кездеседі. 1903 ж. Н.В.Руднев жасаған Сырдарияның бойындағы ескерткіштердің алғашқы картасында «Буг. Рабатъ» және «Сухое русло Огузсай» деп белгіленген жерлер көрсетілген. Осы жерде Рабат пен Оғыз атаулары қатар тұр. Осыдан бұл елді-мекен «Рабат Оғыз» немесе «Рабатуғұз» деп айтылған деп болжаймыз.

Көне түркі тілінде «угуз» сөзі үлкен өзенді білдіреді екен. Ал Сырдария өзені VIII ғ. көне түркі деректерінде




«Йенчу-гуз» – «Інжу өзен» деп аталыпты. Махмуд Қашқари сөздігіне жүгінсек: «Өкүз – Жейһұн. Үлкен өзендердің барлығы осылай аталады. ... Түркі халықтары жасайтын өңірлердегі бірталай өзендер мен дариялар да өкүз деп аталады». Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бойынша «жылға» – қар, жаңбыр суы ағатын шағын өзекше, ойпаң жер. Әзербайжан тілінде джилга – «сухая долина, овраг». Сондықтан нақ бұл жердегі Өгіз жылғасы немесе Өгізсай дегеніміз Сырдарияның ескі арнасын білдіретін атау.

Рабаттөбеден Өгізсай бес-алты шақырымдай жерде орналасқан. Байырғы арна Бас штабтың Түркістан деген 1:500000 масштабтағы 1963 жылы дайындалған және 1970 жылы қайта басылған картасында Өгізсай («Огизсай»), 1982 ж. басылған Түркістан (II-42-09 К-42-IX ) деген 1:200000 масштабтағы картада және 1982 жылы басылған Балтакөл (II-42-08 К-42-VIII) деген 1:200000 масштабтағы картада Сырдарияның сол жағындағы құрғақ арна Өгізсай («сухое русло Огизсай») деп белгіленген. Рабаттөбе мен Өгізсай арнасы арасында Рабатарық деген арық, ал Рабаттөбеден солтүстік-батыс бағыттағы аймақ картада «урочище Рабат» деп көрсетіледі.

Жоғарыда біз өзбек зерттеушісі Э.И.Фозиловтың Насреддин Рабғузидің Хорезмнің Работуғуз деген жерінде туған дегенін айтып өттік. Ал, Отырар иелігі Шыңғысхан әскерлері келер алдында Хорезм мемлекеті аумағына кіргенін ескеру қажет. Ол кезден көп ғасырлар өтсе де бұл жағдай ұмытылмағанын Махмұд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» еңбегінен аңғару қиын емес. XVII ғасыр ортасында жазылған шығармада «Отырар – Йассының ар жағында орналасқан қала, ол Сұлтан Мұхаммед Хорезмшах кезінде оның мемлекетінің шығыс жағындағы шекаралық қаласы болды. Осы қаланың Хорезмшах тарапынан қойылған басшысы – Иналшықтың Шыңғысхан саудагерлерін өлтіруі Шыңғысханның Мауараннахрға және басқа елдерге шабуыл жасауына себеп болды. Не кетті сол жоғалды. Бұл қала осындай аласапыран мен талас кезінде талқандалды, қазіргі кезде қаңырап қалды. Бұл қаладан көп ғалым шыққан. Отырар өркендеген кезде оның тұрғындары ізгілігімен, шаһар ғажайып көркімен әлемге әйгілі еді», – делінеді. Яғни, Отырардағы «Рабат Оғыз» XIII ғ. басындағы жағдаймен Хорезм жерінде орналасқан деуге де болады.

Жоғарыда келтірілген археологиялық, топонимикалық, тарихи материалдарды талдау негізінде «Қиссас-ұл әнбия» туындыгері Насреддин Рабғузидің туған жері қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданы аумағында Өгізсайға немесе Өгіз жылғасына жақын орналасқан Рабат атты қазіргі археологиялық нысан екенін көрсетіп тұр. Отырардағы Рабатты басқа рабат атты елді-мекендерден ажырату үшін орта ғасырда оның Өгізсай қасында орналасқанын ескеріп «Рабат Оғыз» немесе «Рабатуғұз» деп атаған деген тұжырым жасаймыз. Аталмыш өңірде түрктің оғыз бұтағы мекен еткені өз алдына бір жосық. Әзірге айтарымыз, «Қисас-ұл әнбияның» Отырар шаһарының аумағында – Рабат Оғыз қалашығында туғаны! Айтулы шығарма «Отырар өркениетінің» бір інжу туындысы!

**Құлбек ЕРГӨБЕК,**
**филология ғылымдарының докторы,**
**Мұхтар ҚОЖА,**
**тарих ғылымдарының докторы**
*«Egemen Qazaqstan»*

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

# БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ КҮЗЕТІНДЕ

**Бүгінгі күні оңалту орталықтарының қажеттігіне елдің бәрінің бірдей көзі жеткендей. Бізде медицина саласының бұл түрі кенже қалса да, соңғы уақытта жоқтың орнын толтыруға мемлекет тарапынан көп көңіл бөлінуде. Соның нәтижесінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде жер-жерде оңалту орталықтары есігін айқара ашып, қалыпқа келтіру емі дами түсті.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Күні кеше ғана қазақстандықтарға «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Жолдауын жолдаған Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тек ресми статистика бойынша 80 мыңнан астам бала мүгедектігіне байланысты есепте тұр. Үкімет БЦП диагнозы бар балаларға медициналық және әлеуметтік қолдау көрсетуді жақсарту үшін шаралар қабылдауы керек. Балаларға қолжетімді болуы үшін шағын және орташа оңалту орталықтарының желісін кеңейту қажет. Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз. Мен бұл туралы өзімнің сайлауалды бағдарламамда айттым» , – деп церебралды сал ауруына шалдыққан балаларға медициналық және әлеуметтік қолдау көрсету сапасын жақсарту міндетін қойды және осы мақсатқа үш жыл ішінде кемінде 58 млрд теңге бөлінетінін айтқан еді. Осы ретте оңалту емін қажет ететін Жезқазған-Ұлытау аймағы жұртшылығының жолы болды десе болады. Өйткені, былтыр маусым айында дәрігер Светлана Пак құрылтайшылық етіп, қалалық көпбейінді аурухана жанынан «АураМед» балаларды оңалту орталығының негізін қалаған-ды. Денсаулық сақтау саласының үздігі, жоғары санатты дәрігер Бақыт Жидебайқызы Досжанова басшылық ететін оңалту орталығының тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысудың орайы енді келді.

– Қазіргі уақытта медицина бір орында тұрған жоқ. Медициналық аппараттардың түрлері де, емдеу тәсілдері де көбейіп жатыр. Соның нәтижесінде ертеректе ем-дом қонбайтын дерттанымдарды жеңу мүмкіндігі пайда болып отыр. Біздің оңалту орталығы баланы қоғамға бейімдеуге, аяғынан тік тұрғызуға қажетті барлық заманауи технологиялармен жабдықталған. Сал ауруына шалдыққан балаларға кешенді көмек көрсетіледі», – деп орталықтың ішин аралатып бастаған бас дәрігердің қол астында еңбек етіп жатқан мамандардың дені жастар екені көз қуантты әрі «олармен жұмыс жасау қиын емес пе?» деген сұрақ та туындады.

– Дәрігер мамандығының қызығынан гөрі шыжығы мол екенін бәрі білсе керек. Сондықтан, дәрігерлік жолға екінің бірі келе бермейді. Яғни, медицина саласында тек жүрек қалауына жүгінгендерге ғана орын бар. Саналы түрде ақ халатты болуды мақсат еткендер қиындықтан тай салмай, діттеген бетіне қарай адымдай береді. Көп жылғы тәжірибемде жүздеген дәрігермен ортақ мүдде жолында еңбек еттім.

Сонда түйгенім жастармен бірге еңбек етудің өзі бір ғанибет. Білгеніңді үйрете жүріп, олардан да көпті үйренесің. Оңалту орталығында абыройлы еңбек етіп жүрген жас маман массажистер Әлия Медебаева, Әсем Мұханбетрахым, емдік дене шынықтырудың нұсқаушысы Жомарт Қаратаев пен Назым Асан, дефектолог Айнаш Мұханбетрахым, эрготерапевт Мадина Мұратова мен Эльмира Төлегенова, психологтер Назгүл Жұрағатова мен Құндызай Нұрғалиевалар біліктіліктерін арттырудан, ізденуден талмайды. Әрі оларды өз істеріне деген адалдық даралап тұрады, – деп жас мамандардың қарым-қабілетін сүйсіне баяндаған бас дәрігер оңалту ем-шарасы екі модуль бойынша жүзеге асатындығын жеткізді. Олар медициналық оңалту және психологиялық-педагогикалық модульдер. Алғашқы модуль бойынша невролог, реабилитолог, ортопед пен нейрохирургтер кешенді емдік шараларды қолдану арқылы баланың жағдайын жақсартуға атсалысса, екіншісінде психолог, логопед, дефектолог пен эрготерапевт мамандары бірлесе арнайы оқу-әдістемелік бағдарламалар аясында науқас балаларды өмірге бейімдейді.



– Орталық ашылғанда туа біткен сал аурулары, нерв жүйесі мен бұлшық еттердің зақымдануына қатысты дерттердің зақымдарын жеңілдетуге көңіл бөлетін едік. Ал, жыл басынан ортопедия бөлімін аштық. Әуеліде профессор Х.Мақажанов атындағы травматология және ортопедия облыстық орталығынан ортопеді Рахат Пиржанов ем-дом жасаса, қазір орталықта тұрақты түрде Олег Майслер балалардың тірек-қимыл жүйесінің ауруларымен күресуде. Көбінесе бұл бөлімге жарақат алып, сүйегін сындырғандар, майтабан, туа біткен ұршық басының шығуы сынды дерттері барлар жүгінеді. Сонымен бірге, балалар арасындпа сколиоз дерті өршіп тұр. Күннің тең жарымын мектепте өткізетін оқушылардың партада түзу отырмауы омыртқа жотасының қисаюына әкеліп соғатын басты себеп. Сонымен қатар, салмағы ауыр сөмкелерін арқаға ілу де зардап тигізбей қоймайды. Сондықтан, баланың тік отыруын жасынан қадағалап, ауыр зат көтертпеу қажет, – деген Бақыт Жидебайқызы «Аурамед» балаларды оңалту орталығы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының пилоттық жобасы шеңберінде қызмет ұсынып отырғанын тілге тиек етті.





– ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстанда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін іске қосу жоспарланғаны белгілі. Жүйеге ену міндетті саналады. Әрбір азамат медициналық сақтандыру қорына белгіленген мөлшердегі санатына байланысты сақтандыру жарнасын төлеуі тиіс. Аталмыш жаңашылдықтың енуі оңалту мен қалыпқа келтіру еміне мол мүмкіндіктер жасайтынын айта кеткен жөн. 2019 жылдың қыркүйек айынан іске қосылған әлеуметтік міндетті медициналық сақтандырудың пилоттық жобасы стационарда емдеу уақытын 21 күнге дейін ұзартты. Және оңалтуға бейім диагноздардың қатары да көбейіп отыр. Өздеріңізге белгілі біздің орталық науқастарға қызмет түрлерін тегін ұсынады. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша мемлекет тарапынан сақтандырылатын 15 санаттағы азаматтар бар. Сал ауруына шалдыққан балалар осы санаттағылардың қатарына жатады, сондықтан медициналық көмек тегін көрсетіле бермек. Ауруханаға қабылдау шарттары да өзгеріссіз қалады. Яғни науқас тұрғылықты мекенжайына қарасты емханада қажетті медициналық талдауларды тапсырып, кезек күтпей-ақ портал арқылы дәрігердің қарауына жата алады. Бүгінгі таңда біздің орталықта Жезқазған – Ұлытау аймағынан бөлек, Балқаш, Қарағанды, Ақтөбе, Павлодар мен Арқалықтан оңалту курсынан өтуге арнайы жеткен балалар да бар. Жалпы, орталыққа жылына төрт мәрте жатуға болады, – деді.

38 науқасқа шақталған орталыққа 1 жастан 18 жасқа дейінгі балалар қабылданады. 2018 жылдың алты айында 290 балаға медициналық көмек көрсетсе, биыл ем қабылдаған балғындардың саны 815-ке жетті. Жүріп-тұруы қиын немесе 1-5 жас аралығындағы балалардың ата-анасымен бірге жатуына мүмкіндік жасалған. Оңалту орталығы медициналық мекемеден гөрі балабақшаға ұқсайды. Жайлы, жылы. Әрі дәрі-дәрмектің иісі шықпайды.

– Орталыққа келген балалардың өздігінен қозғалу, сөйлеу, ойлау қабілеттері төмен болғандықтан, кешенді қалпына келтіру емі жүргізіледі. Оның ішіне мамандардың қарауымен қатар емдік дене шынықтырумен айналысу, эрготерапия, физиотерапия, цифрлық емшаралары, вибромассаж, жарықпен емдеу, жылумен емдеу кіреді. Тірек-қимыл аппаратын қалпына келтіруде Монтессори әдістемесі қолданылады. Баланың өз дене бітімі туралы түсінігін дамыту, сенсорлық тәжірибе тапшылығын толтыру үшін сенсорлық кабинет жасақталған. Мұнда балалардың сезімталдығы күшейтіліп, ұсақ моторикасы дамиды, – деген Бақыт Жидебайқызы орталықтың білікті мамандарын таныстыруды да ұмытпады. Педиатр-психиатр Гүлбану Бұланбаева, невролог Венера Саркеева, логопед Гүлнұр Бердібекова мен бас медбибі Нұрсұлу Тоғызова бастаған жүзінен мейірім төгілген медбибілер балалардың аяғынан нық тұрып кетуіне қосып жатқан үлесі мол. Жоғарыда айтып өткеніміздей, балғындардың үйін сағынып, дәрігерлерден қорқып қалмауы үшін барлық жағдай жасалған. Қажетті ем-домын қабылдап болған соң, балалардың бос уақыты тиімді ұйымдастырылады. Әр аптаны Әнұранды шырқаудан бастайтын олар таңда дене жаттығуларын орындайды. Кешкісін сүйікті мультфильмдерін көріп, сурет салып, ән айтып сынға түседі. Орталық ұжымы күзгі бал, Жаңа жыл, Наурыз мерекелерін ұйымдастырып, балалардың көңілін аулайды. Оларды туған күндері де атаусыз қалмайды. Бір үйдің баласына айналған емделушілер орталықтан шығар кезде қатарластары мен дәрігерлерді қимай қоштасатынын қайтерсің?!

Жаңа жылдан бастап физиокабинетті ұлғайтып, күндізгі бөлім ашуды жоспарлаған «Аурамед» балаларды оңалту орталығындағы науқас пен дәрігер арасындағы өзара сыйластық пен бауырмалдылыққа тәнті болып, бірлігі жарасқан ұжымның ісіне береке тілеп шыққанымыз сол-ақ еді, соңымыздан «тоқтаңызшы» деген дауысты естідік. Бізді тоқтатқан келіншек өзін Әйгерім Ниязова деп таныстырды. Орталықтың ақ халаттыларына алғысын жеткізбек екен.

– Баламда туа біткен ұршық басының шығуы дерті бар. Бүгінге дейін ақылы түрде массажист көмегіне жүгінетінбіз. Бұл жолы массаж алайық десек, екі айға дейін бос уақыт жоғын білдік. Содан тауым шағылып, отбасылық дәрігерлік амбулаториядағы дәрігерімен мән-жайды айтқан едім, осы орталықты ұсынды. Бірден келісе кеттім. Баламның денсаулығынан қымбат не бар?! Сөйтіп, Сәтбаевтан осында келіп, ем-дом қабылдап жатқан жайымыз бар. Массаждан бөлек өзге де емдік шаралар жасалады. Нәтижесі көп күттірмеді. Баламның денсаулығында жақсару байқалады. Бізге үміт отын сыйлаған орталық дәрігерлеріне аналық ризашылығымды білдіріп, басымды иемін, – деп ағынан жарылған ананың ықыласын жеткізбеу бізге сын. Өйткені, алғыс – еңбектің шынайы бағасы.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# МЕНИНГИТ – ҚАУІПТІ КЕСЕЛ

**Менингит** – мидың шырышты және жұмсақ қабатының қабынуы, жұқпалы ауру. Менингит ауруын тудыратын себептер бойынша: бактериологиялық және вирусты болып бөлінеді. Ал қабыну жағдайы бойынша іріңді және серозды болып бөлінсе, басқа аурулардың құлақ, мұрын, бас қуысының жарақаттарының себебінен алғашқы және екінші реттік менингит болып сараланады. Менингит жұқпаларының қай-қайсы түрі бойынша ауру белгілері бірдей бастың қатты ауруы, жүрек айнуы, құсу, дене қызуының көтерілуі, мойын етінің қабынуы, аяқ-қолдарын соза алмауы, әлсіздену, жарыққа қарай алмауы, денеге қол тигізсе ауырсыну. Алайда, балаларда да, үлкендерде де алғашқы күндері бұл белгілердің кейбіреуі байқалмауы мүмкін. Көп жағдайда менингит ауруының пайда болуына жоғарғы тыныс жолдарының қабынуы да себеп болады.

**Бактериологиялық менингит түрлері:**

**Менингококк** – мидың қабынуы жедел басталады, науқас қалшылдап, мазасызданып, қызуы көтеріліп, басы ауырып, жарықтан, шудан қорқу пайда болады,балаларда тырысу- құрысу жиі кездеседі.

**Менингококцемия** – оқыстан басталады, дене қызуы 40 0 С тіпті одан да жоғарыға көтеріледі, 5-15 сағат аралығында денеде қанды бөртпелер пайда болады, менингит ауруының ең қауіпті саналатын бұл түрі тез басталып, шапшаң өрбиді.Бірден қызуы төмендеп, қан қысымы азайып, денеде көгерген бөртпелер пайда болады.Тыныс алуы қиындап, науқас өліп кетеді.

Іріңді менингит ауруын қоздырушы бактериялар (гемофильды таяқша, пневмококк, менингококк, стафилакокк) синусит, остеомиелитпен ауырғандармен қарым- қатынаста болған жағдайда, бас сүйектің жарылуы салдарынан болуы мүмкін.

**Пневмококкты менингит** – дене қызуы 40 0 С дейін көтеріледі, көбінесе 30 жастан асқан адамдарда кездеседі, пневмониямен, отитпен, синуситпен, эндокардит аурулары жағдайында дамуы мүмкін.

**Серозды менингит** – дене қызуы 38-40 0 С дейін көтеріледі, қатты бас ауруымен, құсумен, бұлшық еттері ауырсынады, іші өтеді, мазасызданады, аяқ-қолдары сіреседі, сандырақтайды.Серозды менингиттің қоздырғыштары – Echo және Коксаки энтеровирустары. Ауру көздері энтеровирусты науқастар және қоздырғыш тасымалдаушылар болып табылады. Серозды менингит қоздырғышы адамға су, көкөністер, тағам, кір қолдардан жұғады, көбінесе көлдерде, қауыздарда суға шомылғандар арасында тіркеледі. Серозды менингит 3-6 жас аралығындағы балалар арасында тіркеледі, ересектер өте сирек ауырады, өршу кезеңі – жаз мезгілі.

**Менингиттен сақтану тәсілдері:**

– Әсіресе жас балаларға ашық суларда, өзендерде, жалпы ортақ бассейндерде шомылуды мүмкіндігінше азайту.

– Көкөністерді, жеміс- жидектерді тазалап жуып, қайнаған сумен шаю.

– Жеке бас тазалығын қатаң сақтау, қолды сабындап жуу.

– Кейбір вакциналар менингиттің түрлерінің алдын алуға көмектеседі:

– Антигемофильдік вакцина (вакцина ХИБ) балалардағы бактериалдық менингиттің сәйкес түрінің алдын алуға көмектеседі.

– Пневмококтық конъюгирленген вакцина қазір балаларды міндетті түрде иммунизациялау бағдарламасына кіреді. Пневмококкты менингиттің алдын алуда аса тиімді.

– Менингококты менингитке шалдыққан науқаспен тығыз қарым-қатынаста болған адамдарға жұқпаланудың алдын алу үшін антибиотиктер тағайындалады.

**Менингококты вакцинация ұсынылады:**

– 11-12 жастағы жасөспірімдерге және вакцинациядан өтпеген жоғары сыныпты бітірушілерге (15-18 жастағы).

– Вакцинациядан өтпеген және жатақханада тұратын колледждің бірінші курс студенттеріне.

– Көкбауыры жоқ немесе иммундық жүйесінде басқа мәселелер бар 2 жастағы немесе одан асқан балаларға.

– Менингококқа байланысты аурулар кең таралған елге шығатын адамдарға (дәрігермен кеңесіңіз).

Менингит жұқпасының алдын алу үшін мына қағидаларды ұстану қажет: салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану, дәрумендер қолдану, дұрыс ұйықтау, шынығу, көп қозғалу, жаман әдеттен аулақ болу, көңіл-күйдің жоғары болуы адам ағзасын кез – келген аурушаңдықтан қорғайтынына сенім білдіріңіз.

**Аида БАҚЫТҚЫЗЫ,**
**Жезқазған қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы**

# ЖАҢА ПЛАГИН

***сақтандыру мәртебесін анықтауға мүмкіндік береді***

**Халықтың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысуы туралы көбірек хабардар болуы үшін МӘМС жүйесінде өзінің сақтандыру мәртебесін білуге мүмкіндік беретін жаңа қосымша іске қосылды.**




Бұл құралды еліміздің кез келген тұрғыны пайдалана алады. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру» КЕАҚ ақпараттық жүйелерді дамыту департаментінің директоры Айдар Айтуев арнайы плагиннің мақсат-міндеті мен халыққа берер пайдасы хақында тереңірек айтып берді.

– Функционалды тұрғыдан алғанда, құрал өте қарапайым. Арнайы ресурсқа кіріп, әр тұрғын өзінің ЖСН нөмірін енгізсе болды, сақтандыру мәртебесін біле алады. Бүгінгідей барлық адам гаджет қолданатын заманда, бұл ыңғайлы әрі уақытты үнемдейді. Егер «сақтандырылған» деген жауап келсе, онда алаңдамауға болады. Ал, егер жауап «сақтандырылмаған» болса, онда себебін анықтау керек. Мысалы, азаматтың «жалдамалы жұмысшы» деген мәртебесі бар және ол үшін төлемді жұмыс беруші жасайды. Жүйе арқылы жұмысшы өзі жұмыс істейтін ұйым ол үшін медсақтандыруға төлем жасап отырғанын немесе төлемнің жасалмай жатқанын анықтай алады, – деген ол еліміздің әрбір тұрғыны өзінің сақтандыру мәртебесін қадағалап отыруы қажеттігін алға тартты.

– 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда МӘМС жүйесі басталады. Осы уақытқа дейін барлығымыз МӘМС жүйесі аясында сақтандыру мәртебемізді анықтап алуымыз керек. Мысалы, адамға қандай да бір сырқат бойынша диагноз қойылды және оған медициналық көмек қажет болды. Егер ол сақтандырылмаған болса, онда бұл адамға құрамына учаскелік дәрігер, жедел көмек, шұғыл стационарлық көмек, әлеуметтік маңызы бар аурулар кезінде көрсетілетін медициналық көмек түрлері кіретін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) қолжетімді болады. Ал, МӘМС пакеті бойынша берілетін медициналық көмек түрлері тек сақтандырылған азаматтарға ғана қолжетімді. Осылайша, егер сіз МӘМС жүйесінде өзіңіздің сақтандыру мәртебеңізді анық білсеңіз, 2020 жылдан бастап өзіңізге қажетті барлық медициналық қызметтер спектрін ала аласыз, – деді.

Плагин әмбебап форматта жасалғандықтан, оны кез келген сайтқа тіркеуге ыңғайлы. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, бұл мәселеге қызығушылық танытқан барлық сайт иегерлері болса және олар өз ресурстарына плагинді орнатқылары келсе, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру» КЕАҚ-на өтініш жазуға міндетті.

Байланыс e-mail: **p.andreev@fms.kz.** Плагинді көрнекті зерттеу үшін «МСҚ» КЕАҚ-ның **www.fms.kz** ресми сайтын ашу керек.

# ЧЕМПИОНДАР ҰСТАХАНАСЫ

**Спортқа ынталы жастарды туған елінің намысы үшін отқа да, суға да түсуге дайын болуға әрі батылдық пен батырлыққа тәрбиелеуде жезқазғандық спорттық-сауықтыру кешені ұжымының еңбегі орасан. Бойында ұлттық намысы бар ұл-қыздарының жігерін жанып, өскелең ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастырып, олардың денсаулығын сақтап, нығайтуда алдына жан салмайтын спорт саласы майталмандары шоғырланған чемпиондар мектебінің тыныс-тіршілігімен танысудың сәті түсті.**



Тарихы 1997 жылдан бастау алатын спортшылардың алтын ұясы алғашқыда қалалық мәдени-сауықтыру спорт кешені деп аталып, оны ұзақ жылдар бойы самбо күресінен ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, қазіргі уақытта ҚР төрешілер алқасының жетекшісі, Халықаралық дәрежедегі экстра класс төрешісі Амантай Асамиданов басқарды. Әр жылдары атауы мәдени-сауықтыру спорттық кешені, спорттық сауықтыру кешені, мәдени-сауықтыру спорт кешені, спорттық сауықтыру кешені болып өзгертілгенмен ұжымның мақсат-міндеті мен бағыт-бағдары еш өзгермеді. ҚР халқының денсаулығын нығайту, салауатты өмір бейнесін бекіту, спортпен белсенді айналысуға және де басқа дене шынықтыру, денсаулықты сауықтыру іс-шараларға халықты жұмылдыру, спорт секциялары және топтарындағы денсаулықты жақсарту бағытындағы сабақтарын республика халқының ортасында кең насихаттау мен барлық жазғы (олимпиадалық, олимпиадалық емес және пара-олимпиадалық), сондай-ақ, барлық қысқы (олимпиадалық, олимпиадалық емес және параолимпиадалық) спорт түрлерін әйгілендіру, жекпе-жек өнері мен ойын спорт түрлерін танымал ету және дамыту, мамандандан кадрлар дайындау, сонымен қатар спортты дамытумен шұғылданатын шетел ұлттық федерацияларымен және бірлестіктерімен халықаралық байланысты орнатуды міндет етіп, күні бүгінге дейін осы мұратынан айныған емес.

2017 жылы спорттық-сауықтыру кешенін бәсекелестікке қабілетті ортаға шығару мақсатында мемлекеттік жекешелендіру бағдарламасы шеңберінде электрондық сауда-саттық нәтижесінде «Спортты дамыту орталығы» қоғамдық бірлестігінің қарамағына берілді. Жекенің қолына берілгеннің өзінде кешеннің бағыты бизнеске икемделмеді. Өйткені, ел болашағы саналатын жастардың тағдырын табыс көзіне айналдыруға мүлде болмайтынын «Спортты дамыту орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы жақсы түсінді. Неге десеңіздер, қоғамдық бірлестікті тізгіндеген спорт жанашыры – Саят Балмағанбетов. Бүгінде оны арқа жұрты спортшы ғана емес, талай талантты томағасын сыпырған бапкер ретінде таниды, құрметтейді. Шындығында, жекешелендіру науқаны спорттық-сауықтыру кешенін айналып өтпейтінін естіген жұртшылық әуелде алаңдаушылық білдіріп, жеке кәсіпкер оның бағытын өзгертіп, ақыры етеді деп қорыққан еді. «Аққа құдай жақ» дегені рас. Жас спортшылардың болашағынан зор үміт күткен ел ағаларының көмегімен ата-аналар мен тәрбиеленушілердің үрейі сейілді. Көптің алғысын арқалаған ұжымның тасы өрге домалап, шәкірттері бір-бірінен озып, бапкер мен спорттық-сауықтыру кешенінің ғана емес, түгелдей мысты өлкенің мерейін үстем етуде.

«Жас келсе іске» демекші құрылтайшысы Саят Балмағамбетов пен спорттық сауықтыру кешенінің басшысы Еркін Ташкенов алдыңғы толқын ағалары салған сара жолды жалғай отырып, ұжымды жаңа бағытқа бағдарлай білді. Осы ретте оларға қолдау білдіріп, дұрыс бағыт сілтей білген қоғамдық бірлестіктің негізін қалаушы Өмірбай Дәрібаевтың есімін атап кетпеуге болмас. Жезқазған аймағында барлық олимпиадалық және ұлттық спорт түрлерін дамытуды мақсат еткен білікті басшы қазақтың ұлттық спорт ойындарын насихаттауға көңіл бөлгенді құп көрді. Осылайша, 2017 жылдан бастап спорттық-сауықтыру кешені базасында тоғызқұмалақ, қол күресі мен садақ атудан секциялар ашылды. Сонымен бірге, жезқазғандық спортшыларды үстел теннисі, волейбол, бокс, қазақ күресі, грек-рим күресі, дзюдо, киокушинкай-кан каратэ, акробатика, самбо, еркін күрес сынды спорт түрлерімен шұғылдану мүмкіндігінен айырмады. Мүмкіндігі шектеулі қала тұрғындарын қоғамға бейімдеп, олардың толыққанды өмір сүруіне атсалысу мақсатында аталмыш санаттағы спортшыларға да арналып арнайы үйірмелер ашылды. Бүгінде үстел теннисі, шағын футбол, дойбы, шахматпен айналысып жүрген жезқазғандық мүмкіндігі шектеулі спортшылар облыстық олимпиадаларға белсене қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп жүргені – үлкен қуаныш.



Жоғарыда аталған спорт түрлерінен мыңнан аса жасөспірім мен жастарды және ересектерді спортпен тұрақты қамтыған спорт кешенінде бүгінде барлығы 22 бапкер-жаттықтырушы адал еңбек етуде. Оның ішінде 13-і штаттық, 7-уі қоса атқарушы,13 бапкер дене шынықтыру білімімен, тағы 14-і жоғары дене шынықтыру білімімен. Жалпы бапкер-жаттықтырушылардың ішінде жоғарғы санатты біреу, бірінші дәрежелі екі, екінші дәрежелі үш бапкер-жаттықтырушы бар.

2019-2020 оқу жылында спортпен айналысатын оқушылар саны 1010-ға жетті. Оларды грек-рим (классикалық) күресінен КСРО спорт шебері, Ұлттық дәрежедегі төреші, жоғарғы санатты біліктілігі жоғары деңгейдегі баппкер Өміртай Дәрібаев, грек-рим күресінен ҚР спорт шебері Ардақ Дәрібаев пен Нұржан Ерғали, әскери самбодан ҚР спорт шебері Қайрат Исаев, дзюдодан Нұрлы Сағынтай, еркін күрестен Анатолий Арон мен Жарқынбек Тамабаев, бокстан Әділер Әшірбеков пен Мәди Дүйсенбаев, Бокстан ҚР спорт шебері Мадияр Жанұзақов, Кеңгір ауылын №2 орта мектебінде Абылай Бекен, қазақ күресінен Айдос Бисенов, киокушенкай-кан каратэдан ҚР спорт шебері Фариза Жүнісбекова, мүмкіндігі шектеулі жандардың жаттықтырушысы Жаңабай Оразалин, акробатикадан бокстан ҚР спорт шебері Асыл Асқарова , №1 орта мектеп базасында садақ атудан Мейрімхан Ералиев , тоғызқұмалақтан Терекеті станциясының №6 негізгі орта мектебінде Жазира Қабденова, қол күресінен №9 тірек (ресурстық орталық) мектеп интернатында Ахмед Хажиев, үстел теннисінен – Ғалия Әбдіғаппарова жаттықтырып, спорт әлемінде жетістікке бастап жүр.

Спорттық-сауықтыру кешенінде баланың жеке тұлға болып өсіп, спорттағы жан-жақты шеберлігін танытуға барынша жағдай жасалғанын айтпай кетпеске болмас. Жас ұрпақтың бойына салауатты өмір салтын жөн-жүйесімен жүргізе білген, арманы биік, талабы зор ұжымның еңбегі лайықты бағасын алуда. «Талапты ерге нұр жауар» демекші, бүгінгі күні спорттық-сауықтыру кешенінің дарынды шәкірттері ел чемпионаттарында топ үздігі атанып, ұлттық құрама сапында халықаралық, Азиялық жарыстарда еліміздің намысын абыроймен қорғап жүр. Кештің басын Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Арман Сарсенбин, Ерболат Ербусинов, Бағлан Ибрагим, Әділет Саяжанов пен Қызмет Балтабек, Нұрлан Бекен мен Олжас Жанбосыновтар тұр. Одан бөлек, биылдың өзінде Жезқазған қаласының спорттық-сауықтыру кешенінің боксшылары ҚР чемпионатының алдындағы оқу-жаттығу жиындарына одан әрі Өскемен қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатында Аслан Сағындық қола жүлдегер атанса, 2005-2006 жылы туған кіші жасөспірімдер арасындағы Қарағанды облысы чемпионатының қорытындысы бойынша біздің спортшылар қоржынға бес алтын, екі күміс және алты қола жүлде салды. Сонымен қатар, Жезқазған қаласының үстел теннисшілері Қарағанды қаласында өткен облыстық лигада топ жарды. Грек-рим күресінен жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионатында Ерасыл Дәулетбек қанжығасын алтынмен майласа, ересектер арасындағы ережесіз жекпе-жекте Неймат Асадов ҚР чемпионы атанды. Бокстан Жалғас Арманов халықаралық жарыстың жеңімпазы атанса, Мәруа Құлышева атындағы балалар үйінің тәрбиеленушілері Зуфар Сайфутдинов пен Артем Мартыновский қалалық чемпионатта топ жарды. Жезқазғандық боксшылары сапында өнер көрсеткен Мадияр Отар ҚР аймақтық чемпионатының жеңімпазы атанды. Нұрлы Сағынтай мен Жандос Бейсенбаев ересектер арасындағы ҚР чемпионатының чемпионы мен жүлдегері атанды. Грек-рим күресінен кадеттер арасындағы Азия чемпионатында жезқазғандық палуан Ерасыл Дәулетбек күміс жүлдені жеңіп алса, Қарағанды облысының чемпионатында Жалғас Арманов күміс жүлдегер атанды. Міне, бапкер-жаттықтырушылары үшін шәкіртінің жеңісті күнін көргеннен асқан бақыт бар ма?!

Ел мерейін көтерер талай намысты ұл-қызды тәрбиелеп, бәйгеге қосып, тақымын қысқан спорттық-сауықтыру кешенінің ұжымы алдағы уақытта да ұлттық спорттың еңсесін көтеріп, спорт тарландарын түлету жолында аянып қалмақ емес. Ендеше, қаланың ғана емес, тұтастай қазақ елінің абыройын асқақтатар чемпиондар мекенінің ұжымына сәттілік серік болсын демекпіз.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ЗАҢНАМА

# ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

**Әлемдегі әрбір мемлекет өзінің Конституциясына сәйкес сыртқы және ішкі саясатпен айналысатыны белгілі. Өзінің атауы айтып отырғандай, сыртқы саясат – шет мемлекеттермен жүргізілетін қарым-қатынас, ал ішкі саясат – мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтып, жаһандану процесінен қалмай, алға қарай даму үшін қажетті тетіктердің бірі. Ал, соңғы жылдары ішкі саясаттың бір құрылымы ретінде «гендерлік саясат» деген ұғым көп айтылып жүр.**



Қазақстандағы ішкі саясаттың бір құрылымы ретінде «гендерлік саясат» деген ұғым көп мәселелерді көтерді. Ендеше, гендер ұғымының мән-мағынасына үңіліп, оның біздің ел үшін қажет, не қажетсіз екенін байқап көрсек. Гендер дегеніміз – ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ, олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдердің жиынтығы. «GENDER» – сөзі ағылшын тілінен аударғанда жыныс – еркек, әйел дегенді білдіреді. Ал, гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. 1995 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат істері жөніндегі кеңес жұмыс істеді. Кейін ол Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия болып қайта құрылды.

Мемлекет басшысының 2005 жылғы 29 қарашадағы Жарлығының Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдіктің 2006-2016 жылдарға арналған стратегиясы бекітілді. Стратегиялық билік құрылымдарындағы әйелдер мен ерлерді теңестіруді қарастырады. Гендер саласындағы сан қырлы күрделі мәселелерді түсіндіру үшін,оны бір жақты таяз ұғынушылықты жою үшін, ер де, әйел де өзінің құқықтарының тең екендіктерін сезіну үшін жастарға арнайы және жүйелі ұйымдастырылған гендерлік білім беру қажеттілігі туындап отыр. Ол әлемнің көптеген елдерінде зерттеліп, нақты іс-шаралар арқылы өз деңгейінде қолға алынуда. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016-жылғы 6 желтоқсандағы № 384 жарлығы бойынша бекітілген. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясына сәйкес еліміз Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада көрініс тапқан жеделдетіп жаңғырту мен индустрияландыруға бағыт алды. Қазақстан бес стратегиялық бағытты іске асыру үшін 15-50 жылдық «мүмкіндіктер терезесін» пайдалануға ниетті, олар: адами капиталды дамыту, институционалдық ортаны жетілдіру, ғылымды қажет ететін экономиканы құру, заманауи инфрақұрылымдарды қалыптастыру және халықаралық интеграцияны тереңдету. 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын қабылдау және іске асыру тек әйелдердің ғана емес, сонымен қатар ерлердің де құқықтары мен мүмкіндіктеріне неғұрлым тең қарауға мүмкіндік берді.

Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның ережелерін орындау барысы туралы үшінші және төртінші мерзімді баяндамалардың қорытындылары бойынша БҰҰ Комитеті әйелдер мен ерлер үшін құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігі мәселелері бойынша заңнамалық базаның құрылуына оң баға берді. Гендерлік теңдік стратегиясында шешім қабылдау деңгейіндегі нәзік жандардың үлесін 35 пайызға жеткізу көзделген. Сонымен қатар, барлық деңгейдегі бюджеттерді және әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламасын дайындау үдерістерінде гендерлік көзқарасты енгізу қолға алынып жатыр. Бүгінгі таңда шешім қабылдау деңгейіндегі әйелдердің қатысуының жалпы көрінісі төмендегідей. Қазақстан Республикасы Парламентінің құрамында 22 әйел бар. Бұл депутаттардың жалпы санының 15% құрайды. 3 әйел облыс әкімдерінің орынбасарлары, 5 нәзік жан аудандарды басқарады. Аудан басшылары орынбасарларының 18% ауылдық және селолық округтер әкімдерінің 12% әйелдер. Биліктің ең жоғарғы лауазымының құрамында 2 әйел министр, 4 жауапты хатшы, 6 вице-министр әйелдер өз қызметін атқаруда. Атап өткен көрсеткіш жалпы дүниежүзілік орта стандарттарға сәйкес, дегенмен, біздің елде саяси аренадағы әйелдер үлесінің кемімеуі назарда болары сөзсіз.

Бүгінгі өркениетті заманда ерлер мен әйелдердің құқықтары тең болғанмен, олар өздерінің қоғамдағы басты мідетін ұмытпауы тиіс. Әйел міндеті – шағын мемлекет құру болса, еркек үлкен мемлекет құрып, оның тізгінін берік ұстауға жауапты.

**Айнұр САБЫР,**
**№ 2 кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе меңгерушісі**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# КҮРЕС КҮШЕЙДІ



Сыбайлас жемқорлық ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең қауіп-қатерлерінің бірі болып отыр. Сондықтан, оны болдырмау мен алдын-алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта жемқорлықпен күреске айтарлықтай мән беріліп келеді. Осыған орай жемқорлыққа алып келетін себептерді білу маңызды болып табылады. Жемқорлықпен күресті алдын-алу шараларын әзірлеуге байланысты, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге бағытталған алғашқы қадамдарының бірі Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі етіп қайта құрды. Бұл арқылы мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігінің жоғары болуына негізделеді.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ашықтық пен әділдік сыбайлас жемқорлыққа шектеу қойылатын құрал болуы мүмкін. Яғни мемлекеттік қызметшілер халықтың әлеуетін көтеруге бағытталған бағдарламаларды жүзеге асырады. Сол арқылы мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қолдау жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеуге болады.

Ашықтықты, әділдікті қамтамасыз ету үшін елімізде цифрландыруға көңіл бөлініп отыр. Халық пен мемлекеттің өзара іс-қимылын электронды форматта енгізудің маңызы арта түсуде. Бүгінде рұқсат беру құжаттары электронды үкімет порталы арқылы беріледі. Атап айтсақ «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылып, құжаттарды беру түрі электрондық түрде беріледі. «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылып, құжаттарды беру түрі электрондық және қағаз түрінде беріледі.

Сонымен қатар, жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер «Тұлғалардың өтініштерін бірыңғай есепке алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйеге енгізіліп, тиісті мерзімдерінде қаралып, шешіледі.

Инспекцияның жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған жұмыстары, сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту және сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың алдын алу және оған жол бермеу бойынша барлық шаралар мекеме басшысының жеке бақылауында.

Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы мемлекеттік мекемесі бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебін бұзу мәселесі бойынша сенім телефоны: **8-7102-73-32-72, 8-705-334-69-69** жұмыс атқарады.

**Абзал АХМЕТБЕКОВ,**
**ҚР АШМ АӨК МИК Жезқазған қалалық аумақтық инспекция басшысы**

## ДІН және ҚОҒАМ

**Мұсылман үмметінің ерекшелігі көп. Соның бірі – Алла Тағала мұсылман үмметін орта жолды ұстанушы етіп жаратқан. Құран бұл жайлы «Бақара» сүресінің 143-аятында: «Міне, осылайша, сендерді орта жолды ұстанушы үммет еттік...» дейді. Демек, мұсылман үмметі – өзінің құлшылығынан бастап барша ісінде артық та кетпейтін, кем де жасамайтын қауым. Үмметтің жолбасшысы әрі адамзаттың абзалы – Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің ісімен орта жолдың үлгісі мен шынайы бейнесін көрсетіп отыратын еді. Мұның айғағы ретінде төменде Алла елшісінің ғұмырынан кейбір хадистер мен оқиғаларды келтіруді жөн көрдік.**



# ПАЙҒАМБАР ТӘЛІМІ ҺӘМ ОРТА ЖОЛДЫ ҰСТАНУ

Сахаба Әнас (р.а) пайғамбарлық кезеңде болған мына оқиғаны әңгімелеп: «Пайғамбардың әйелдерінің үйіне үш адам келіп, Оның құлшылығы туралы сұрайды. «Әлгі адамдарға Пайғамбардың құлшылығы туралы айтылғанда, оны азсынғандай болып: «Бізге Пайғамбарға жету қайда. Оның ілгері-кейінді күнәсі кешіріліп қойған», – деді. Олардың бірі: «Мен өмірбақи көз ілместен түннің барлығын намазбен өткі¬земін», – деді. Екіншісі: «Мен өмірбақи ораза ұстап өтемін, аузымды ашпаймын», – деді. Үшіншісі: «Мен өмірбақи әйелдерге үйленбей, бойдақ өтемін», – деді. Мұны естіген Алла елшісі әлгі адамдарға келіп: «Мұндай сөзді айтқан сендер ме? Алланың атымен ант етейін, расында сендердің араларыңда Алладан қатты қорқатын да, ең тақуасы да менмін. Дегенмен де мен ораза ұстап, аузымды ашамын, түнгі намаз оқып, ұйықтаймын, әйелдерге де үйленемін. Кім менің сүннетімнен бас тартса, ол менен емес», – деді (Бұхари, Муслим). Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жоғарыдағы оқиғада мұсылманның құлшылықта шектен шығуына тыйым салып, айыптап отыр. Сонымен қатар өзінің орта жолды ұстануда бүкіл үммет үшін үлгі екенін ескертуде.

Осы мазмұнда Айшадан (р.а) төмендегі оқиға риуаят етіледі: «Пайғамбар өзі бір амалды жасап, оны өзгелерге істеуге рұқсат береді. Бір топ сахаба оның берген рұқсатын пайдаланғысы келмейді. Мұны естіген Пайғамбар хұтпа оқып, Алла Тағалаға мақтау айтып: «Бір топ адамға не болған, менің ісімнен бас тартатындай не көрінді оларға?! Алла атымен ант етемін, расында мен Алланы олардан да жақсы танимын. Әрі оларға қарағанда, Алладан қатты қорқамын», – деді (Бұхари, Муслим). Шын мәнінде ешбір мұсылман пенде Пайғамбардан артық тақуа болып, Аллаға жақын бола алмайды. Сондықтан, Алла Тағаланы шынайы тану немесе одан шынайы түрде қорқу Алла елшісінің тәлімі мен үйреткен жолымен ғана болады.

Имам Бұхари мен Әбу Дәуіт өздерінің кітаптарында Алла елшісінің мектебінде тәлім алған кейбір сахабалардың ахуалын баяндай отырып, төмендегі оқиғаны келтіреді. Оқиғаны Әбу Жухайфа әкесінен жеткізіп, былай дейді: «Пайғамбар Салман мен Әбу Дарданы бауырластырады. Бір күні Салман Әбу Дардаға зиярат жасап келеді. Ол Умму Дарданың тозығы шыққан киім¬мен жүргенін көріп: «Саған не болған?» – деді. Умму Дарда: «Бауырың Әбу Дарда бұл дүниені тәрк еткен», – деді. Әбу Дарда келіп, Салманға ас әзірлеп, оған: «Астан ал, мен оразамын», – деді. Салман: «Сен астан дәм татпайынша, мен де дәм татпаймын», – деді. Сол кезде Әбу Дарда астан жеді. Түн ауған кезде Әбу Дарда намазға тұрды. Салман: «Ұйықтасаңшы», – деді. Әбу Дарда ұйықтады. Кейін ол қайтадан намазға тұрды. Салман: «Ұйықтасаңшы», – деді. Түннің соңғы бөлігінде Салман: «Ал, енді тұр», – деді. Әбу Жухайфа: «Сөйтіп, екеуі намаз оқыды», – деп айтты. Салман Әбу Дардаға: «Расында, сенің мойныңда Раббыңның хақысы бар және жаныңның хақысы бар, әйеліңнің де хақысы бар. Сондықтан әрбір хақы иесінің хақысын ұмыт қалдырмағын», – деді. Әбу Дарда Пайғамбарға келіп, болған жайтты айтады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Салман рас айтты», – деді (Бұхари, Әбу Дәуіт).

Ислам діні мұсылман құлдың өзгеге зәредей зұлымдық жасауына тыйым салған. Мұсылман құл аманатқа қиянат қылмауы тиіс. Дініміз, жанымыз, отбасымыз, туыстарымыз, бауырларымыз, достарымыз, көршілеріміз – барлығы да біз үшін аманат. Әрбірінің біздің мойнымызда ақысы бар. Пайғамбарымыз олардың ақысына зұлымдық жасамай, өтеуді тапсырған. Сондықтан жоғарыдағы хадисте Ол Салманның сөзін растап отыр.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адам баласының өз тәнінің ақысын беріп, өз уақытымен демалдырып отыруды бұйырады. Себебі адам баласының тәні шаршайтын болса, рухы әлсіреп ақиқатты танудан, ақ пен қараны ажыратудан қалады. Бұл турасында сахаба Әнастан (р.а) жеткен хадисте былай әңгімеленеді: «Бірде Алла елшісі мешітке кіріп, екі бағана арасында тартылған бауды көреді. Ол: «Бұл не бау?» – деді. Сахабалар: «Бұл Зейнебтің бауы, намазда шаршаған кезде соған сүйеніп тұрады», – деді. Пайғамбар: «Жоқ, оны шешіп тастаңдар. Қай-қайсың болсын түнгі намазды әл-қуатынша оқысын. Ал шаршаса, отырып, тынығып алсын», – деді» (Бұхари мен Муслим).

Сондай-ақ, Алла елшісі бізден бұрынғы халықтардың шектен шығушылыққа қалай ұрынғанын, өздерінің шамасынан тыс міндетті жүктеп алғанын және оның ақыры жақсылыққа апармағанын әңгімелеп берген. Осылайша, бұрынғы үмметтердің қателігін қайталаудан сақтандырады. Әнас ибн Мәлик (р.а) риуаят етеді: «Алла елшісі: ***«Өздеріңе бір амалды міндеттеп, шектен шықпаңдар. Салдарынан ауыр міндетке тап боласыңдар. Ақиқатында, кітап иелерінен болған бір топ адам өздеріне бір амалды міндеттеп, шектен шыққан. Нәтижесінде Алла оларға ауыр міндет жүктеді. Міне, ғибадатханалар мен үйлерде жүрген қауым солардан қалған адамдар»,*** – деп, мына аятты оқыды: ***«Тәркідүниелікті (монахтықты) олар өздері ойлап тапты. Біз оларға оны (тәркідүниелікті) жазбадық (міндеттемедік), тек Алланың разылығын іздеуді ғана (жаздық). Алайда олар оны (Аллаға арнаған нәзірлерін) лайықты сақтай алмады»*** («Хадид» сүресі, 27-аят).

Алла Тағала бұл дінді бізге қолайлы да ыңғайлы етіп жіберген. Алла Тағала адам баласына шамасынан тыс міндет тапсырмаған. Құранда: ***«Алла Тағала ешбір жан иесіне шамасынан тыс міндет жүктемейді...»*** делінеді («Бақара» сүресі, 286-аят). Сол сияқты Алла Тағала аятта: ***«Сендер үшін дінде ешбір қолайсыздық жасамады»,*** – дейді. Демек, исламда мұсылман пенде үшін ыңғайсыз ешбір үкім де, міндет те жоқ. Әбу Һурайра (р.а) діннің жеңілдігі туралы әңгімелеп былай дейді: ***«Пайғамбар: «Ақиқатында, бұл дін жеңіл. Бұл дінде шектен шыққан адам жығылады. Сол үшін амалда орта жолды ұстаныңдар. Амалды шамаларың келгенше істеңдер. Амалдарың үшін берілетін сауапқа қуаныңдар. Амалды орындау үшін таңғы-кешкі уақытты және түннің алғашқы уақытын пайдаланыңдар»,*** – деді» (Бұхари мен Муслим).

Алла Тағала пенделеріне аса қамқор әрі ерекше мейірімді. Сондықтан, діннің кейбір үкімдерін құлының ахуалына қарай жеңілдетеді. Бұл турасында Ибн Аббас (р.а): «Алла елшісінің былай дегенін жеткізеді: «Ақиқатында, Алла бұйрықтарының орындалғанын қалай жақсы көрсе, дәл солай рұқсаттарының орындалғанын да жақсы көреді» (Ибн Хиббан, әт-Табарани, әл-Бәззәр). Ибн Омардан (р.а.): «Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ақиқатында, Алла Тәбәрәка уа Тағала күнәні қалай жек көрсе, дәл солай рұқсаттарының орындалғанын жақсы көреді», – деген (имам Ахмад, әл-Бәззәр, әт-Табарани, Ибн Хузайма).

Абдулла ибн Амр ибн әл-Астан (р.а.): «Менің: «Алламен ант етемін, өмірбақи күндіз ораза ұстап, түнде көз ілмей намазға тұрып өтемін», – деген сөзім Алла елшісіне жеткен еді. Мұны естіген Алла елшісі: «Сен бе осы сөзді айтып жүрген?» – деді. Мен оған: «Уа, Алланың елшісі! Ата-анам сіздің жолыңызда құрбан болсын, айтқаным рас», – дедім. Алла елшісі: «Шын мәнінде, үздіксіз құлшылық жасауға шамаң келмейді. Бірде ораза ұстасаң, бірде аузың ашық болсын. Ұйықтап та ал, түнгі намазға да тұр. Әр айдың үш күнінде ораза тұт, расында бір сауап он есеге артады. Әр айда үш күн ораза тұту жыл он екі ай ораза ұстаумен тең», – деді. Мен: «Шынында, менің бұдан да артығына шамам келеді», – дедім. Алла елшісі: «Олай болса бір күн ораза ұста, екі күн аузың ашық болсын», – деді. Мен: «Негізінде, менің бұдан да артығына шамам жетеді», – дедім. Алла елшісі: «Олай болса бір күн ораза тұт, бір күн аузың ашық болсын. Бұл Дәуіт пайғамбардың оразасы, әрі бұл ең дұрыс ораза (тағы бір риуаятта ең абзал ораза)», – деді. Мен: «Расында, менің бұдан да артығына шамам жетеді», – дедім. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бұдан артық құлшылық жоқ», – деді (Бұхари, Муслим).

Демек, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) орта жолды ұстанып, үмметіне соны үйретуі – ұлы мейірім әрі қамқорлық. Дініміздің адам баласының шынайы жағдайымен және шамасымен санасатын иләһи жүйе екенін де білдіреді. Ешқашан шектен шығушылық жақсылыққа апарған емес, апармайды да.

***Имам Муслим өз кітабында келтірген хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Шектен шығушылар апатқа ұшырайды» деген. Артығымен құлшылық жасап немесе артығымен тақуалық етумен ешбір пенде Алла елшісінен артық Жаратушы Жаппарға жақын бола алмайды. Сондықтан Алланың рақымына бөленіп, разылығына ие болу Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ұстанған әрі үйреткен орта жолда екенін ұмытпайық!***

**Еркінбек ШОҚАЙ,**
**Алматы қаласының бас имамы**
**«Мұнара» газеті, №3, 2019 жыл**

# ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ РУХАНИ ІЛІМІ

**«Дін — бәрі үшін Ең Бастының жазмышы арқылы алдын ала айқындалған көзқарас пен іс-қимыл. Діннің арқасында бәрі өз бойларында ұяланған мақсатқа жетеді…» …Ол сөйтіп, Құдай адам бойына белгілі бір мақсатты ұялатты және өзінің барлық іс-әрекетінің барысында ол оның парасат пен парасатты шығармашылық екенін дәлелдеді деп тұжырымдады. Адам адами мәнді ғылым, философия, поэзия, музыка арқылы іске асырды. Адам мақсатын әл-Фараби Жаратушыдан берілген шығармашылық әрекеттен көрді». Шынтуайтына жүгінетін болсақ, ойшыл ұғымын кәміл меңгеру үшін Теология өнерін / Синаат уль-калам/ тану бағытына иек артқан дұрыс, сонда барып діни танымымыз кемелдене түседі. Діни ұғымды тереңдету үшін юриспруденцияның да / фикх/ да рөлі өте зор. Фикхтың бұлтартпайтын көңілге сиярлық дәлелдеріне түсіндірме жасау факихке /заңгер/ жүктеледі.**



Әл-Фараби дін философиядан кейін, ал қалам мен мұсылман құқы діннен кейін пайда болады деп санайды. Философия мен діннің кайсысының екінші пайда болғаны әл-Фараби үшін маңызды болып көрінеді. Кейде дін мен фәлсафаның бір-біріне қарама-қайшы келетін тұстары бар. Ол жөнінде Әбу Насыр діни шарттылықтар философтардың көмегімен зерделенетін ұтымды тұжырымдамалар легі екенін нақтылайды. Дегенмен мутакаллимдер мен мутазилиттер тұжырымдамаларын да қарастырып қойғанымыз дұрыс.

Әл-Фарабидің философиялық жүйесінің негізінде үш басты өзек айқын байқалады:

1/ Дүниенің мәңгілігін мойындау;

2/ Кез-келген құбылысты зерттеуде детерминизм /табиғатта және қоғамда кездесетін оқиға, құбылыстарды, оның ішінде адамның еркі мен мінезінің өзара байланыстылығының себептерін, себептестігінің заңдылығын зерттейтін ілім/ негізіне тұруы;

3/ Жеке адам рухының өлмейтіндігін жоққа шығару туралы қорытынды жасаудың айқын үрдісімен ұштасатын ақыл-ой жөніндегі ілім.

Бұл – діннің абыройын түсіретін негіздемелер. Алайда, егер біз осы аталған үш пікірмен шектеліп қалатын болсақ, онда бұл ойшылдың ұтымды ойлары бар, бірақ олар қиыспайтын діни-теологиялық қабыққа оранған деп түсінген болар едік. Мәселеге бұл қырынан келу аса дұрыс болмас еді, нақтырақ айтқанда, нақты тарихи тұрпат, көзқарастар жүйесінің тұтастығы жоғалады.

А.Қабылова атап көрсеткендей «Әбу Насыр өзінің «Философияның дінге қатысы» атты еңбегін «Мейірімді, мейірман Аллаһ үшін…» деген сөздермен бастауы да кездейсок емес. Көп жағдайда оның құран мәтіндеріне назар аударуы, бұл үзінділерді түсіндіруі өзінің тұлғалык позициясы мен өзінің түсінуі тұрғысынан және сонымен бірге құран сөздерін логикалық пайымдау тұрғысынан жүзеге асады. Сол арқылы философ дүниедегінің бәрі түсіндірілуі тиіс екендігін және дүниедегінің бәрін түсіндіруге болатынын көрсетеді.

Сондықтан Құран мәтініне дүрыс қарап, оны түсініп және түсіндіру керек. Әл-Фарабидің Құран мәтіндерін осылай еркін түсіндіруін оның арабталған түркі болғандықтан (ал Құран исламға дейінгі арабтардың дүниетанымының, олардың мәдениетінің көрінісі болғандығына күмән жоқ), Құранның сакралды қатынасына байланып қалмағандығымен немесе оның ақиқатты іздеумен сабақтасқан жеке философиялық ұстанымымен түсіндіруге болады».

А.Қабылова еңбектерінде атап көрсеткендей нағыз ислам философы ретінде Әл-Фараби Мұхамед пайғамбардың миссиясын, оның Алла жөніндегі танымын мойындайды. Аллаға, Періштелерге, Қасиетті кітаптарға, Пайғамбарларға, Ақыр заман күніне, тағдырға сену сияқты Ислам ілімінің барлық алты белгісі әл-Фараби трактаттарында тура болмаса да өзінше бір ерекше түрде түйінделген.

Әл-Фараби Қайырымды қалада періштелер жөніндегі ислам ілімінің барлық жағын қарастыруға тырысады. Абу Насыр трактаттарында Періштенің аян болуы мен елестеуі туралы бөлім бар. Бұл жерде философ әрекет етуші интеллект бейнесін өңдеуге қабілетті қиялдағы күштер әрекетін қарастырады. Исламның негізгі үшінші бөлімі Қасиетті кітаптарға сенімді, әл-Фараби арнайы бөліп алып қарастырмайды, дегенмен осы бағыт төңірегінде жалпылама тұтас түсінік бар.

Пайғамбарларға сенім немесе исламның төртінші бөлімі әл-Фарабидің әділетті әкім туралы тұжырымдамасында жарқын көрініске ие. Сенімнің төртінші тармағы бойынша мұсылман барлық пайғамбарлардың ақиқаттығына сену керек. Құранда – Адам, Ыдырыс, Нух, Худ, Салих, Ибраһим, Лут, Ысмаил, Жақып, Жүсіп, Аййюб, Шуэйб, Мұса, Харун, Зуль-Кифль, Дәуід, Сүлеймен, Ілияс, Зәкәрия, Яхья, Иса, Мұхаммед сияқты есімдер айтылады. Құранда дінге сенушілердің атасы – Авраам және ол мұсылман деп көрсетіледі.

Өйткені ол бір құдайға сенуді үндеген алғашқы адам. Авраам пұтқа табынуды жоққа шығарған, сол себепті оны ханиф деген атаумен байланыстырамыз. Исус Христос есімін де Құранның талай бетінен кездестіреміз. Алайда Мұхаммедтің өзі христиандық пен исламның айырмашылығын баса айтады. Хадисте Мұхаммед пайғамбардың: «Мені Исус Христос /Мәриамның ұлы/ сияқты мадақтамаңдар, өйткені мен – құдайдың құлымын; мені Құдайдың құлы немесе Алланың елшісі деп атаңдар», деген сөздері сақталған.

Құран сүрелерінде көрсетілген пайғамбарлар жөніндегі ілім монотеистік діндердің сабақтастығын ғана айтып қоймайды, адамзаттың шығу тегінің бір екендігі идеясына алып келеді. Абу Насыр ханиф, елші деген сөздерді қолданбайды, бірақ имам, пайғамбар түсініктерін жиі пайдаланады. Сонымен бірге Қайырымда қала, Бақытқа қол жеткізу еңбектерінде пайғамбарлық жөніндегі мәселелерді алға тартады.

Сенімнің бесінші тармағы Ақыр заман күніне илану Абу Насырда өзінше бір келбетте көрінеді. Жалпы Ақыр заман жөніндегі ілім Құранда жазылған мінез-құлық нормаларымен байланысты. «Оның қашан болатыны жайлы білім тек қана Раббымның жанында ғана. Оның уақытын Одан басқа ешкім білдіре алмайды» («Ағраф» сүресі). Бұл туралы ұғымын Әл-Фараби өзінің Қайырымды қаласында өлгеннен кейін қайырымды қала тұрғындарының жандары бір-бірімен қауышады, ал адасқан және надан қала тұрғындарының жаны өлген соң ыдырап, ажырап кетеді деген идеяны ұстанғанда айқындайды.

Сенімнің бесінші бөліміне байланысты тәртіптің діни және мінез-құлықтық ережелері Әл-Фарабидің барлық философиялық саяси трактаттарында дәлелденген. Сонымен бірге хадистердегі мумин түсінігіне Әбу Насырдың Қайырымды адам бейнесі өте жақын. Сенімнің алтыншы белгісі – Тағдырға немесе қайырымдылық пен қатыгездіктің Алла бұйырған шарттылығына сену.

Ол жөнінде «Араларында өлімді біз белгілеп, тағайындадық…» («Уақиға» сүресі) деген Құран сүрелері бәрімізге мәлім. Осы орайда Мұхаммед пайғамбар өлгенді жоқтауды айыптайды. Ұлы ойшыл теологиялық пайымға тән дәлдіктен алшақтай отырып, Даналық негіздерінде Қасиетті кітаптан алынған жайдан-жай бір тал жапырақ та ағаштан түспейді /2, 2/ деген мысал келтіреді.

Ислам ілімі мен Фараби мұралары төркіндес болып келеді. Діннің адамзат баласының ақыл-ойын жаулап алғанына қарамастан, уақыт жағынан алып қарастырғанда, ол философиядан кеш туындағанына көз жеткіземіз. Бір сөзбен айтқанда, діннің көмегімен халықты ағартушылық, яғни білім жолына сала отырып, саналық және тәжірибелік заттарды да үнемі іздестіруге мүмкіндік аламыз.

**А. ТӨЛЕУБАЕВА**

**Халқымыздың тарихында көнеден бастау алып, бүгінге дейін жеткен тілі, тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі және діні қалыптасқан. Сол құндылықтарды бүгінде кейбір азаматтар шатастырып жатады. Кейде әдет пен ғұрыпты дәстүрге немесе кейбір дәстүрді әдет-ғұрыпқа жатқызып жүр. Ал дін менен дәстүрді бір-біріне қарсы қойып жүрген жат ағым өкілдері де бар.**



# ДІН мен ДӘСТҮР ҚҰСТЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ ІСПЕТТІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының пәтуа бөлімі «ғұрып» сөзі арабтың «әл-ъурф» сөзінен шыққандығын, араб тілінде адамдарға үйреншікті болған, әдеттегі іс-әрекет, үрдіс деген мағыналарды білдіреді дейді.

Ал, «Әдет» сөзі арабтың «әл-ъаада» өзінен шыққанын, мағынасы адамдар арасында көп қайталанатындықтан дағдыға айналған істер дегенді білдіреді. Әдет және ғұрып сөздерінің мағынасы бір десе болады. Кейбір шариғат кітаптарында «урф» сөзін қолданса, енді біреулері «әдәт» сөзіне басымдық берілген.

«Дәстүр» сөзі де арабша «дустур» деген сөздің қазақша баламасы. Арабша мағынасы іс-әрекет жасалатын ереже, заң дегенді білдіреді. Қазіргі араб тілінде бұл, негізінен, бір елдің конституциясы деген мағынада қолданылады дейді.

Иә, қазақ даласында ислам шариғаты мен дала заңдарының қосындысынан шыққан заңнамалық жүйе дәстүр деп аталса керек. Жалпы дін мен дәстүрдің ұштастығы, бір-бірімен сабақтастығы құстың екі қанаты іспетті. Олар бір-бірінен ажырап қалуы мүмкін емес. Дін мен дәстүр бір-біріне тәуелді, себебі, олар бірін-бірі толықтырып тұрады. Тіпті ислам дінінде пәтуа беру үшін жергілікті дәстүрді басшылыққа алады және санасады.

Осы орайда белгілі исламтанушы ғалым Алау Әділбаев:

«Кез келген халықтың өмір-салты мен дүниетаным негізінде ғасырлар бойы жинақтала келе қалыптасатын құндылықтар жиынтығынан тұратын әдет-ғұрып діни үкім шығару, яки, пәтуа беру тұрғысынан мұсылман құқығында маңызды рөл ойнаған. Әдет-ғұрыпқа мән беріп, оны негізге алу – ислам құқығының динамизмін, барлық уақытта жергілікті халықтың дүниетанымына сай келетін кеңдігін көрсететін бірден-бір ерекшелігі. Осы ерекшелігіне баланысты Ислам дінін өзге ұлт өкілдері жатсынбай қабылдап, өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалған» дейді.

Кез келген халықтың құндылығы бар. Ол мәңгі өзімен бірге жасап келе жатқан тілінде, салт-дәстүрінде, өнерінде. Оларды бір-бірінен бөліп те қарай алмаймыз. Себебі, олар бірін–бірі толықтыра отырып, тұтас бір ұлттың болмысын құрайды. Халқымыздың ұлттық және діни дәстүрлері тәрбиелі ұрпақ қалыптастырудағы рөлі орасан.

«Тәрбие ана құрсағынан басталып кетеді» дейді ғалымдар. Олай болса, бала дүниеге келмей тұрып басталатын «Құрсақ шашу», бала дүниеге келе салысымен болатын «Сүйінші сұрау», «Азан шақырып ат қою», «Шілдехана тойы», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару» – бәрі-бәрінің өзіндік тәрбиелік орны, маңызы бар екені анық.

Салт-дәстүрлер тек қана тәлім-тәрбие ғана емес, бұлжымас тәртіпке де негізделген. Мәселен, аруақты сыйлау туралы бір ғана сөзбен тоқталсақ, бұл жерде мәселе марқұмның жетісі, қырқы, жылын атап мал союда емес, мәселе – ағайын-туыс, құда-жекжатқа көңіл айтып, қайғысына ортақтасуда. Өлімнің артын күтудің өзі – қазақ үшін бірлік пен берекенің, ұят пен ардың нышаны. Ендеше, арыдан ойлар болсақ, осылардан айырылсақ біртұтас халқымыздың елі мен жерінің тұтастығына сызат түспей ме?!

Ұлыстың ұлы күнін тойлау да, жеті атаға дейін қыз алыспау да, тәбәрік тарату секілді ғұрыптар әрине, мұсылман дінінде нақтылап айтсақ, араб халқында жоқ. Сонда бұлар арабтарда жоқ екен деп біз бас тартуымыз керек пе? Әлде, жеті атадан бері қыз алысып-беріспейтін дәстүрімізді тәрк етуміз керек пе? Ендеше, біздің дәстүр-салтымыздың бәрі мұсылман дінінен ауытқушылық немесе қарсылық емес, ежелден қалыптасқан әдет-ғұрып. Сол әдет-ғұрыптың бәрі де мұсылман дінімен ымыраласа жүріп жатқанын байқаймыз.

Ислам дінінде бөліну жоқ, бірін-бірі сынға алып, айтысып-тартысу да жоқ. Онда бағыт бар, басты ұстаным бар, ғұлама-ғалымдардың салып кеткен сара жолы бар. Біз дінсіз ел емеспіз. Әкесі мен ұлы, енесі мен келіні стақан соғыстырып, баласы кәмелетке толған соң ата-анасынан безетін, көршісінің баласы жүгіріп шуласа, полицияға шағымданатын, келген қонағына қиналатын халық емеспіз.

Біз әке тұрып ұл сөйлегеннен безетін, ата-ененің қалауын қабағынан сезетін, ата-анасы жынды болса, байлап бағатын, қолдағыны бөліп беріп көрші мен қонақтың көңілін табатын, қызына қырық үйден тыйым салатын, тағы да басқа көптеген мүміннің сипаты, мұсылманның мұраты саналатын асыл қасиеттерді отбасы, ошақ қасында бойға сіңіретін салт-дәстүрі бар халықпыз. Бұлар адасушылық болса, тура жол қайсы?!

Бүгінгідей ақпарат айдынында түрлі идеологияның келуі халықты ұстанған салт-дәстүр, санасынан айыруды көздеп отыр. Әрбір ұлт, этнос өзінің құндылықтарымен рухтанғанда ғана сырттан келген өзге жат идеологияны қабылдамайды. Бұл біздің салтымызға, дәстүрімізге, санамызға жат дейді. Ал өзінің салтынан, дәстүрінен, санасынан айырылған этнос сырттан келген біреудің қаңсығын таңсық деп қабылдайды. Бұл мемлекеттің тұрақтылығына, тәуелсіздігіне үлкен нұқсан келтіреді.

Өзінің салт-дәстүрімен рухтанбаған кейбір азаматтар сырттан келген әртүрлі ағымдарды жетегінде адасып жүр. Жастарды қайта бейімдеуде қиындық туып жатыр. Олардың қоғамға қайта бейімделуі, оралуы, ұлттық рухпен сусындауы қиынның қиыны. Мұндай жұмыспен тек дінтанушылар немесе имамдар ғана емес, психологтар, әдебиеттанушылар, тарихшылар, бір сөзбен айтқанда барлығымыз да жұмыс жасауымыз керек.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) өзінен бұрынғы пайғамбарлар мен өзінің арасындағы байланысты былай деп баяндайды. «Менімен менен бұрынғы пайғамбарлардың мысалы – үй тұрғызған бір кісі сияқты. Әдемі көркем етіп салады, тек бір бұрышында бір кірпіштің орыны бос қалады. Халық ол үйді айналып көріп ұнатып: «Әттең, мына бір кірпіші қойылса ғой» дейді. Сол кірпіш Мен боламын», – деген екен. Көріп отырғанымыздай пайғамбарымыз «Үйді бұзып қайта тұрғызушымын деген жоқ, толықтырушымын, аяқтаушымын» – деген. Демек, дініміз жақсылық жолды қиратушы емес, керісінше толықтырушы екендігін көрсетеді.

Біздің бұдан алар үлгіміз Құран мен сүннет арқылы өмірін өрнектеген дана халықтың ұрпағы ретінде солардан қалған сара жол, даңғыл дәстүрді жаңғырта отырып кемелдендіруіміз керек. Әйтпесе, дәстүрді мансұқтау деген дайын үйді бұзып, далада қалумен тең.

**Тұрар ТҮГЕЛҰЛЫ**
**Дереккөз: kazislam.kz**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2019 жылғы 29 қараша* *№ 39/341*

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 24 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ XXX СЕССИЯСЫНЫҢ №30/274 «2019-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2019 жылғы 10 желтоқсанында нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5578 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы XXX сессиясының №30/274 «2019-2021 жылдарға арналған Жезқазған қаласының бюджеті туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5090 тіркелген, 2019 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде, 2019 жылғы 11 қаңтардағы №01 (8115), 2019 жылғы 18 қаңтардағы №02 (8116) «Сарыарқа» газетінде, 2019 жылғы 11 қаңтардағы №1 (257), 2019 жылғы 18 қаңтардағы №2 (258) «Жезказганский вестник» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. 2019-2021 жылдарға арналған қалалық бюджет 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 17772810 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 8048322 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 43125 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 81792 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 9599571 мың теңге;

2) шығындар – 18876621 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 1082968 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 1114761 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 31793 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге,

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 2186779 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2186779 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 1258161 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 54483 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 983101 мың теңге.»;

4 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«4. 2019 жылға арналған қалалық бюджеттің түсімдерінің құрамында облыстық және республикалық бюджеттерден 8535530 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттер мен даму трансферттері қарастырылғаны ескерілсін.»;

12 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«12. Жезқазған қаласы атқарушы органының 2019 жылға арналған резерві 0 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

аталған шешімнің 1, 4, 5, 8 қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3, 4 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

**Сессия төрағасы С. СУРНИН**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашадағы XXXIX сессиясының №39/341 шешіміне 1 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы XXX сессиясының №30/274 шешіміне 1 қосымша*

# 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | I. Кірістер | 17772810 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 8048322 |
| | 01 | | Табыс салығы | 3842633 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 3842633 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 2960000 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 2960000 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 926943 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 630260 |
| | | 3 | Жер салығы | 26448 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 269445 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 790 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 293346 |
| | | 2 | Акциздер | 9367 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 205070 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 66096 |
| | | 5 | Ойын бизнесіне салық | 12813 |
| | 08 | | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 25400 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 25400 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 43125 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 21425 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 135 |
| | | 4 | Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер | 22 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 20547 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 721 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 3264 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 3264 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 18436 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 18436 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 81792 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 25377 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 25377 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 56415 |
| | | 1 | Жерді сату | 21306 |
| | | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 35109 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 9599571 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 9599571 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 9599571 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II.Шығындар | 18876621 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 596588 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 395549 |
| | | 112 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 41125 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 35075 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 6050 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 287627 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 279139 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 8488 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 66797 |
| | | | 001 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 52124 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 14673 |
| | 2 | | | Қаржылық қызмет | 3956 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 3956 |
| | | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 3956 |
| | 9 | | | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер | 197083 |
| | | 454 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі | 37807 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 37493 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 314 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 74446 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 61956 |
| | | | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1400 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 11090 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 84830 |
| | | | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 75780 |
| | | | 015 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 9050 |
| 02 | | | | Қорғаныс | 17116 |
| | 1 | | | Әскери мұқтаждар | 16965 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 16965 |
| | | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 16965 |
| | 2 | | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 151 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 151 |
| | | | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді-мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 151 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 79294 |
| | 9 | | | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер | 79294 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 79294 |
| | | | 021 | Елді-мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 79294 |
| 04 | | | | Білім беру | 7864944 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 1125751 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1125751 |
| | | | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 1125751 |
| | 2 | | | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 5407328 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 4161162 |
| | | | 003 | Жалпы білім беру | 3943955 |
| | | | 006 | Балаларға қосымша білім беру | 217207 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 1246166 |
| | | | 024 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 1246166 |
| | 9 | | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 1331865 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1331865 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 43941 |
| | | | 005 | Ауданның (облыстык маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 210383 |
| | | | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі | 27726 |
| | | | 022 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 1137 |
| | | | 029 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 20436 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1025861 |
| | | | 068 | Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету | 2381 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 1298786 |
| | 1 | | | Әлеуметтік қамсыздандыру | 406233 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 391522 |
| | | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 391522 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 14711 |
| | | | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 14711 |
| | 2 | | | Әлеуметтік көмек | 775326 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 746198 |
| | | | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 327711 |
| | | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 3131 |
| | | | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету | 1925 |
| | | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 111622 |
| | | | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету | 1015 |
| | | | 013 | Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу | 50495 |
| | | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 127420 |
| | | | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 81435 |
| | | | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету | 41444 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 29128 |
| | | | 008 | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау | 29128 |
| | 9 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 117227 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 117227 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 47951 |
| | | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 644 |
| | | | 021 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1044 |
| | | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 63788 |

►►15-бетте

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*(Соңы. Басы 14,15-беттерде)*

| Функционалдық топ<br>Кіші функция<br>Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі<br>Бағдарлама | | | | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -2186779 |
| | | | | VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 2186779 |

| Санаты<br>Сыныбы<br>Кіші сыныбы | | | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 1258161 |

| Функционалдық топ<br>Кіші функция<br>Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі<br>Бағдарлама | | | | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Қарыздарды өтеу | 54483 |
| | 1 | | | Қарыздарды өтеу | 54483 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 54483 |
| | | | 005 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 54482 |
| | | | 022 | Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару | 1 |

| Санаты<br>Сыныбы<br>Кіші сыныбы | | | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 983101 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашадағы*
*XXXIX сессиясының №39/341 шешіміне 2 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы*
*XXX сессиясының №30/274 шешіміне 4 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АҒЫМДАҒЫ НЫСАНАЛЫ ТРАНСФЕРТТЕР МЕН НЫСАНАЛЫ ДАМУ ТРАНСФЕРТТЕРІ, КРЕДИТТЕР

| | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Барлығы: | 9793691 |
| | оның ішінде: | |
| | Ағымдағы нысаналы трансферттер | 2759776 |
| | Нысаналы даму трансферттері | 5775754 |
| | Бюджеттік кредиттер | 1258161 |
| | оның ішінде: | |
| | Ағымдағы нысаналы трансферттер, оның ішінде: | 2759776 |
| 1 | Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдерінің, педагог-психологтарының еңбекақы төлемін ұлғайтуға | 522970 |
| 2 | Цифрлық білім беру инфрақұрылымын құруға | 12211 |
| 3 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын арттыруға, оның ішінде: | 46571 |
| | мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайту | 10405 |
| | техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейту | 35936 |
| | Spina bifida диагнозды мүгедек балаларға біржолғы қолданылатын катетерлермен қамтамасыз ету | 230 |
| 4 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға, оның ішінде: | 164432 |
| | еңбекақы төлемін ішінара субсидиялау | 17872 |
| | жастар практикасы | 36359 |
| | жаңа бизнес идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар ұсыну | 51763 |
| | қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға қосымша тартуды қамтамасыз ету | 58438 |
| 5 | Жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге | 3321 |
| 6 | Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға | 2295 |
| 7 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге | 296882 |
| 8 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға, оның ішінде: | 82473 |
| | еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша жұмыс кадрларын қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға | 82169 |
| | жеке жұмысқа орналастыру агенттіктеріне қызметтер аутсорсингі | 304 |
| 9 | Азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлерінің жалақысын көтеруге | 734381 |
| 10 | Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге | 20187 |
| 11 | Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын (қала көшелерін) және елді-мекендердің көшелерін күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуден өткізуге, оның ішінде: | 200000 |
| | жолдарды орташа жөндеу | 200000 |
| 12 | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына | 160000 |
| 13 | Заңнаманың өзгеруіне байланысты төмен бюджеттердің шығындарын өтеуге | 158439 |
| 14 | Аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға | 355614 |
| | Нысаналы даму трансферттері, оның ішінде: | 5775754 |
| 15 | Жезқазған қаласындағы 900 орынға арналған мектептің құрылысы | 1246156 |
| 16 | Жезқазған қаласындағы Алашахан көшесі, 34Д 5 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы | 141101 |
| 17 | Жезқазған қаласының Батыс тұрғын аймақтағы жеке тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы, 2 кезең (сумен жабдықтау) | 283745 |
| 18 | Жезқазған қаласының Батыс тұрғын аймақтағы жеке тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы, 2 кезең (электрмен жабдықтау) | 266322 |
| 19 | Жезқазған қаласының Батыс тұрғын аймақтағы көп қабатты тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым дамыту және жайластыру (сумен жабдықтау, кәріз, жылумен жабдықтау, байланыс желісі) | 271648 |
| 20 | Жезқазған қаласының Батыс тұрғын аймақтағы көп қабатты тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым дамыту және жайластыру (электрмен жабдықтау) | 126136 |
| 21 | Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жаңарту, 2-кезең | 429198 |
| 22 | Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жаңарту, 3-кезең | 251003 |
| 23 | Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жаңарту, 1-кезең | 317311 |
| 24 | Жезқазған қаласының кәріз тазартқыш қондырғыларын қайта құрылымдау және жаңғыртуға жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу | 23324 |
| 25 | Жезқазған қаласы жылу желілерін реконструкциялау және жаңарту, 2-кезең | 730000 |
| 26 | Жезқазған қаласының шаруашылық ауыз судытазартқыш қондырғыларын реконструкциялау, 3-кезең | 500000 |
| 27 | «Сарыарқа» магистральды газ құбыры «Жезқазған» автоматтандырылған газ тарату станциясынан бастап Жезқазған қаласының газ тарату желілерін салу | 1000000 |
| 28 | Жезқазған қаласында 320 көрермен орнына арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу | 100000 |
| 29 | Жезқазған қаласының 69-орамдағы Шевченко көшесі,23А 3-қабатты 18 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы | 36552 |
| 30 | Жезқазған қаласы, 69-орам, Шевченко көшесі, 23А 3-қабатты 18 пәтерлі тұрғын үйге(электрмен жабдықтау) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу | 8307 |
| 31 | Жезқазған қаласы, 69-орам, Шевченко көшесі, 23А 3-қабатты 18 пәтерлі тұрғын үйге (су құбыры, кәріз, жылумен жабдықтау, телефондандыру, абаттандыру) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу | 44951 |
| | Бюджеттік кредиттер, оның ішінде: | 1258161 |
| 32 | Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру (Жезқазған қаласы жылу желілерін реконструкциялау және жаңарту, 1-кезең) | 1107186 |
| 33 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер | 7575 |
| 34 | Тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға кредит беру (Жезқазған қаласының 69-орамдағы Шевченко көшесі, 23А 3-қабатты 18 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы) | 143400 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашасындағы*
*XXXIX сессиясының №39/341 шешіміне 3 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы*
*XXX сессиясының №30/274 шешіміне 5 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУЫЛДЫҚ ӘКІМДЕР АППАРАТТАРЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРЫ

| Функционалдық топ<br>Кіші функция<br>Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі<br>Бағдарлама | | | | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | Барлығы: | 69421 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 27878 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 41543 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 66797 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілдік, атқарушы және басқа органдар | 66797 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 66797 |
| | | | 001 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 52124 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 25788 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 26336 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 14673 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 303 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 14370 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 1007 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 1007 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1007 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 715 |
| | | | | оның ішінде: | 715 |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру | 292 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 108 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 184 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 866 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 866 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 866 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 866 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 446 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 420 |
| 13 | | | | Басқалар | 751 |
| | 9 | | | Басқалар | 751 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 751 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру | 751 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 518 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 233 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашасындағы*
*XXXIX сессиясының №39/341 шешіміне 4 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы*
*XXX сессиясының №30/274 шешіміне 8 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНА БЕРІЛЕТІН ТРАНСФЕРТТЕР

| № р/н | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Барлығы: | 12800 |
| | оның ішінде: | |
| | Ағымдағы нысаналы трансферттер | 12800 |
| | оның ішінде: | |
| | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі, оның ішінде: | 1153 |
| 1 | Азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге | 1153 |
| | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, оның ішінде: | 11647 |
| 2 | Теректі станциясының стихиялық қоқыс үйінділерін жоюға | 3883 |
| 3 | Кеңгір селосының көшелерін жарықтандыруға | 7764 |

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті Нормативтік-құқықтық акті 10.12.2019 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5578 болып енгізілді***

***Результаты согласования***
***ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 03.12.2019 16:15:43, положительный результат проверки ЭЦП***
***ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 03.12.2019 16:19:57, положительный результат проверки ЭЦП***
***ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – председатель сессии Сергей Александрович Сурнин, 03.12.2019 16:25:35, положительный результат проверки ЭЦП***
***Департамент юстиции Карагандинской области – и.о руководителя Департамента Канат Байбулатович Тажибаев, 05.12.2019 18:09:05, положительный результат проверки ЭЦП***

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2019 жылғы 29 қараша* *№ 39/345*

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 25 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №38/347 «ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ, ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік- құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2019 жылғы 10 желтоқсанында нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5579 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 38/347 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Жезқазған қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3636 нөмірімен тіркелген, 2016 жылы 5 ақпандағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 19 ақпандағы № 8 (7968) «Сарыарқа» газетінде және 2016 жылғы 19 ақпандағы № 8 (110) «Жезказганский вестник» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталынсын.

көрсетілген шешіммен бекітілген Қағиданың 6 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

1) 1-2 қаңтар – Жаңа жыл;

2) 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні;

3) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;

4) 26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушыларды еске алу күні;

5) 9 мамыр – Жеңіс күні;

6) 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні;

7) 6 шілде – Астана күні;

8) 29 тамыз – Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні;

9) 1 қазан – Қарттар күні;

10) Қазақстан Республикасындағы мүгедектер күні (қазан айының екінші жексенбісі);

11) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні;».

көрсетілген шешіммен бекітілген Қағиданың 8 тармағы мынадай мазмұндағы 10), 11) және 12) тармақшаларымен толықтырылсын:

«10) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр-Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған аналарға;

«11) бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары бар, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орындарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, жоғарғы оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар аналарға;

«12) Жезқазған қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқытылатын балалары бар көпбалалы аз қамтылған отбасыларға.».

келесі мазмұндағы 14-1 тармақпен толықтырылсын:

«14-1. Жезқазған қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқытылатын балалары бар көпбалалы аз қамтылған отбасыларға берілетін әлеуметтік көмек «Жезқазған қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен ұсынылатын тізім бойынша көрсетіледі.».

келесі мазмұндағы 14-2 тармақпен толықтырылсын:

«14-2. Атаулы күндер мен мереке күндеріне бір уақытта бірнеше негізде әлеуметтік көмек алуға құқығы бар тұлғаларға көмектің бір түрі көрсетіледі.».

15-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталынсын;

17 тармақ алынып тасталынсын;

27 тармақ алынып тасталынсын;

28 тармақ алынып тасталынсын;

29 тармақ алынып тасталынсын;

30 тармақ алынып тасталынсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы**
**С. СУРНИН**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы**
**С. МЕДЕБАЕВ**

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 10.12.2019 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5579 болып енгізілді***

***Результаты согласования***
***ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 29.11.2019 16:20:36, положительный результат проверки ЭЦП***
***ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 29.11.2019 16:24:48, положительный результат проверки ЭЦП***
***ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» – председатель сессии Сергей Александрович Сурнин, 29.11.2019 16:29:38, положительный результат проверки ЭЦП***
***Департамент юстиции Карагандинской области – и.о руководителя Департамента Канат Байбулатович Тажибаев, 05.12.2019 18:10:39, положительный результат проверки ЭЦП***

---

## МӘУЛІТ МЕРЕКЕСІ

# ПАЙҒАМБАРДЫ ҰЛЫҚТАҒАН РУХАНИ КЕШ

**Жезқазғандағы Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде Ахмет Ишан Оразайұлы мешітінің ұйымдастыруымен Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мәулітіне арналған «Үммет сағынышы» атты рухани кеш болып өтті. Мәуліт мерекесіне келген адамдардан кең залда бірде-бір бос орын болмады. Халықтың рухани шараға зор ықыласпен келгенін көптеген адамдардың кеш бойы тапжылмай түрегеп тұрғанынан айқын аңғаруға болады.**




Мәуліт – араб сөзі, туған күн деген мағынаны білдіреді. Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) 570 жылы Рабиғул-әууәл айының он екінші түнінде Мекке қаласында дүниеге келген. Сондықтан бұл ай «Мәуліт айы» деп те аталады. Халықтар достығы мен мәдениеті үйіндегі Мәуліт кешін Бауыржан ұстаз құран оқып бастады. Бұдан соң Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) ғұмырынан бейнебаян көрсетілді. Жезқазған мешітінен Нұрбол ұстаз пайғамбарымыздың ізгі қасиеттерін алға тарта келіп, салауат арнады. Кімде-кім пайғамбарымызға (с.а.с.) салауат айтса, Алла тағала оның күнәсінің бір бөлігін кешіріп, дәрежесін көтереді екен. Мәуліт айының мейірім айы екені ел есіне салынды. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының «Зекет» қайырымдылық қоры көп балалы, жағдайы жоқ отбасына баспана сыйлауды жолға қойып келеді. Рухани кеш үстінде еліміздегі беріліп келе жатқан осы қордың 158-ші пәтер кілті жезқазғандық көп балалы ана Айгүл Тәжиеваға табысталды.

Қасиетті дінімізді, имандылық нұрын насихаттауға ақындар да айтарлықтай атсалысуда. Осы шараға Қарағандыдан арнайы келген айтыс ақындары Айтбай Жұмағұлов, Тілеген Әділов және Мақсат Аққанов кезегімен кеш тізгінін қолдарына алып, ғибратты әңгіме өрбітті. Бір-бірімен айтысып, ұлттық өнер арқылы ұлағатты жайларды ортаға салды, ізгілікке шақырды. Арқаның Атымтай жомарты Бекзат Қомарұлы да бір Алланы, пайғамбарды мадақтап, құрметтеу туралы көңіл төріндегі ниетін білдірді. Кеш қонағы республикаға танымал діни ұстаз Абдуғаппар Сманов сахна төріне шығып, пайғамбарымыздың асыл қасиеттері, ізгі амалдары мен өнегелі жолдары туралы тағылымды әңгімелер айтты. Мұхаммед пайғамбар дүниеге келген таңда ғажап оқиғалар болыпты. Дүние нұрға толған. Әмина анамыз босанған кезінде толғақ қысу, қан кету сияқты қиындықтарды мүлдем көрмеген. Дүниеге келген сәбидің үстінен жұпар иіс аңқып тұрыпты. Әкесі Абдулла бұл кезде өмірден өтіп кеткен. Атасы Әбдүлмүттәліп немересін қолына алып, алдымен Қағбаны тәуап етіпті. Құрайыш руының ұлықтарын шақырып, той жасаған. Мұхаммедтің есімі жөнінде сұрағанда атасы: «Мен немеремді аспанда Хақ Тағала, жерде халық көп мақтайды деп үміттенемін», – деп жауап берген. Мұхаммед сөзі мақтаулы деген мағынаны білдіреді. Пайғамбардың (с.а.с.) атақты үш аты бар: Мұхаммед, Ахмед және Махмуд.

Пайғамбардың ғибратты ғұмырын насихаттауда, жастарды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде, теріс қылықтардан сақ болып, ата-ананы құрметтеуге шақыруда Мәуліт мерекесінің ықпалы зор. Жезқазғандағы рухани кеш осындай тағѕлымды да тартымды шараға айналды.

**Нығыман РАХЫМ**

---

## ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

# САУАТСЫЗ ЖАРНАМА ЖАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ

**Соңғы жылдары елімізде сауатсыз жарнамалар мен жүйесіз жазылған сөйлемдердің қарасы көбейген. Далаға шықсаң болды самсап тұрған жарнамалар стилистикалық, грамматикалық, пунктуациялық қателерге толы. Мағынасыз аудармалар, әріптік қателер мен оңды-солды қойылған тыныс белгілері. Тіл мамандары көрнекі ақпараттардың сауатсыздығын айтып, дабыл қаққанымен, жарнамадағы қателер азаяр емес.**




Мамандар кезекті рет көрнекі ақпарат пен жарнама сауаттылығы мәселесін көтеріп келеді. Әсіресе, бұл тақырып жарнама саласындағы қазақ тілі нормасының сақталуы турасында өзекті. Мәселен, дүкен атауларында алдымен орыс тіліндегі нұсқасының жазылуы және екі сөздің бірігіп қалуы секілді өрескел қателіктер қалада жетіп артылады. Ал, бұған жарнама агенттігі қызметкерлерінің көзі үйренген бе, әйтеуір аса олқылықты байқамайтын секілді.

Әйтсе де, жарнама берушілер орфографиялық қателіктерге қоса осы заңнама талаптарын орындау кезінде де жиі-жиі қателіктерге ұрынады екен. Көбінесе жарнаманың жоғары бөлігіне орыс тіліндегі нұсқасы орналасады немесе қазақ тілінде мәлімет беруді мүлдем ұмытып кетеді. Осы орайда мамандар «бұрынғыдай емес қала жұртшылығы көшедегі қателіктерге деген наразылығын жиі білдіреді. Жарнамадағы қателікті көре сала әлеуметтік желіге салып, жұртшылықтың сынына, талқысына салады немесе жауапты органдардың сайтына салады. Бұл өз кезегінде көшедегі қателікке толы жарнамалардың азаюына ықпал етіп тұр» дейді. Әсіресе, дүкен сөрелеріндегі тауарлардың сыртындағы мәліметтерді орыс тіліндегі нұсқасы еш қатесіз жазылады да, мемлекеттік тіл нұсқасы қатеге толы болады. Бұл қазақ тілінің мәртебесіне де кері әсер етері сөзсіз. «Сондықтан жарнама берушілерге салынатын 100 мың теңге айыппұл аз» дейді қазақ тілінің жанашырлары. Расында да, қазақ тілінде жазылған көшедегі ию-қию қателіктерге толы, мағынасы түсініксіз жарнамаларға соңғы кездері көпшіліктің де көзі үйренісе бастаған еді. Кәсіпкерлерді тексеруге қатысты мораторийдің жариялануы қате жарнамалардың жазасыз қалуына, тіпті көбеюіне де себеп болған еді.

Жаңадан ашылған орталықтар мен кафе, дүкендер атауларының көпшілігі ҚР Тіл туралы заңының 21-бабына сәйкес келмейді. Тіптен халыққа қызмет көрсету орталықтарында да қателіктер кездеседі.

Қазақ тілінің төл әріптері көбіне ысырылып, шеттеп қалып жатады. Өйткені жастардың көбісі «оттик», «ухтап калдым» деп пернетақталарында лимит бардай жаза салады, сондықтан ол әдетке айналып кеткен. Көшеде осы іспеттес қателер кездессе, оған қате ретінде қарамайды. Мына жарнамадағы «ойткені», «кобейді» деп жазылуы да солай шығар.

Еліміздегі сансыз қателерді жөндеу үшін айыппұл мөлшерін көтеріп, жаңа акциялар мен өзгерістерді енгізу керек. Оған қоса, патриоттық сезімді ояту қажет. Бәлкім, сонда ғана ұлттық сананың деңгейі жоғарылап, тілімізге деген құрмет арта түседі.

**Ақгүл ОШАҒАНОВА,**
**«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы**

---

**Жезқазған қаласы білім бөлімінің ұйымдастыруымен № 3, №4, № 5, № 21, № 24 мектептерде ұйымдастырылған пәндік олимпиада он төрт пән бойынша өтті.**

# ОЗАТТАР ОЗҒАН КҮН



– Жезқазғандық шәкірттердің сапалы білім алуы үшін барынша жағдай жасалуда. Мен жезқазғандық жастардың әрдайым үздіктер қатарынан көрінеріне сенімдімін. Қалалық олимпиададан жоғары көрсеткіштер көрсетіп, облыстық және республикалық сындардан да сүрінбей өтулеріңізге тілектеспін, – деді Қабден Шыңғысов атындағы № 5 мектебіндегі олимпиаданың ашылу салтанатына қатысқан қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов.

9, 10, 11-сыныптар арасындағы жалпы 360 жезқазғандық жас білімпаз қатысқан білім додасында 176 оқушы гуманитарлық, 185 оқушы жаратылыстану бағытында бақ сынады. Олимпиадаға 19 мектептің жүзден жүйрік шыққан озат оқушылары қатысты. Екі турдан тұрған олипиаданың екінші кезеңіне 300 оқушы жолдама алып, жеңімпаздар анықталды. Олимпиада қорытындысы бойынша I орынға 31, II орынға 65, III орынға 86 оқушы ие болды. 27 оқушы 5-6 қаңтар аралығында Қарағанды қаласында өтетін облыстық олимпиадаға жолдама алды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суретті түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

---

# МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ СӨЗ БОЛДЫ

**Жезқазған қалалық сотында «Өз бетімен салынған құрылысқа құқықты тану» тақырыбында ұйымдастырылған семинар қалалық сот судьяларымен бірге сот қызметкерлерін, сонымен қатар, қалалық прокуратура мен қала әкімі аппараты, Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі, қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі мен сәулет және қала құрылысы бөлімі өкілдерін жинады.**



Семинар жергілікті атқарушы органдарға аталмыш сұрақтармен көмекке жүгінген қала тұрғындарына негізсіз іс-әрекет немесе әрекетсіздігін болдырмауды, мәселелерді соттан тыс шешу дұрыс шешудің ұтымды жолдарын нұсқауды мақсат тұтты.

Кездесу барысында баяндама жасаған судья Гүлсара Байгенжинов өзіне тиесілі емес жер учаскесінде құрылыс жүргізген тұлғалар меншік құқығын орнату үшін жасауы тиіс маңызды қадамдарды жіктеп берді. Және құрылыс салушы мен жер басқармаларының меншік иесі бір тұлғаға сәйкес келген жағдайда, дау соттан тыс тәртіпте қаралуға жататынын ескертті.

Сонымен қатар, Гүлсара Байгенжинова семинар қатысушыларының тұрғын үйге меншік құқығын тану мәселесіне қатысты сұрақтарына толыққанды жауап берді. Ертеректе рұқсатсыз жүзеге асырған және өз бетінше салынған объектілерді әкімшілік айыппұл төлеу арқылы заңдастыруға болатын болса, қазір қала тұрғындары мұндай нысандарды заңдастыра алмай, сот табалдырығын тоздырып жүр. Осы ретте сот қызметкерлері жергілікті атқарушы органдар осы тақырыпта тұрғындармен жиі кездесіп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға күш біріктіру қажеттігін айтты. Көкейде жүрген сұрақтарына нақты жауап алған семинар қатысушылары аталмыш ұсынысты қабылдап, жүзеге асыруға дайын екендерін жеткізді.

**Өз тілшіміз**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2019 жылғы 3 желтоқсан* *№ 40/355*

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 26 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ XXXI СЕССИЯСЫНЫҢ №31/284 «2019-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2019 жылғы 5 желтоқсанында нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5562 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы XXXI сессиясының №31/284 «2019-2021 жылдарға арналған Кеңгір ауылдық округінің бюджеті туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5118 тіркелген, 2019 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде, 2019 жылғы 11 қаңтардағы №01 (8115) «Сарыарқа» газетінде, 2019 жылғы 18 қаңтардағы №2 (258) «Жезказганский вестник» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. 2019-2021 жылдарға арналған Кеңгір ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 62834 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3982 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 42 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 58810 мың теңге;

2) шығындар – 62834мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге,

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.»;

аталған шешімнің 1, 4 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

**Сессия төрағасы Д. ТАЖИБАЕВ**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы XXXX сессиясының №40/355 шешіміне 1 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы XXXI сессиясының №31/284 шешіміне 1 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | I. Кірістер | 62834 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 3982 |
| | 01 | | Табыс салығы | 305 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 305 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 3677 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 58 |
| | | 3 | Жер салығы | 69 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 3550 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 42 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 42 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 42 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 58810 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 58810 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 58810 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II.Шығындар | 62834 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 31902 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 31902 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 31902 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 31383 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 519 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 27134 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 27134 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 27134 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 22491 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 4643 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 1398 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 1398 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1398 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1398 |
| 13 | | | | Басқалар | 2400 |
| | 9 | | | Басқалар | 2400 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2400 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді-мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 2400 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |

| Санат | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -0 |
| | | | | VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| | 1 | | | Қарыздарды өтеу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 0 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы XXXX сессиясының №40/355 шешіміне 2 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы XXXI сессиясының №31/284 шешіміне 4 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АҒЫМДАҒЫ НЫСАНАЛЫ ТРАНСФЕРТТЕР

| № р/с | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Ағымдағы нысаналы трансферттер, барлығы | |
| | оның ішінде: | |
| | Азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге | 12243 |
| | | 1153 |
| 2 | Теректі станциясының стихиялық қоқыс үйінділерін жоюға | 3326 |
| 3 | Кеңгір селосының көшелерін жарықтандыруға | 7764 |

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 05.12.2019 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5562 болып енгізілді***

***Результаты согласования***
***ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 03.12.2019 15:18:18, положительный результат проверки ЭЦП***
***ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 03.12.2019 15:21:55, положительный результат проверки ЭЦП***
***ГУ «Аппарат Жезказганского городского Маслихата» – депутат Даулет Мажитович Тажибаев, 03.12.2019 15:25:27, положительный результат проверки ЭЦП***
***Департамент юстиции Карагандинской области – и.о руководителя Департамента Канат Байбулатович Тажибаев, 04.12.2019 16:08:33, положительный результат проверки ЭЦП***

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



***Құрметті Еркебұлан Егінбайұлы!***

Сізді орда бұзар 30 жас туған күніңізбен құттықтай отырып, осы қуанышты күні деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын тілейміз. Ақ қанат армандарың биікке самғап, өмірдің көгінен орын ала берсін.

**Ізгі ниетпен: музей ұжымы**




***Құрметті жезқазғандықтар!***
***Сіздерге Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні орай өтетін мерекелік бағдарламаны ұсынамыз***

***13.12.2019 ж.***

***«Тәуелсіз Қазақстан. Тұрақтылық пен өркендеу жолында»*** интерактивті экскурсиясы

***сағ 11.00 Жезқазған тарихи-археологиялық музейі***

***«Тәуелсіздік – тұмарым, Мәңгілік ел – тұрағым»*** атты кітап көрмесі

**сағ.11.00 С. Сейфуллин атындағы кітапхана**

«AlgaBastar» қазақ ұлттық өнерін, салт-дәстүрін насихаттаушы өнер орталығында ашық есік күні

**сағ.11:00 Жезқазған қаласы Байқоңыров көшесі 116 Б**

***«Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы».*** ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиын

**сағ .15:00 Халықтар достығы мен мәдениет үйі**

***14.12.2019 ж.***

***«Қара орамал»*** спектаклі, авторы: Ғалым Жайлыбай, қоюшы режиссер: Т.Жанботаев

**сағ.18.30 С. Қожамқұлов атындағы сазды-музыкалық театр**

***14-15.12.2019 ж.***

Еркін күрестен 2006-2008 ж.т. жасөспірімдер және 2009-2011 ж.т. кіші жасөспірімдер арасында турнир

**Ашылуы: 14.12.2019 ж. сағ. 13:00. Жабылуы: 15.12.2019 ж. сағ. 12:00**

**«Ұлытау» спорт сарайы**

***16.12.2019 ж.***

***«Ескі үйдегі кездесу»*** спектаклі, Авторы: Дулат Исабеков, қоюшы режиссер: Е.Қауланов

**сағ. 18.30 С. Қожамқұлов атындағы музыкалық-драма театр**

***18.12.2019 ж.***

«Алаңым» жастар театрының ***«Сән әлемі»*** спектаклі Авторы мен режиссері: Мұханбет Алан

**18:00 сағ С. Қожамқұлов атындағы музыкалық-драма театр**

***22.12.2019 ж.***

Қуаттылығы 10 мВт күн электр станциясының ашылуы

**Кеңгір ауылы маңы**

## *Жезқазған шаһарының жылнамасы*

***2006 жыл***

Облыс әкімінің 2006 жылғы 21 ақпандағы өкімімен Мұса Тұрманұлы Танабаев Жезқазған қаласының әкімі болып тағайындалды.

18 маусым күні «Строймарт» құрылыс материалдары дүкендер жүйесінің ашылу салтанаты болды.

30 қыркүйекте Жезқазған қаласының шеткі ауданына жататын 91-орамда жаңадан бой көтерген №10 орта мектептің тұсау кесер рәсімі өтті. Жаңа үлгіде салынған үш қабатты мектептің құрылысын салуға республикалық бюджеттен 330 млн. теңге қаржы бөлінді.

25 қазанда Алаш алаңында Абылай ханға ескерткіш орнатылды.

Қаламызда оралмандарды әлеуметтік жағынан қорғау, оларға қолдау көрсету мақсатында «Оралмандарға қолдау көрсету жөніндегі кеңес» құрылды.

Халық банкі «Электрондық кезек» жүйесі бойынша қызмет көрсетуді бастады.

Қала әкімдігінің тапсыруымен «Арат» фирмасы «Мерей» базарының қасынан «Тұрсынай Ана» деп аталатын қала төңірегіндегі саяжай, жеке шаруашылықтардағы өндірілген өнімдерді сатуға арналған шағын базар ашып, пайдалануға берді.

№8 қазақ гимназиясында ұстаздарға ұстаз болған Нәписа Шенеуқызына арналған ескерткіш тақта ашылды.

Жүрек және қан тамырлары ауруларымен ауыратын ауруларға мамандандырылған көмек көрсететін «Жүрек» ЖШС ашылды.

Жезқазғанда республикалық ақындар айтысы өтті.

***2007 жыл***

20 наурызда Серке Қожамқұлов атындағы қазақ-музыкалы драма театрында «Ұлытау» фольклорлық ансамблінің 20 жылдығына арналған кеш-концерт өтті.

Сәуір айында Жезқазған қалалық мәслихатының XXXVI сессиясы қалалық ономастикалық комиссияның ұсынысы бойынша қаланың солтүстік-батыс ауданында жаңадан салынып жатқан жетінші шағын ауданның бір көшесіне қазақ-қалмақ арасындағы шайқастарға қатысқан Тілеулі батырдың есімін беру туралы шешім қабылдады.

Мамырда жезқазғандық ақын-жазушылардың, өнер адамдарының басын біріктіретін «Нұр-Құрыш» қоғамдық бірлестігі құрылды.

3-6 маусым аралығында Мәскеуде өткен балалар шығармашылығының «Ресей бірлігі» деп аталатын халықаралық конкурсында «Шашу» ансамблі Бас жүлдені жеңіп алды.

5 шілдеде «Қазақмыс» корпорациясы орта мектепті бітіріп, ұлттық бірыңғай тестілеуден кемі 80 балл жинаған түлектерге берілетін 50 білім грантын белгіледі.

5-6 қыркүйекте Елбасы Н.Назарбаев Қарағанды облысында жұмыс бабындағы іс сапарымен болып, Жезқазған, Сәтбаев қалаларын аралады. «Нұр Отан» ХДП қалалық өкілдігі ғимаратының ашылу салтанатына қатысты.

21 желтоқсандағы қаламыздың батыс бөлігіндегі жаңадан ашылған шағын ауданның атауы жоқ көшесіне Жезқазған қалалық әкімдігінің қаулысына және Жезқазған қалалық мәслихатының 21 желтоқсандағы шешіміне сәйкес Ер Шоштан есімі берілді.

Музейде Қазақстан Республикасындағы Ұлыбритания елшісі Пол Браммел болды.

Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығына сәйкес халыққа «бір терезе» жүйесі бойынша қызмет көрсету мақсатында Халыққа қызмет көрсету орталығы ашылды.

С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрында ел есінде қалған асыл бейнелер, кенді өлкенің мақтаныштары, аяулы ақын ана Нұрәсила Бәрменбаева, жыршы, термеші, айтыскер ақын Шынболат Ділдебаев, сазгер-әншілер Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Жақсыкелді Сейілов пен Есқожа Сартовты еске алуға арналған «Жезқазғанның сөнбес жұлдыздары» атты фестиваль-концерт болып өтті.

Байдарка мен каноэде есуші Аня Чебоксарова Ираннан үш алтын медальмен оралды.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**







# «ӨРЕСІ БИІК ӨНЕР ИЕСІ»

## *атты экспозициясы ашылды*

**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде Арқаның арда перзенті ақын Тайжан Қалмағамбетовтің 140 жылдығына арналған «Өресі биік өнер иесі» атты экспозицияның салтанатты ашылуы өтті.**

Тайжан ақынның өмірі мен шығармашылығын тереңірек зерттеп, оның өшпес мұраларын ұрпақ есінде мәңгі қалдыруды мақсат еткен экспозицияның ашылу салтанатында алғашқы сөз Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Бағдат Байжантаевқа берілді.

– Біз қашанда өнерімен өрге жүзіп, барының бағасын білген, өнерпазын құрмет тұтқан және кейінгіге үлгі ете білген халықпыз. Үкілі Ыбырайдың апасы Мейіз анадан туған, Ыбырайдың шәкірті Тайжан – барша тек Жезқазған-Ұлытау аймағының ғана емес, барша қазақ елінің мақтанышы. Ол тек ақындық, әншілігімен ғана емес, шебер домбырашы, сырнайшы, мойынын 180º-қа айналдырып, өнер көрсететін, дала циркін дамытқан қайталанбас тұлға, – деді өз сөзінде ол.

Одан әрі ақынның ұрпағы Камал Қалмағамбетова, Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Қанат Төлеш, ҚР Еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин, Нартай Бекежановтың мемориалдық өнер музейінің қор сақтаушысы Нұрдәулет Нақыпов экспозицияның лентасын қиды.

Шараның маңызды тұстарының бірі музейдің ғылыми қызметкері Эльвира Мухамедина жүргізген Тайжан Қалмағамбетов өмірінен сыр шертетін арнайы экспозиция қабырғасының таныстырылымы болды.

– Біз экспозицияға Тайжан ақынның өз суреті мен өзімен замандас болған халық ақындары Кенен Әзірбаев, Жамбыл Жабаев және халқымыздың өнерлі қыздары Күләш Байсейітова, Шара Жиенқұловалармен Мәскеуде түскен суреттерін орналастырдық. Ол 1934, 1936 жылғы Халық өнерпаздарының I, II слеттеріне қатысқан. Осы слеттерде ол Жамбыл ақынның көзіне түсіп, Мәскеудегі қазақ өнерінің онкүндігінің шымылдығын ашқан. Сондай-ақ, бұл жерге біз оны атуға шығарған үкімі және Қарсақбайдың түрмесінде жазылған соңғы өлеңі «Өтірік күйдім жалаға» әнін де экспозицияға орнатты, – деді ол өз таныстырылымында.

Шара одан әрі музейдің конференц-залында жалғасты. Жиын барысында Жезқазған телевизиясы мен радиосының ардагері, журналист Шамхан Рахметов, экспозиция материалдарын дайындауға жәрдем еткен Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің басшысы Дәметкен Орынбасарова, Қарсақбайдан келген өлкетанушы Тоңболат Мұқанұлы, ҚР еңбек сіңірген әртісі



Береке Көшенов, ақынның ұрпақтары Камал, Күнтуған Қалмағамбетовалар сөз сөйлеп, сырлы әңгімелері және ыстық естеліктерімен бөлісті.

Шара соңында Тайжан мен шәкірті Нартайды бөле қарастыруға болмайды деген Нұрдәулет Нақыпов ақынның шәкірті Нартай Бекежановтың сырнайын музей қорына табыстап, Қызылорда өңірінде Тайжан Қалмағамбетов атындағы көшенің ашылуына атсалысатындығн, сондай-ақ, мысты шаһар төрінде де бір көшеге Нартай Бекежановтың есімі берілсе деген ниетін білдірді.

Сонымен қатар, ақынның он екі әнін тауып, зерттеп, қайта тірілкен жезтаңдай әнші Ғалым Мұхамедин «Жомарт Тайжан» және «Шалқыма» әндерін, Ж.Елебеков атындағы республикалық байқаудың бас жүлдегері, әнші Ардақ Мұқышев «Нартай» әнін шырқап, Тайжан әндерін сағынған жұртшылықтың ыстық қошеметіне бөленді. Ал, музей басшысы Раушан Қапарова қонақтарға Алғыс хаттар табыстап, алдағы уақыттарда да музей ұжымы Тайжан ақынның мұраларын кеңінен зерттеп, жастарға насихаттай беретіндігін жеткізді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суретті түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# БИЛЬЯРД ТУРНИРІ

## *еңбек ардагеріне арналды*



**«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-не қарасты Ғазиз Омаров атындағы шахтапроходкалау тресінің ұйымдастыруымен еңбек ардагері, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, СССР түсті металлургиясының үздігі Асқар Махановтың құрметіне бильярдтан турнир өтті.**

Асқар Маханов саналы ғұмырында адал еңбектің арқасында ел құрметіне бөленген. Ол – республикамызға аты кеңінен мәлім тау-кен өндірісінің қайраткері. Ұзақ жылдар Жезқазған шахтапроходкалау тресінде абыройлы басшылық қызметтер атқарған. Өте жігерлі және еңбекқор, қарапайым болған. Кәсіби маман әрі білікті басшы Асқар аға талай жоғары марапаттарға қол жеткізген. Солардың қатарында Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік жарыстардың жеңімпазы және Бесжылдық екпіндісі сияқты басқа да марапаттар бар. Сондай-ақ, Қазақстан еңбек озаттарының «Құрметті алтын кітабына» есімі енген. Осындай тау тұлғалы азаматтың құрметіне Жезқазған шахтапроходка тресі тұңғыш рет бильярдтан ұжым арасында турнир ұйымдастырды. Аталған сайыс өте тартысты әрі қызықты өтті. Шараның мақсаты – ұжым еңбеккерлерінің ара-қатынасын әрі достығын нығайтып, еңбекке адал болуға, Асқар ағаның өнегелі еңбек жолын насихаттай отырып, басқаларға үлгі ету.

Турнирге қатысушылар мен марқұм Асқар Махановтың зайыбы Бақжамал апайды Ғазиз Омаров атындағы Жезқазған шахтапроходкалау тресінің директоры Қайрат Керімқұлов құттықтап, ізгі лебізін жеткізді. Өз кезегінде кен өндіру, металлургия өнеркәсібіні және аралас өндіріс еңбеккерлерінің «Кәсіп Қорған» салалық кәсіп одағы төрағасы Тоғызбай Тәжбенов, шахтапроходка тресі ардагерлері кеңесінің төрағасы Дәулет Айқынбаев Асқар Шотықбайұлы жайлы естеліктер айтып, ол кісінің азаматтық тұлғасын аша түсті. Дәл осы күнге Бақжамал анамыздың мерейлі 70 жасы тура келгендіктен мерейтой иесіне сый-құрмет көрсетілді. Осыдан кейін жоғарыда аталған өндіріс ошағының қызметкерлері бильярдтан сайысты бастап кетті. Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар арнайы диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Ізтөлеу ТҮСІПОВ**

## СПОРТ



# БЕЛБЕУ БӘСЕКЕСІ

**Жапон тілінен аударғанда «қарусыз қолмен» деген мағынаны білдіретін каратэ спорты – қол және аяқпен қарсылас денесінің неғұрлым осал тұсына соққы беруге негізделген қарусыз қорғанатын спорт түрі. Қытайдың кунг-фу спортымен қатар дамыған бұл спорт түрінде шапшаңдық, ептілік, мығым күш басты назарға алынады. 2020 жылдан бастап олимпиада ойындарына қосылғалы жатқан спорттың бұл түрімен айналысатын қазақ жастарының да жылдан-жылға саны артып келеді.**

Каратэ спортында спортшының біліктілігі мен шеберлігін көрсететін басты белгі – спорттық белбеуі. Бала каратэмен алғаш айналыса бастағанда ақ белбеумен келеді. Ақ белбеу – бала жан дүниесінің ақ қардай аппақ тазалығын білдіреді. Балалардың спорттық дәрежесі өскен сайын белбеулер жасыл, қызыл және қара түстерге ауысып отырады. Бір қызығы бұл белбеулерді жууға болмайды деген сенім бар екен.

Мысты шаһар төріндегі «Ұлытау» спорт кешеніне облысымыздың жас каратэ спортшылары жиналды. Киокушинкай-каратэ ұйымының қатысушылары әр деңгейдегі спорт белбеуін иелену үшін арнайы аттестациялық сынақ тапсырды. Жас каратэшілерден сынақты Қазақстан Бүкілқазақстандық киокушинкай-каратэ қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Тимур Райымбеков бастаған бапкерлер алды. Облыс бойынша 150-ден астам жас каратэші қатысқан аттестацияның қорытындысы бір айдан соң шығып, арнайы сертификаттар берілетін болады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# БАЛАЛАР ШАТТЫҚҚА БӨЛЕНДІ



**Қашан да батылдықтың үлгісі болған тәртіп сақшылары сауапты істерден де кенде емес. Жезқазған қаласында өткен офицер балына қатысуға ағылған әр аймақтың полиция қызметкерлері Мәруа Құлышева атындағы балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің амандығын сұрай барды.**

Жезқазған полиция басқармасы басшысының орынбасары Исатай Көшжанов бастаған топ ұлдардың сұрауы бойынша шаңсорғыш сыйлады. Және балалардың көңілін аулап, арнайы әкелген тәттілерін ұсынды. Өздерін елей келген меймандарға риза болысқан балалар өнерлерін ортаға салып, ән мен биден шашу шашты. Және балалар үйінің негізін қалаушы Мәруа Құлышеваның өмірі мен еңбек жолынан сыр шертетін, құнды жәдігерлер сақтаулы мұражаймен таныстырды. Одан кейін тәртіп сақшылары тәрбиеленушілермен емін-жарқын әңгіме-дүкен құрды. Елдің тыныштығы мен тұрғындардың қауіпсіздігін қорғайтын мамандық иелеріне балалар «қызықты оқиғалармен бөліссеңіздер», «мамандыққа қалай келдіңіз», «жұмыс бабында қандай қатерге тап болдыңыз» деген сауалдарын жолдады. Тәрбиеленушілердің арасында қызығы мен шыжығы қатар жүретін полиция қызметкері болуды армандайтындар бары анық байқалды. Олардың көздері бал-бұл жанып, тәртіп сақшысының бойынан қандай қасиеттер табылуы керектігін жарыса сұрап жатты.

Бір сағатқа болса да балалардың көңіл-күйін көтеріп, түсіңкі еңсесін тіктеген тәртіп сақшылары ата-ана мейірімінен қағылған ел болашағына қолдау таныту әр азаматтың парызы екенін тілге тиек етіп, құқық қорғау органына енді ғана қабылданған жастар халқымыздың «жетім көрсең жебей жүр» деген нақылын ұранға айналдырса деп тілектестік білдірді.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**